

«Раббың кім?» сұрағына «әл-Ихлас» сүресіндегі жауап

Орыс тіліндегі нұсқасы
Зайнуллин Р.Ф. редакциялық
басшылығымен әзірлеген

Қазақ тіліне аударған
шейх Хайсам Сархан басшылығындағы
«Сунна» колледжі
1447/20025 ж.





Аса Мейірімді, ерекше Рахымды Аллаһтың атымен!

I. Қабірде қойылатын сұрақтар

Расында, бүкіл мақтау толығымен біз Оны ғана мақтап-мадақтайтын және Одан ғана көмек пен кешірім сұрайтын Аллаһқа ғана тән. Біз Аллаһтан өз нәпсілеріміздің жамандығынан және күнәлі істеріміздің кесірінен пана тілейміз. Кімді Аллаһ тура жолмен жүргізсе, оны ешкім адастыра алмайды, ал Ол тастап қойған адамды ешкім тура жолға сала алмайды. Біз Жалғыз Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты Құдай жоқ екендігіне және де Мухаммад — Аллаһтың құлы әрі елшісі екендігіне куәлік етеміз.

Әрбір адам бүкіл жаратылыстың соңы бар екендігін біледі. Барлық жаратылыстар өледі.

Аллаһ Тағала бізді жаратты және Өзінің жаратылыстарын жәй ғана (бос) тастап қоймады. Ол Қасиетті Құранда былай деген:

﴿أَفَحَسِبْتُمْ أَنَّمَا خَلَقْنَاكُمْ عَبَثًا وَأَنَّكُمْ إِلَيْنَا لَا تُرْجَعُونَ ﴿١١٥﴾ فَتَعَالَى اللَّهُ الْمَلِكُ الْحَقُّ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ رَبُّ الْعَرْشِ الْكَرِيمِ ﴿١١٦﴾﴾

«Біз сендерді босқа жараттық деп және Бізге қайтарылмаймыз деп ойлайсыңдар ма? Шынайы патша Аллаһ — Аса Жоғары. Одан басқа құлшылыққа лайықты хақ Құдай жоқ. Ол — ардақты Аршының Раббысы» («әл-Муьминун» сүресі, 115-116-аяттар).

Сондай-ақ Аллаһ Тағала былай деген:

﴿أَمْ حَسِبَ الَّذِينَ اجْتَرَحُوا السَّيِّئَاتِ أَنْ نَجْعَلَهُمْ كَالَّذِينَ ءَامَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ سَوَاءً فَأَحْيَاهُمْ وَمَمَاتُهُمْ سَاءَ مَا يَحْكُمُونَ﴾ (١)

«Сонда жамандық (күпірлік пен күнә) жасағандар өздерін (Аллаһқа) иман келтіріп, ізгі іс істегендермен (Оған мойынсұнғандармен осы дүниеде) өмір сүргенде де, өлгенде де (Ақыретте) тең етеміз деп ойлайды ма? Олардың үкім етулері нендей жаман» («әл-Жасия» сүресі, 21-аят).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَا خَلَقْنَا السَّمَاءَ وَالْأَرْضَ وَمَا بَيْنَهُمَا بَطْلًا ذَٰلِكَ ظَنُّ الَّذِينَ كَفَرُوا فَوَيْلٌ لِلَّذِينَ كَفَرُوا مِنَ النَّارِ﴾ (٢٧) ﴿أَمْ نَجْعَلُ الَّذِينَ ءَامَنُوا وَعَمِلُوا الصَّالِحَاتِ كَالْمُفْسِدِينَ فِي الْأَرْضِ أَمْ نَجْعَلُ الْمُتَّقِينَ كَالْفُجَّارِ﴾ (٢٨)

«Біз көк пен жерді әрі олардың арасындағыларды босқа жаратпадық. Ол кәпірлерлің пайымы. Күпірлік еткендерге Оттан үлкен өкініш болсын! Сонда Біз иман келтіріп, ізгі іс істегендерді жер бетінде бұзықшылық жасайтындармен немесе тақуаларды күнәхарлармен тең қыламыз ба?» («Сод» сүресі, 27–28-аяттар).

Әл-Бара ибн Азиб (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: «Бірде біз *Пайғамбармен бірге* (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) *Мәдинадағы бір мұсылманды жерлеуге шықтық. Біз қабір басына барғанда, ол әлі қазылып жатқан еді. Аллаһтың Елшісі* (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) *Қағба жаққа қарап отырды, ал біз оның айналасына отырып, қимылдауға да қорықтық. Оның қолында бір бұтақ болды, ол сонымен жерді қазып отырды. Кейін ол кенет аспанға қарады, содан соң қайтадан жерге қарады. Ол осылай үш рет көз жүгіртін: «Қабір азабынан Аллаһтан пана тілеңдер!»* — деп екі не үш рет қайталады. Кейін *Пайғамбарымыз* (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сөзін былай деп

жалғастырды: «Мүмин пенде бұл дүниемен қоштасып, Ақырет өмірінің есігінің алдында тұрған кезде, оған көктен жүздері күндей нұрлы періштелер түседі. Олар өздерімен Жәннаттан болған кебін мен жұпар иіс алып келіп, адамның жанына отырады. Кейін оған Өлім періштесі (оған Аллаһтың сәлемі болсын) келіп, оның бас жағына отырады да: “Уа тынышталған жан! Аллаһтың кешірімі мен ризашылығына қарай шық!” — деп айтады. Сол кезде мүминнің жаны, ыдыстың басынан аққан тамшыдай, жеңіл шығады. Сонда көк пен жердің арасындағы және көктегі періштелер ол жанға дұға жасап, оған салауат айтады. Оған көктегі барлық қақпалар ашылады, ал әрбір қақпаның күзетшілері бұл жан сол есіктер арқылы көкке көтерілсе екен деп тілейді. Сол сәтте Өлім періштесі жанды алады, және көзді ашып-жұмғанша, басқа періштелер оны қабылдап алып, Жәннаттың жұпар иісі болған кебінге орайды.

Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَهُوَ الْقَاهِرُ فَوْقَ عِبَادِهِ وَيُرْسِلُ عَلَيْكُمْ حَفَظَةً حَتَّىٰ إِذَا جَاءَ أَحَدُكُمُ الْمَوْتُ تَوَفَّتْهُ رُسُلُنَا وَهُمْ لَا يُفَرِّطُونَ﴾ (٦١)

«Және Ол Өктем әрі құлдарының үстінде. Сендерге қорышылар (періштелер) жібереді. Біреулеріңе өлім келген сәтте, періштелеріміз оның жанын алады әрі (өздеріне әмір етілгенде) еш кемістік жасамайды» («әл-Әнғам» сүресі, 61-аят).

Осыдан кейін ол жан жер бетіндегі ең хош иісті мускустың иісіндей жұпар иіспен аңқып тұрады. Содан соң періштелер бұл жанды көкке көтереді. Олар көктегі періштелер тобының жанынан өткен кезде, олар: «Бұл көркем жан кімдікі?», — деп сұрайды. Оларға: «Бұл пәленнің ұлы пәленнің жаны!» — деп жауап беріледі. Олар (періштелер) бұл мүмин пендені дүние өмірінде аталып жүрген ең көркем есімдерімен атайды. Сөйтіп олар бірінші көкке жеткенде, оның есіктерін ашуды сұрайды, әрі есіктер ашылады. Әр көктің періштелері ол жанды келе-

сі көкке дейін шығарып салады, осылайша ол жетінші көкке дейін көтерілгенше жалғасады. Сонда Ұлы әрі аса Құдіретті (Аллаһ): «Құлым жайлы хабарды Жәннаттың жоғарғы жағы — Ғиллийунға жазыңдар!» — деп айтады».

Кейін Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына аяттарды оқыды:

﴿وَمَا أَدْرَاكَ مَا عِلِّيُّونَ ﴿١٩﴾ كَتَبَ مَرْقُومٌ ﴿٢٠﴾ يَشْهَدُهُ الْمُقَرَّبُونَ ﴿٢١﴾﴾

«Жоғарғы орынның (Ғиллийунның) не екенін қайдан білесің? Ол жазулы бір кітап. Оны Аллаһқа жақын періштелер бақылайды» (әл-Мутаффифин сүресі, 19–21-аяттар).

Кейін Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сөзін жалғастырып, былай деген: *«Періштелер мұмин адам жайлы хабарды «Ғиллийунға» жазады. Кейін оларға: «Оны жерге қайтарыңдар, өйткені Мен оларды жерден жараттым, сол жерге қайтарамын және қайтадан сол жерден шығарамын деп уәде еттім», — деп бұйырады. Періштелер мұминнің жанын денесіне, ол (қабірінің басынан) қайтып бара жатқан адамдардың қадамдарының дыбыстарын еститіндей етіп, қайтарады. Сол кезде оған екі періште келіп, оны қатал түрде оятып, оған: «Раббың кім?», — деп сұрақ қояды. Ол: «Менің Раббым — Аллаһ», — деп жауап береді. Періштелер одан: «Дінің не?», — деп сұрайды, ол: «Дінім — Ислам», — деп жауап береді. Олар: «Сендерге қандай адам жіберілген еді?», — деп сұрайды. Адам: «Бұл Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) болған», — деп жауап береді. Періштелер: «Сен қандай амалдар жасадың? (немесе: «Қалай өмір сүрдің?»)», — деп сұрайды. Ол: «Мен Аллаһтың Кітабын оқыдым, оған иман келтірдім және осыда шын ықыласты едім», — деп жауап береді».*

Періштелер адамнан: «Раббың кім?», «Дінің не?», «Пайғамбарың кім?», — деп сұрайды. Бұл мұмин адамның басына ке-

летін ең соңғы сынақ. Бұл жөнінде Ұлы және Құдіретті Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يُثَبِّتُ اللَّهُ الَّذِينَ ءَامَنُوا بِالْقَوْلِ الثَّابِتِ فِي الْحَيَاةِ الدُّنْيَا وَفِي الْآخِرَةِ﴾

«Аллаһ сондай иман келтіргендерді, дүние тіршілігінде де, Ақыретте де мықты сөзбен мығым етеді» («Ибраһим» сүресі, 27-аят).

«Осы арқылы мұмин пенде оның Раббысы — Аллаһ, діні — Ислам және пайғамбары — Мухаммад екендігі жайлы жауап береді.

Сонда көктен: «Менің құлым шындықты айтты. Ол үшін Жәннаттың көркемділіктерін жайыңдар, оған Жәннат киімдерін кигізіңдер және ол үшін Жәннат есіктерін ашыңдар», — деген дауыс естіледі. *Оған Жәннаттан болған игіліктер мен хош иістер алып келінеді, ал оның қабірі көзі жететін жерге дейін кеңейтіледі. Сонда оның алдында сыртқы келбеті көркем, үстінен әдемі, жұпар иіс шыққан адам пайда болып, оған: «Мен саған сені бақытты қылатын хабар айтамын. Аллаһтың разылығы мен мәңгілік игіліктер бар Жәннат бақтарына қуан. Бұл күн саған уәде етілген еді», — деп айтады. Сонда мұмин: «Аллаһ сені игілікке бөлесін, сен кімсің? Сенің жүзіңнен жақсылық келіп тұр, сен кімсің?», — деп сұрақ қояды. Адам: «Мен сенің ізгі амалдарыңмын. Аллаһпен ант етемін, мен әрдайым сенің Аллаһқа бағынуға асығып, Оған мойынсынбаудан аулақ болғаныңды көргенмін. Міне, Аллаһ саған жақсылықпен қайтарды», — деп жауап береді.*

Кейін мұмин адам үшін Жәннат есіктері мен Тозақ есіктері ашылады. Оған: «Егер сен Аллаһқа бағынбасаң, сенің орның осы (Тозақ) болатын еді, алайда Аллаһ Тағала саған оны мынамен (Жәннатпен) ауыстырды», — деп айтылады. Мұмин адам Жәннатта не бар екендігін көргенде, ол: «Раббым! Мен отбасыма оралып, қайтадан байлығыма қол жеткізуім үшін Қиямет сағатын жақындата гөр», — деп

айтады. Сонда оған: «Тыныштықта бол», — деп жауап беріледі.

Кәпір (хадистің басқа риуаятында: «күнәһар») пенде дүние өмірімен қоштасып, Ақырет өмірінің табалдырығында тұрған сәтінде, көктен түрлері қатал, қара періштелер түседі. Олар өздерімен Тозақтан болған кенеп алып келіп, оның қасына отырады. Кейін оған өлім періштесі келіп, бас жағынан отырады да: «Уа қайырсыз жан! Аллаһтың ашуы мен қаһарына қарай шық!», — деп айтады. Сол сәтте кәпірдің жаны бүкіл денесіне тарап, өлім періштесі оны тамырлары мен жүйке талшықтарын үзіп, ілмекті суланған жүннен шығарғандай зорлықпен жұлып алады. Көктер мен жердің арасындағы және көктегі періштелер оны лағынеттейтін болады. Аспанның есіктері ол үшін жабық болады, ал көктегі қапқалардың күзетшілері Аллаһтан бұл жанның олардың қасынан өтпеуін сұрайды. Қақпалар жабылады, ал көк қақпаларының күзетшілері: «Уа Аллаһ! Бұл жан біздің жанымыздан өтпесін!» — деп жалбарынады. Өлім періштесі ол жанды алады, кейін көз ілеспес сәтте періштелер оны Тозақтан болған кенепке орайды. Кәпірдің жаны жер бетіндегі ең жаман иістерді шығара бастайды. Содан соң періштелер оны көкке көтеріп алып кетеді. Олар періштелер тобының үстінен өткен кезде, олар: «Бұл жаман жан кімдікі?», — деп сұрайды. Оларға: «Пәленнің ұлы пәленнің», — деп жауап беріледі. Олар адамды ол жер бетінде аталған ең жаман аттармен атайды. Ол бірінші көкке көтіріліп, қақпаларды ашуды сұрайды, алайда олар ашылмайды».

Кейін Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Құран Кәрімдегі мына аятты оқыды:

﴿إِنَّ الَّذِينَ كَذَّبُوا بِآيَاتِنَا وَاسْتَكْبَرُوا عَنْهَا لَا تُفَتَّحُ لَهُمْ أَبْوَابُ السَّمَاءِ وَلَا يَدْخُلُونَ الْجَنَّةَ حَتَّى يَلِجَ الْجَمَلُ فِي سَمِّ الْخِيَاطِ وَكَذَلِكَ نَجْزِي الْمُجْرِمِينَ﴾

«Күдіксіз аяттарымызды жасынға айналдырып, одан өздерін жоғары көргендерге көктің есіктері ашылмайды. Және олар түйе иненің көзінен өткенге дейін Жәннатқа кірмейді. Күнәһарларды өстіп жазалаймыз» («әл-Әғраф» сүресі, 40-аят).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сөзін былай деп жалғастырды: *«Сонда аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ Тағала: «Ол жайлы хабарды төмен жердегі Сижжинге жазыңдар», — деп айтады. Кейін періштелерге: «Оны жерге қайтарыңдар, өйткені Мен оларды жерден жараттым, сол жерге қайтарамын және қайтадан сол жерден шығарамын деп уәде еттім», — деп бұйырады. Періштелер бұл адамның жанын жерге лақтырып жібереді және ол өзінің денесіне түседі».* Бұл жерде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мына Құран аятын оқыды:

﴿وَمَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَكَأَنَّمَا خَرَّ مِنَ السَّمَاءِ فَتَخْطَفُهُ الطَّيْرُ أَوْ تَهْوِي بِهِ الرِّيحُ فِي مَكَانٍ سَحِيقٍ﴾

«Аллаһқа серік қосқан адам — көктен түсіп, оны құс іліп әкететін немесе оны ұзаққа жел ұшырып кеткен нәрсе сияқты» («әл-Хәжж» сүресі, 31-аят).

Кейін Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сөзін былай жалғастырды: *«Оның жаны денеге оралып, кетіп бара жатқан адамдардың қадамдарын еститіндей болады. Кейін оған екі періште келіп, оны қатал түрде оятады. Олар отырып, адамнан: «Раббың кім?», — деп сұрайды. Ол абдырап: «Мен білмеймін...», —*

дейді. Періштелер: «Дінің не?», — деп сұрайды. Олабдырап: «Мен білмеймін...», — дейді. Періштелер: «Сендерге жіберілген адам жайлы не білесің?», — деп сұрайды. Алайда кәпір адам оның атын атай алмайды, сонда періштелер: «Бұл Мухаммад!», — деп айтады. Кәпір адам: «Мен білмеймін. Мен тек адамдардың осылай айтқандарын естігенмін», — деп айтады. Періштелер: «Сен білмедің және оған ермедің», — деп айтады. Сонда көктен «Ол өтірік айтады! Ол үшін оттан болған төсек дайындаңдар және ол үшін Тозақ қақпаларын ашыңдар!» деген дауыс естіледі.

Оған Тозақтың ыстығы мен Самум атты жалынды жел жетіп, оның қабірінің тарылғандағы соншалық, қабырғалары бір-бірімен айқасып кетеді. Сол сәтте оның алдына түрі жиренішті, киімі жиіркенішті, үстінен сасыған иіс шығатын бір адам келеді де: «Мен саған қайғылы хабар жеткіземін. Бұл күн саған уәде етілген болатын», — деп айтады. Кәпір адам: «Аллаһ жамандықты саған қайтарсын! Сен кімсің?! Сен кімсің?! Өттең, түрің қайғы әкеліп тұр», — деп үрейленіп, сұрақ қояды. Әлгі адам: «Мен сенің жаман амалдарыңмын. Аллаһпен ант етем, мен сені әрдайым Аллаһқа бойсұнуға салғырт қарап, Оның әмірлеріне қарсы шығуға асығып жүргеніңді көріп жүрдім. Міне, Аллаһ саған жазанды берді», — деп жауап береді.

Содан кейін оған соқыр, керең, мылқау, қолында балға ұстаған жазалаушы жіберіледі. Егер ол сол балғамен тауды ұрса, тау шаң-тозаңға айналар еді. Ол сол балғамен кәпірді ұрғанда, ол тозаңға айналады. Аллаһ оны бұрынғы қалпында қайта жаратады. Сонда жазалаушы оны тағы да ұрады және оның айқайын адамдар мен жындардан басқа барлық жаратылыстар естиді.

Сосын кәпір үшін Тозақтың есіктері ашылып, оған оттан төсек төселеді. Сонда ол: «Уа Раббым! Қиямет Сағатын орнатпа!» — деп айқай салады». Хадисті имам Ахмад 4/284, Абу

Дауд 2/281, ән-Нәсаи 1/282, Ибн Мәжаһ 1/496, әл-Хаким 1/37, әт-Тоялиси 753 жеткізген.

Барлығы үш сұрақтан басталады. Бірінші сұрақ: **«Раббың кім?»**. Бүгінгі күні көптеген адамдар өлгеннен кейін бұл сұраққа оңайлықпен: «Аллаһ», — деп жауап бере саламыз деп ойлайды, өйткені олар Аллаһқа сенеміз дейді. Мен ондай адамдарға: «Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өтірік айтты ма?» — деп сұрақ қоямын. Сіздер: «Жоқ», — деп жауап бересіздер. Жер бетінде барлық адамзат біздің Раббымыз — Ұлы Аллаһ деп мойындайды. Бірақ олардың бір тобы Оның ұлдары бар дейді, басқалары — қыздары бар дейді, ал үшіншілері Оған серік қосады. Жер бетінде Жаратушы Аллаһқа мүлде сенбейтін адамдар аз — тек атеистер ғана. Алайда атеистердің өздері де Аллаһ Тағаланың бар екенін іштей мойындайды, бірақ Оны басқа атаулармен атайды.

Мұның бәрінен түсінетініміз — әрбір адамға, әсіресе мұсылманға, Раббымыз кім екенін білу міндет.

АЛҒАН БІЛІМІҢІЗДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Қабірдегі екі періште қандай сұрақтар қояды?

- ☐ Раббың кім? Дінің не? Сендерге жіберілген адам кім?
- ☐ Раббың кім? Дінің не? Мазһабын қандай?
- ☐ Дінің не? Сендерге жіберілген адам кім? Мазһабын қандай?

2. Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Мәдина мұсылмандарының бірінің қабірінің жанында отырып не деді?

- ☐ Аллаһтан әділетсіздіктен (немесе зұлымдықтан) пана тілеңдер!
- ☐ Аллаһтан шайтанның айласынан пана тілеңдер!
- ☐ Аллаһтан қабір азабынан пана тілеңдер!

3. Мүмин адам дүние өмірінде тап болатын соңғы фитна (сынақ) қандай?

- ☐ Әйелдер фитнасы;
- ☐ Ақша фитнасы;
- ☐ Қабірдегі періштелердің үш сұрағы.

4. Мүмин пенде дүниеден озғаннан кейін, көктен өздерімен Жаннаттың кебіні мен жұпар иісін алып келген періштелер түскен соң, Өлім періштесі не дейді?

- ☐ Уа тынышталған жан! Аллаһтың кешірімі мен разылығына қарай шық!
- ☐ Уа пасық жан! Аллаһтың ашуы мен қаһарына қарай шық!
- ☐ Бұл кімнің көркем жаны?

5. Қабірде әдемі жүзді, әдемі киім киген, үстінен жағымды иіс шыққан ер адам кім?

- ☐ Ер адам кейпіндегі періште;
- ☐ Адамның ізгі амалдары;
- ☐ Ер адам кейпіндегі жындар.

II. Таухид және оның артықшылығы

Біздің Раббымыз кім екенін қайдан біле аламыз?

Бұл — «әт-Таухид» (бірқұдайшылық) ілімінде үйретілетін мәселе. Ибн Аббастан (Аллаһ оған және әкесіне разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Муғазды Йеменге жібергенде, оған былай дегені жеткізіледі: *«Расында, сен Кітап Иелерінен болған елге бара жатырсың, ендеше оларды ең бірінші шақыратын нәрсең — «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір Құдай жоқ» куәлігі болсын»*. Муслим, 19.

Христиандар мен яһудилер Құдайдың бар екендігін білмеді ме? Әрине, білді. Соған қарамастан, Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Оларды ең бірінші шақыратын нәрсең — «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір Құдай жоқ» куәлігі болсын»*. Ал Муғаз (Аллаһ оған разы болсын) оларды бұған қалай шақыруы керек еді? Муғаз үшін де, біз үшін де үлгі — Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын). Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ﴾

«Расында сендер үшін Аллаһтың Елшісінде көркем өнегелер бар» («әл-Әхзаб» сүресі, 21-аят).

Енді мұны түсінген соң, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір Құдай жоқ деген куәлікке қалай шақырғанына назар аударайық. Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қырық жасында пайғамбар болды. Аллаһ

Тағала өз Пайғамбарын не нәрсемен жібергенін баяндап, былай деген:

﴿وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَّسُولًا أَنِ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ﴾

«Расында, әр үмметке: "Аллаһқа құлшылық қылыңдар және тағуттан аулақ болыңдар", — дейтін елші жібердік»

(«ән-Нәхл» сүресі, 36-аят).

Мұсылмандар үшін намаз, ораза, зекет және қажылық қай кезде парыз болып бекітілді?

Пайғамбарлық басталғаннан кейін он жыл өткен соң, Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жасы елуге толғанда, Аллаһ Тағала Мухаммадты (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жетінші көкке көтеруді қалады. Бұл оқиға «әл-Исра уә әл-Миғраж» деп аталады. Бұл жайында Құранда «әл-Исра» сүресі бар.

Бір күні Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) әлі Меккеде жүргенде, Аллаһ Тағала Жәбірейіл періште арқылы оған Бурақ атты жылқы тәрізді жануарды жіберді. Бұл жануар оны әл-Кудсқа (Иерусалимге) апарды, сол жерден Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жетінші көкке көтерілді. Сол кезде Аллаһ Тағала Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үмметіне намазды парыз етті.

Намаз үмметімізге Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбар болғаннан кейін он жыл өткен соң парыз етілді.

Ораза һижрадан кейінгі екінші жылы, яғни Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Меккеден Мәдинаға қоныс аударғаннан екі жыл өткен соң парыз етілді. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿يَا أَيُّهَا الَّذِينَ ءَامَنُوا كُتِبَ عَلَيْكُمُ الصِّيَامُ كَمَا كُتِبَ عَلَى الَّذِينَ مِن قَبْلِكُمْ لَعَلَّكُمْ تَتَّقُونَ﴾

«Әй иман келтіргендер! Сендерге де, сендерден бұрынғыларға парыз етілгендей, ораза парыз етілді. Әрине тақуа боларсыңдар» (әл-Бақара сүресі, 183-аят).

Зекет те осы кезеңде немесе осыдан кейін бірден парыз етілді.

Қажылық Һижраның тоғызыншы жылында парыз етілді. Аллаһ Тағала қажылыққа шамасы жеткендерге оны орындауды міндеттеді.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағала бұл үмметке намаз, ораза, зекет пен қажылық парыз етілмей тұрып не істеген еді?

Осы уақыттың бәрінде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) адамдарды таухидке, яғни жалғыз Аллаһқа құлшылық етуге шақырды. Ол он жыл бойы адамдарға таухидтің не екендігін және соған сәйкес қалай өмір сүру керектігін түсіндірді. Тек осыдан кейін, адамдар оны ұғып, жүректерімен қабылдаған соң, Аллаһ Тағала оларға намазды, оразаны, зекетті және қажылықты парыз етті. Міне, осыда біз үшін көркем үлгі-өнеге бар — біз де Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бастаған нәрседен бастауымыз керек.

Біз шақыруды неден бастауымыз керек?

Біз дағуатымызды, яғни дінге шақыруымызды Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бастағандай «таухидтен», яғни бірқұдайшылықтан бастауымыз керек. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لَقَدْ كَانَ لَكُمْ فِي رَسُولِ اللَّهِ أُسْوَةٌ حَسَنَةٌ لِّمَن كَانَ يَرْجُوا اللَّهَ وَالْيَوْمَ
الْآخِرَ وَذَكَرَ اللَّهَ كَثِيرًا ۝﴾

«Расында сендер үшін, яғни Аллаһты және Ақырет күнін үміт еткендер және Аллаһты көп еске алған кісілер үшін, Аллаһтың Елшісінде көркем өнегелер бар» («әл-Әхзаб» сүресі, 21-аят).

Адамдарға ең алдымен Аллаһ Тағаланы танытудан бастаңыздар. Адамдарға ең бірінші кезекте олардың Аллаһ алдындағы міндеттерін, яғни Аллаһтың өз құлдарындағы қақыларын түсіндіру керек.

Таухидті (бірқұдайшылықты) үйренудің артықшылықтары қандай?

1) *Жәннатқа кіру.*

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّهُ مَن يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ حَرَّمَ اللَّهُ عَلَيْهِ الْجَنَّةَ وَمَأْوَاهُ النَّارُ ۖ﴾

«Өйткені, кім Аллаһқа серік қосса, онда, расында, Аллаһ оған Жәннатты харам етеді әрі оның қайтар орны Тозақ Оты» («әл-Мәйда» сүресі, 72-аят).

Абу Хурайра (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оған былай дегенін жеткізген: «*Бар да, жүрегінде шынайы сеніммен: “Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір Құдай жоқ”, — деп куәлік еткен кез келген адамды Жәннатпен сүйіншіле!*» — деді. Муслим, № 31.

Сондай-ақ Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «*Мұминнен басқа ешкім Жәннатқа кірмейді*». Муслим, № 114.

2) Тозақтан құтылу.

Муғаз ибн Жәбәл (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оған былай дегенін баяндаған: **«Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешкім жоқ, әрі Мухаммад — Аллаһтың Елшісі», — деп жүрегінде шынайы сеніммен куәлік еткен адамды Аллаһ Тозақ үшін харам етеді!»** Әл-Бухари, № 128; Муслим, № 32.

3) Күнәлардың кешірілуі.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ﴾

«Расында, Аллаһ Өзіне серік қосқанды кешірмейді, бірақ одан жеңілдеу күнәларды қалағанына кешіреді» («ән-Ниса» сүресі, 48-аят).

Тек Аллаһқа ғана құлшылық етіп, Оған серік қоспай өмір сүрген адамға тәубе етпеген күнәлары да кешірілуі мүмкін. Бұл — біздің ақидамыз, яғни наным-сеніміміз. Егер адам ширктен кіші күнә жасаса, ол Аллаһ Тағаланың қалауына тәуелді болады. Аллаһ қаласа — оны кешіреді, ал қаламаса — жазалайды.

Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Аллаһ Тағала былай деді: “Ей Адам баласы! Егер сен Маған жер бетіндегі күнәмен келіп, бірақ Маған серік қоспаған болсаң, Мен саған дәл сондай көлемде кешірім нәсіп етемін”**». Бұл хадисті сенімді (сахих) деп атағандар: әл-Мунзири, әс-Суюты және шейх әл-Әлбани. Қараңыз: «әт-Тарғиб уә-т-Тарһиб» 4/214, «әл-Жәмиғ әс-сағир» 6065, «Сахих әт-Тарғиб уә-т-Тарһиб» 3382, «Силсилә әс-сахиха» 127, «Тахриж Мишкат әл-масабиһ» 2276, «Сахих әл-Жәмиғ әс-сағир» 4338.

4) Таухид — ең жақсы амал.

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) бірде сахабалар Аллаһ Елшісінен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Қай амал ең жақсы?»** — деп сұрағаны жеткізіледі. Ол (оған

Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Аллаһқа және Оның Елшісіне иман келтіру»**, — деп жауап берді. Әл-Бухари, 26.

5) Таухид — елшілердің жіберілу мақсаты.

Аллаһ Тағала былай деді:

﴿وَلَقَدْ بَعَثْنَا فِي كُلِّ أُمَّةٍ رَسُولًا أَنِ اعْبُدُوا اللَّهَ وَاجْتَنِبُوا الطَّاغُوتَ﴾

«Расында әр үмметке: “Аллаһқа құлшылық қылыңдар және тағуттан аулақ болыңдар” дейтін елші жібердік» (ән-Нәхл сүресі, 36-аят).

6) Таухид — Қиямет күні Таразыны ауырлататын себеп болады.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Муса: «Уа Раббым! Саған зікір айтып, дұға етуім үшін маған бір сөз үйрет!» — деді. Сонда Аллаһ Тағала: «Ей Муса! «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір құдай жоқ», — деп айт!» — деп жауап берді. Муса: «Бұны барлық құлдарың айтады ғой!» — деді. Аллаһ Тағала: «Ей Муса! Егер жеті аспан мен оларда болған (Менен басқа) барлық нәрсе, сондай-ақ жеті жер таразының бір табағына қойылса, ал «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір құдай жоқ» деген сөздер екінші табағына қойылса, онда осы сөздер тұрған табақ ауыр басар еді», — деп жауап берді»**. Ән-Нәсаи «Сунан әл-Кубра» 10670, 10980; Абу Яғланың Муснады 1393; Абу Нуғайм «Хилья» 8/328; Ибн Хиббан «Сахих» 2324; әл-Хаким «әл-Мустадрак» 1/528; Байһақи «әл-Әсма уа әс-сыфат» 185; әл-Бағауи «Шарх әс-Сунна» 1273 жеткізген.

АбдуЛлаһ ибн Амрдан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: **«Расында, Аллаһтың пайғамбары Нухқа (оған Аллаһтың сәлемі болсын) өлім жақындағанда, ол ұлына былай деді: «Мен саған «Лә иләһә иллә-Ллаһ» сөзін үнемі қайталап жүруңді өсиет етемін. Өйткені егер жеті аспан мен жеті жерді бір таразыға қойып, ал “Лә иләһә иллә-**

Ллаһ» сөзін екінші таразыға қойса, онда осы сөз тұрған таразы ауыр басар еді. Егер бұл жеті аспан мен жеті жер бір бүтін шеңбер болса, онда осы сөз сол шеңберді үзіп жіберер еді». Ахмад 2/169, әл-Хаким 1/148. Хафиз Ибн Касир, шейх Ахмад Шакир, шейх әл-Әлбани және шейх Муқбил бұл хадистің сахих (сенімді) екенін айтқан. Қараңыз: «әс-Силсилә әс-сахиха» № 134, «әс-Сахих әл-Муснад» № 809.

Абдуллаһ ибн Амрдан (Аллаһ оған разы болсын) риуаят етілген хадисте Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Қиямет күні үмметімнен бір адам бүкіл жаратылыстардың көзінше шақырылады. Оған оның күнәлары жазылған тоқсан тоғыз дәптер жайылады. Әрбір дәптердің көлемі көз жетпейтіндей болады. Одан: “Мыналардың біреуін жоққа шығарасың ба? Саған (амалдарыңды) жазушы екі періште әділетсіздік жасады ма?” — деп сұралады. Ол: “Жоқ, уа Раббым!” — деп жауап береді. Сосын одан: “Сенің қандай да бір ақтауың немесе жақсы амалың бар ма?” — деп сұралады. Ол абдырап: “Жоқ, уа Раббым!” — дейді. Сонда оған: “Бар! Бізде сенің бір жақсы амалың бар. Бүгін саған әділетсіздік жасалмайды”, — деп айтылады. Сол кезде оған “Мен Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешбір Құдай жоқ екендігіне әрі Мухаммад — Оның құлы және елшісі екеніне куәлік етемін” деген сөздер жазылған бір парақ беріледі. Сонда ол адам: “Уа Раббым! Бұл қағаздың мына дәптерлермен салыстырғанда салмағы не болмақ?!” — дейді. Сонда оған: “Бүгін саған әділетсіздік жасалмайды”, — делінеді. Сосын дәптерлер таразының бір жағына, ал әлгі парақ екінші жағына қойылады. Сонда дәптерлер жеңіл, ал парақ ауыр тартады. Себебі Аллаһтың есімінің қасында еш нәрсе ауыр бола алмайды!». Эт-Тирмизи 2639, Ибн Мәжаһ 4300, Ахмад 4/213, әл-Хәким 1/5 риуаят еткен. Хадистің сахих екендігін имам Абу Иса ат-Тирмизи, әл-Хаким, хафиз әз-Зәһаби және шейх әл-Әлбани растаған.*

7) Таухид — жаратылыстардың жаратылу себебі.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ ﴿٥٦﴾﴾

«Мен жындар мен адамзатты өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым» (әз-Зәрият сүресі, 56-аят).

8) Амалдар тек таухид (бірқұдайшылық) болған кезде ғана қабылданады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّمَا يَتَقَبَّلُ اللَّهُ مِنَ الْمُتَّقِينَ ﴿٢٧﴾﴾

«Сөзсіз, Аллаһ тақуалардан ғана қабыл етеді» (әл-Маида сүресі, 27-аят).

Ғалымдар осы аяттағы «тақуалар» — көпқұдайшылықтан, яғни іс-амалдарында Аллаһқа серік қосудан қорыққан бірқұдайшылар деп айтқан. Аллаһ Тағала басқа аятта былай деген:

﴿وَلَقَدْ أُوحِيَ إِلَيْكَ وَإِلَى الَّذِينَ مِنْ قَبْلِكَ لَئِنْ أَشْرَكْتَ لَيَحْبَطَنَّ عَمَلُكَ وَلَتَكُونَنَّ مِنَ الْخَاسِرِينَ ﴿٢٥﴾﴾

«Расында, саған да, сенен бұрынғыларға да: “Егер Аллаһқа серік қоссаң, әлбетте амалың жойылып кетеді де, анық зиянға ұшыраушылардан боласың”, — деп уахи етілді» (әз-Зүмәр сүресі, 65-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَمَنْ كَانَ يَرْجُوا لِقَاءَ رَبِّهِ فَلْيَعْمَلْ عَمَلًا صَالِحًا وَلَا يُشْرِكْ بِعِبَادَةِ رَبِّهِ أَحَدًا ﴿١١٠﴾﴾

«Сондай-ақ, кімде-кім Раббысына жолығуды үміт етсе, онда түзу іс істеп, Раббысына жасаған құлшылығында Оған ешкімді ортақ етпесін», — деп айт» («әл-Кахф» сүресі, 110-аят).

9) Аллаһ Тағала бірқұдайшылардың дұғаларына жауап береді.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَا دُعَاءُ الْكَافِرِينَ إِلَّا فِي ضَلَالٍ﴾

«Өйткені, кәпірлердің дұғасы тек адасушылық болып табылады» («әр-Роғд» сүресі, 14-аят).

Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бір адамның Аллаһқа: «Уа Аллаһ! Расында, мен Сенен Сенің — Аллаһ, әл-Ахад (Жалғыз), әс-Сомад (Мұңсыз), Ләм ялид (Тумаған) уа Ләм юләд (және Туылмаған) уа Ләм якун ләһу куфуан ахад (әрі оған ешкім тең емес) болуыңмен сұраймын!» — деп жалбарынып жатқанын естиді. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Ақиқатында, ол Аллаһтан Оның Ұлы есімімен сұрады. Егер адам Аллаһтан Оның осы есіммен бір нәрсе сұраса — міндетті түрде сұрағанын алады, ал егер осы есіммен дұға етсе — дұғасына жауап беріледі»,** — деген. Хадис сахих. Қараңыз: «Тахриж Мишкат әл-Масабих», 2229.

10) Таухид — уайым мен қайғыдан құтылудың жолы.

Бірде Юнус пайғамбарды (оған Аллаһтың сәлемі болсын) балық жұтып қойды және ол сол балықтың ішінде болған еді. Сонда Юнус пайғамбар Аллаһ Тағалаға дұға етіп, былай деген еді:

﴿لَا إِلَهَ إِلَّا أَنْتَ سُبْحَانَكَ إِنِّي كُنْتُ مِنَ الظَّالِمِينَ﴾

«Сенен басқа құлшылыққа лайықты ешбір Құдай жоқ. Сен Пәксің. Шын мәнінде, мен әділетсіздерден болдым» («әл-Әнбия» сүресі, 87-аят).

Кейін Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَاسْتَجِبْنَا لَهُ وَنَجَّيْنَاهُ مِنَ الْغَمِّ وَكَذَلِكَ نُخَيِّجُ الْمُؤْمِنِينَ﴾

«Біз оның тілегін қабыл етіп, оны қайғыдан құтқардық. Міне, иман келтіргендерді сөйтіп құтқарамыз» (әл-Әнбия сүресі, 88-аят).

Ибн Умар (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай дегенін баяндаған: *«Сіздерден бұрын өмір сүргендерден болған үш адам бірде жолға шыққан болатын. Олар түн батқанға дейін жүріп, кейін бір ұңгірге кіріп, сонда түне-мек болады. Сол кезде таудан үлкен бір тас домалап келіп, ұңгірдің шығар жерін жауып тастады. Сонда олар бір-біріне: “Бұл тастан бізді тек қана шынайы амалдарымызды атап, Аллаһ Тағалаға жалбарынуымыз ғана құтқара алады”, — деген еді. Сонда олардың бірі: “Уа Аллаһ! Менің қарт ата-анам бар еді. Мен әр кеш сайын үйімдегі бала-шағам мен қызметшілерімнің ешбіріне сүт ішкізбес бұрын, ең алдымен ата-анама сүт беретін едім. Бір күні мен (малыма) ағаш (шөп) іздеп, үйден алыс кетіп қалып, (кеш) қайтып келсем, олар ұйықтап қалған екен. Мен оларға арналған сүтті сауып қойдым, бірақ ұйықтап жатқандарын көріп, оларды оятуға да, олардан бұрын біреуге сүт беруге де дәтім бармады. Осылайша мен қолымдағы ыдысымды ұстап, олар оянғанға дейін — таң атқанша тік тұрып күттім. Уа Аллаһ! Егер мен осы ісімді Сенің Дидарың үшін жасаған болсам, онда бізді осы тас себепті түскен жағдайдан құтқара гөр!”, — деді. Сол кезде тас сәл қозғалды да, ұңгірден шығуға азғантай өткел пайда болды, бірақ олар әлі де шыға алмайтын еді.*

Сонда екінші адам былай деп (дұға етті): *«Уа Аллаһ! Расында, менің көкемнің қызы болатын, мен оны (ер адам әйелді сүйетін сүюмен) барлық адамдардан артық жақсы*

көретінмін, онымен (жақындасуды) қалайтынмын, алайда ол қарсы болатын. Әрі осылайша құрғақшылық жылы болғанға дейін жалғасты. (Сол жылы) әлгі қыз ауыр халге түсіп, маған келді, ал мен оған жүз жиырма динар беріп, маған берілуін (менімен жыныстық қатынасқа түсуін) сұрадым. Ол келісті. Мен қалаған ісімді істеуге мүмкіндік алып, (осыған кіріскім келгенде) ол: «Саған мөрдi қақықсыз (некесіз) бұзуға тыйым салынған (харам)», — деді. Сонда мен ойластырғанымды істесем, күнә жасайтынымды түсініп, оны бәрінен артық жақсы көрсем де, кетіп қалдым әрі берген алтындарымды да тастап кеттім. Уа Аллаһ! Егер мен бұл амалды Сенің Дидарыңа ұмтылып жасаған болсам, онда бізді осы жағдайдан шығара гөр!». Сол кезде тас тағы біршама жылжып, бірақ олар әлі де үңгірден шыға алмады.

Кейін үшінші адам былай деді: «Уа Аллаһ! Расында, бірде мен жұмысшыларды жалдап, бір адамнан басқа барлығына жалақыларын бердім, ал әлгі адам өзіне тиесілі ақшаны тастап, кетіп қалды. Мен оның ақшасын қолданып, оны көбейттім. Біраз уақыт өте келе ол маған келіп: «Уа Аллаһтың құлы! Маған тиесілі нәрсені бер!», — деді. Сонда мен оған: «Мына түйелер, сиырлар, ешкілер мен құлдар саған тиесілі», — дедім. Ол: «Уа Аллаһтың құлы! Менімен қалжындаспа», — деді. Мен: «Расында, мен сенімен қалжындасып тұрған жоқпын», — дедім. Уа Аллаһ! Егер мен бұл амалды Сенің Дидарыңа ұмтылып жасаған болсам, бізді осы жағдайдан құтқара гөр!». Сонда тас, олар үңгірден шығып, жолдарын жалғастыратындай, жылжыды». Хадисті әл-Бухари, 3465 және Муслим, 2743 келтірген.

Олардың құтылуына себеп болған нәрсе таухид (бірқұдайшылық). Бұл хадисте, сондай-ақ, ізгі жандармен дос болудың артықшылығы да баяндалады. Себебі олар үшеу еді және үшеуі де ізгі адамдар болған, осының арқасында Аллаһ оларды құтқарды. Егер олардың бірі ізгі болмағанында, бәлкім олар үң-

гірден шыға алмай қалар еді. Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: **«Адам өз жақын досының дінінде. Сондықтан әрбірің жақын досы кім екендігіне қарасын!»**. Абу Дауд, 4833; әт-Тирмизи, 2378). Имам ән-Нәуауи, хафиз Ибн Хәжар, имам Ибн Муфлих, хафиз әс-Суюты және шейх әл-Әлбани бұл хадистің сахих (сенімді) екенін растаған.

Біздің істеріміздің Аллаһ Тағала тарапынан қабыл болуының шарттары қандай?

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَمَنْ كَانَ يَرْجُوا لِقَاءَ رَبِّهِ فَلْيَعْمَلْ عَمَلًا صَالِحًا وَلَا يُشْرِكْ بِعِبَادَةِ رَبِّهِ أَحَدًا﴾
﴿١١٠﴾

«Сондай-ақ кімде-кім Раббына жолығуды үміт етсе, онда түзу іс істеп, Раббысына жасаған құлшылығында Оған ешкімді ортақ етпесін», — деп айт» (әл-Кахф) сүресі, 110-аят).

Құран тәпсіршісі Яхия ибн Кәсир бұл аятта амалдардың қабыл болуына байланысты екі шарт айтылғанын білдірген. Біріншісі — амал тек Аллаһ Тағала үшін жасалуы керек. Бұған дәлел — Аллаһтың **«Раббына істеген құлшылығында Оған ешкімді ортақ етпесін»** деген сөздері. Екіншісі — амал Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетіне сәйкес болуы қажет. Бұған дәлел — Аллаһтың **«...онда түзу іс істеп...»** деген сөздері.

АЛҒАН БІЛІМІҢІЗДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Раббымыздың кім екенін қалай біле аламыз?

- ☐ Таухид (бірқұдайшылық) ілімін оқу арқылы;
- ☐ Өз ақылымызбен тану немесе Аллаһтың жаратылыстарына қарау арқылы;
- ☐ Ата-анамыздан, аталарымыздан сұрау арқылы, өйткені шынайы білім соларда.

2. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Муғазды (Аллаһ оған разы болсын) Йеменге Кітап иелеріне бірінші кезекті қандай бұйрықпен жіберді?

- ☐ Намаз оқу;
- ☐ Ораза ұстау;
- ☐ Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір құдай жоқ екендігіне куәлік беру.

3. Келесі аятты толықтырыңыз: «Расында, әр үмметке: “Аллаһқа құлшылық қылыңдар және ...”, — дейтін елші жібердік» (ән-Нәхл сүресі, 36-аят).

- ☐ Тағуттан аулақ болыңдар;
- ☐ Намаз оқыңдар;
- ☐ Ата-аналарыңа жақсылық жасаңдар;

4. Мұсылмандар үшін намаз, ораза, зекет және қажылық қашан парыз болды?

- ☐ Намаз пайғамбарлықтың 10-жылы, ораза һижраның 2-жылы, зекет те сол күндері, қажылық һижраның 9-жылы;
- ☐ Намаз һижрадан 5 жыл бұрын, ораза һижраның 1-жылы, зекет те сол күндері, қажылық һижраның 8-жылы;

☐ Намаз хижрадан 2 жыл бұрын, ораза хижраның 3-жылы, зекет хижраның 2-жылы, қажылық хижраның 9-жылы.

5. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһ бұл үмметке намазды, оразаны, зекетті және қажылықты парыз қылудан бұрын немен айналысқан еді?

- ☐ Адамдарды таухидке (бірқұдайшылыққа) шақырды;
- ☐ Адамдарды көркем мінезге шақырды;
- ☐ Адамдарды арақ ішпеуге, ұрлық жасамауға, зина жасамауға шақырды.

6. Жәннатқа кімдер ғана кіреді?

- ☐ Бірқұдайшыл мұминдер;
- ☐ Бірқұдайшыл мұминдер мен Кітап иелері;
- ☐ Ешкімнің ала жібін аттамайтындар.

7. «Жүрегінде шынайы сеніммен “Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық ешкім жоқ, әрі Мухаммад — Аллаһтың Елшісі”, — деп куәлік еткен адамды... » хадисін толықтырыңыз.

- ☐ Аллаһ Тозақ үшін харам етеді;
- ☐ Аллаһ осы дүниеде бақытты етеді;
- ☐ Аллаһ ең жақсы адам етеді.

8. Ең жақсы амал қандай?

- ☐ Намаз;
- ☐ Таухид (бірқұдайшылық);
- ☐ Ораза.

9. Бір адам өмір бойы Аллаһқа құлшылық етіп, бірақ Оған серік қосты (яғни, ширк жасады). Егер ол адам өлгенге дейін тәубе жасамаса, Аллаһ оның ізгі амалдарын қабыл етеді ме?

- ☐ Жоқ, қабыл етпейді. Барлық амалдары зая болады;
- ☐ Иә, қабыл етеді. Өйткені Аллаһ — Кешіруші;
- ☐ Қабыл етуі де, етпеуі де мүмкін, оны Аллаһ жақсырақ біледі.

10. Жаратылыстар не үшін жаратылған?

- ☐ Таухид (Бірқұдайшылық) үшін;
- ☐ Намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру, қажылық жасау үшін;
- ☐ Халифат құру үшін.

11. Хадисті аяқтаңыз: Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Аллаһ Тағала былай деген: «Уа Адам баласы! Егер сен Маған Жер көлеміндей күнәлармен келіп, әрі алдыма Маған ешнәрсені серік қоспай тұрсаң, онда»».

- ☐ «Мен саған ризық нәсіп етемін»;
- ☐ «Мен сені бұл дүниенің бәле-жаласынан қорғаймын»;
- ☐ «Мен саған сондай мөлшерде кешірім сыйлаймын».

12. Аллаһ Тағаланың біздің амалдарымызды қабыл ету шарттары қандай?

☐ Амалды Жалғыз Аллаһ Тағаланың разылығы үшін ықыласты түрде орындау және амалдың ата-анам, ата-бабам жасаған амалдарға сәйкес болуы;

☐ Амалдың кім үшін жасалғандығы маңызды емес, бастысы амал Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетіне сәйкес болуы керек;

□ Амалды Жалғыз Аллаһ Тағаланың разылығы үшін ықыласты түрде жасау қажет және амал Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетіне сәйкес болуы керек.

III. «Әл-Ихлас» сүресінің қадір-қасиеті

Пайғамбардан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) көпқұдайшылдар Аллаһ туралы сұрағанда, ол не деп жауап берді?

Аллаһ туралы ең жақсы кім айта алады? Әрине, Аллаһ Тағаланың Өзі! Аллаһ Тағала көпқұдайшылдарға жауап ретінде былай деді:

﴿قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ ۝ اللَّهُ الصَّمَدُ ۝ لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ ۝ وَلَمْ يَكُن لَّهُ
كُفُوًا أَحَدٌ ۝﴾

«(Мухаммад, оларға) айт: «Ол — Аллаһ, Жалғыз. Аллаһ — Мұңсыз (әр нәрсе оған мұқтаж). Ол тумады да, туылмады. Әрі оған ешкім тең емес» («әл-Ихлас» сүресі, 1–4-аяттар).

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) әйелі Айша анамыздың (Аллаһ оған разы болсын) былай дегені жеткізіледі: «Бірде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жорыққа бір адамның басшылығымен жасақ жіберді. Ол өз серіктеріне намазда имам болған кезінде әр ракағаттағы (Құран оқуды) «әл-Ихлас» сүресін оқып аяқтайтын. Олар жорықтан оралған кезде, бұл жайлы Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) айтып берді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Одан ол бұны не себепті істейтінін сұраңдар», — деді. Әлгі адамға осы сұрақ қойылғанда, ол: «Бұл сүреде әр-Рахманның (Аса Мейірімдінің) сипаттары аталған, сондықтан мен оны оқуды жақсы көремін», — деп жауап берді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)

бұл жауап жайлы естігенде: «Аллаһ та оны жақсы көретіндігін оған жеткізіңдер», — деген еді». Әл-Бухари, 7375; Муслим, 813.

Бірде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларынан: «**Сендердің біреуің түнде Құранның үштен бірін оқи аласыңдар ма?**» — деп сұрады. Бұл олар үшін ауыр көрінді де, олар: «**Уа Аллаһтың Елшісі, бұны кім істей алады?**» — деп сұрады. Сонда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «**“Аллаһ — Жалғыз. Аллаһ — Мұңсыз” сүресі («әл-Ихлас»)** — **Құранның үштен біріне тең**», — деп жауап берді. Әл-Бухари, 5015; Муслим, 811.

Аллаһ Тағала бұл ұлы сүренің бірінші аятын:

﴿قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ﴾

«(Мухаммад, оларға) айт: «Ол — Аллаһ, Жалғыз», — деп бастайды.

Аллаһ Тағала Үш нәрседе Жалғыз, ешкімге ұқсамайды:

Аллаһ Тағала — Жалғыз Жаратушы (Таухид әр-Рубубия).

Аллаһ Тағала — Құлшылыққа лайықты Жалғыз Құдай (Таухид әл-Улуһия).

Аллаһ Тағала — Өз Есімдері мен Сипаттарында Жалғыз (Таухид әл-Әсма уә әс-Сыфат).

Таухид әр-Рубубия — бұл Аллаһтың Раббы ретінде жалғыз екенін мойындау. Аллаһтың істеріндегі жалғыздығын, яғни тек Аллаһ өлтіреді, ризық береді, басқарады, нығметтерді нәсіп етеді, зиян келтіреді деп және басқа да істерді жалғыз өзі атқаратынын мойындау.

Таухид әл-Улуһия — бұл Аллаһтың құлшылықтағы жалғыздығы, бұл Оның құлдарының істерінде көрініс табады. Басқа сөзбен айтқанда, бұл — Аллаһ Жалғыз Құдай екендігін және Ол ғана құлшылыққа лайық, Одан басқа ешкім құлшылыққа лайық еместігін мойындау.

Таухид әл-Әсма уә әс-Сыфат — Аллаһтың есімдері мен сипаттарында жалғыз екенін мойындау. Бұл — Аллаһты тек Ол Өзін қалай сипаттаса, не Оның Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қалай сипаттаса, дәл солай сипаттау. Яғни, Оның сипаттарына бейне бермеу, оларды ешнәрсеге ұқсатпау, бұрмаламау, жоққа шығармау.

Аллаһ адамдардан қандай келісімдер алды?

Біріншіден, Аллаһ Тағала Адамды (оған Аллаһтың сәлемі болсын) жаратқан кезде, оның белінен Қиямет күніне дейін өмір сүретін бүкіл адамзатты шығарған. Бұл қандай түрде жүзеге асқанын білмейміз, алайда бұл туралы бізге хабар берген Аллаһ Тағаланың Өзі. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَإِذْ أَخَذَ رَبُّكَ مِنْ بَنِي آدَمَ مِنْ ظُهُورِهِمْ ذُرِّيَّتَهُمْ وَأَشْهَدَهُمْ عَلَىٰ
أَنفُسِهِمْ أَلَسْتُ بِرَبِّكُمْ قَالُوا بَلَىٰ شَهِدْنَا أَن تَقُولُوا يَوْمَ الْقِيَمَةِ إِنَّا كُنَّا
عَنْ هَذَا غَافِلِينَ﴾

«(Мухаммад) сол уақытта Раббың адам балаларының белдерінен нәсілдерін алды да, өздеріне куә етіп: «Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?», — (дегенде,) олар: «Әрине, куәлік береміз», — деген. Қиямет күні: «Бұдан хабарымыз жоқ» демендер» (әл-Әғраф» сүресі, 172-аят).

Ұлы Аллаһ жаратылыстарынан осы келісімді алды. Алайда кейбір адамдар: «Бұл біздің есімізде жоқ», — деуі мүмкін. Дәл сол себепті, Аллаһ Тағала адамзаттан екінші келісімді алды. Ол адам баласының тума табиғи болмысында (фитрасында) таухид (бірқұдайшылық) сезімін жаратқан. Бұл жайында Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَأَقِمْ وَجْهَكَ لِلدِّينِ حَنِيفًا فِطْرَتَ اللَّهِ الَّتِي فَطَرَ النَّاسَ عَلَيْهَا
لَا تَبْدِيلَ لِخَلْقِ اللَّهِ ذَلِكَ الدِّينُ الْقَيِّمُ وَلَكِنَّ أَكْثَرَ النَّاسِ لَا
يَعْلَمُونَ ﴿٣٠﴾﴾

«(Мухаммад) бірқұдайшыл (ханиф) болған күйде жүзін-ді (тек хақ) дінге бұр. Аллаһ жаратылыста адам баласын соған (Ислам дініне) арнап жаратқан. Аллаһтың жаратуында өзгеріс болмайды. Осы тұп-тура дін. Бірақ адамдардың көбі түсінбейді» (әр-Рум» сүресі, 30-аят).

Абу Хурайрадан (Аллаһ оған разы болсын) Аллаһ Елшісінің (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Әрбір сәби мұсылман болған күйінде дүниеге келеді. Содан кейін оның ата-анасы оны яһуди, христиан немесе отқа табынушы етеді. Малдар да төлдерін бүтін, сау күйінде туады емес пе? Олардың мұрындары кесілген түрде туылғанын көрдіңдер ме?»* Кейін осы хадисті жеткізген Абу Хурайра Аллаһтың мына сөздерін оқыды:

﴿فِطْرَةَ اللَّهِ الَّتِي فَطَرَ النَّاسَ عَلَيْهَا﴾

«Бұл — Аллаһ адамдарға дарытқан сипат»». Әл-Бухари 1359, 1385; Муслим 2658.

Сондай-ақ Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Аллаһ Тағала былай деді: "Расында, Мен Өз құлдарымды бірқұдайшыл (ханиф) етіп жараттым. Бірақ оларға діндерінен тайдыру үшін шайтандар келді. Олар Мен рұқсат еткен нәрселерді харам деп жариялап, Маған ешбір дәлел түсірілмеген нәрселерде серік қосуға бұйырды"»*. Муслим, 2865.

Үшіншіден, осы екі келесімді бекіту үшін Аллаһ Тағала Елшілерін жіберді. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿رُسُلًا مُّبَشِّرِينَ وَمُنذِرِينَ لِئَلَّا يَكُونَ لِلنَّاسِ عَلَى اللَّهِ حُجَّةٌ بَعْدَ
الرُّسُلِ وَكَانَ اللَّهُ عَزِيزًا حَكِيمًا﴾ (165)

«Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа қарсы сылтауы болмауы үшін, Елшілерді қуандырушы, қорқытушы етіп жібердік. Аллаһ — аса Үстем, Дана» («ән-Ниса» сүресі, 165-аят).

Аллаһ Тағала Өзінің Елшілерін осы екі келісімді адамдардың естеріне түсіру үшін жіберді әрі Аллаһ Тағала олардың елшіліктерін бекітіп-нығайту үшін оларға мұғжизалар берді. Бұл мұғжизаларды Аллаһ Тағаланың Елшілерінен басқа ешкім істей алмаған.

Ал төртінші келісім пайғамбарлармен болған. Біріншіден, пайғамбарлар Аллаһ Тағаланың дінін таратуға міндетті еді. Екіншіден, әр пайғамбар басқа пайғамбарлар мен олар алып келген Кітаптарға иман келтіру керек еді. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَإِذْ أَخَذْنَا مِنَ النَّبِيِّينَ مِيثَاقَهُمْ وَمِنْكَ وَفِي نُوحٍ وَإِبْرَاهِيمَ وَمُوسَى
وَعِيسَى ابْنِ مَرْيَمَ وَأَخَذْنَا مِنْهُمْ مِيثَاقًا غَلِيظًا﴾ (V)

«(Мухаммад) сол уақытта, пайғамбарлардан уәде алған едік: сенен, Нух, Ибраһим, Муса және Мәриям ұлы Исадан. Әрі олардан Біз берік уәде алдық» («әл-Әхзаб» сүресі, 7-аят).

Аллаһ Тағала барлық пайғамбарлардан, егер Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келсе, олар оған иман келтіріп, оны қолдаулары керек, әрі өз үмметтеріне оның ақиқатта екенін жариялаулары керек деген келісім алды. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَإِذْ أَخَذَ اللَّهُ مِيثَاقَ النَّبِيِّينَ لَمَا آتَيْنَاكُمْ مِنْ كِتَابٍ وَحِكْمَةٍ ثُمَّ
جَاءَكُمْ رَسُولٌ مُصَدِّقٌ لِمَا مَعَكُمْ لَتُؤْمِنُنَّ بِهِءَ وَلَتَنْصُرُنَّهُ قَالَ أَأَقْرَرْتُمْ

وَأَخَذْتُمْ عَلَىٰ ذَٰلِكُمْ إِصْرِي ۖ قَالُوا اقْرَرْنَا قَالَ فَأَشْهَدُوا وَأَنَا مَعَكُمْ مِنَ
الشَّاهِدِينَ ﴿٨١﴾

«Сол уақытта Аллаһ Тағала пайғамбарлардан: «Сендерге Кітап, хикмет бердім, соңында жандарыңдағыны растаушы Пайғамбар келсе, әлбетте оған иман келтіріп, әрине оған жәрдем етесіңдер! Мойындап, ауыр міндетімді қабыл алдыңдар ма?», — дегенде, олар: «Қабыл алдық!» — деген. (Аллаһ): «Ендеше куә болыңдар. Мен де сендермен бірге куә болушыларданмын», — деген» (Әли-Имран) сүресі, 81-аят).

Үшінші келісімге кірмейтін адамдардың санаттары.

Елшілер жетпеген адамдар туралы айтсақ, оларға қатысты түсіндірме бар. Мысалы, бала кішкентай кезінде қайтыс болып, елшілерді кездестірмеген болуы мүмкін. Егер ол мұсылмандардың баласы болса, ата-анасымен бірге Жәннатқа кіреді. Ал егер ол көпқұдайшылдардың баласы болса, өскенде не істерін Аллаһ Тағала біледі. Ибн Аббастың (Аллаһ оған және оның әкесіне разы болсын) былай дегені жеткізіледі: *«Бірде адамдар Аллаһтың Елшісінен (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)көпқұдайшылдардың балалары туралы сұрады. Сонда ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): “Аллаһ оларды жаратқандықтан, өскенде не істейтіндерін жақсырақ біледі” — жауап берді».* Әл-Бухари, 1383; Муслим, 2660.

Сондай-ақ біз кейбір адамдарға елшілердің шақыруы жетпеген екендігін білуіміз қажет. Олар туралы Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Қиямет күні төрт адам ақталу сөздерін айтады: ештеңе естімеген саңырау, есінен ауысқан адам, қартайған шал және өзіне (Исламға) шақыру жетпей өлген адам. Саңырау: “Уа Раббым, Ислам келді, бірақ мен ештеңе естімедім!” — дейді. Есінен ауысқан адам: “Уа Раббым, Ислам келгенде, балалар маған тезек лақтыратын!” — дейді. Қартайған*

шал: “Ислам келді, бірақ мен ештеңе түсінбедім!” — дейді. Ал шақыру жетпей өлген адам: “Уа Раббым, маған Сенің Елшің жеткен жоқ!” — дейді. Содан кейін осы адамдардан келісім алынып, оларға Тозаққа кіруді бұйыратын бір елші жіберіледі. Жаным Қолында болған Аллаһпен ант етемін, егер олар Тозаққа кірсе, ол олар үшін салқындық пен құтқарылу болады. Ал егер олар кірмесе, онда соған тасталады!» Ахмад, 4/24; Ибн Хиббан, 1827; әт-Табарани, 1/841; әл-Баззар, 3/217 және басқалар. Қараңыз: «Силсилә әс-сахиха», 1434, 2468.

Қиямет Күні осы елшіге ерген адам, осы дүниеде де елшіге ерер еді. Ал еруден бас тартқан адам осы дүниеде де елшіден бас тартар еді. Ал кәмілет жасына жетпеген балалар жайлы айтсақ, мұсылмандардың балалары Жәннатқа кіреді, бұған барлық ғалымдар бірауызды келіскен. Көпқұдайшылдардың балалары жайлы айтсақ, бұда келіспеушіліктер бар. Кейбіреулер бұл балалардың Жәннатқа кіретіндігін айтып, дәлел ретінде Аллаһ Тағаланың мына сөздерін келтірген:

﴿وَمَا كُنَّا مُعَذِّبِينَ حَتَّىٰ نَبْعَثَ رَسُولًا﴾

«Біз бір елші жібермейінше, ешкімді азаптамаймыз» («әл-Исра» сүресі, 15-аят).

Бұл ғалымдар бұны «олар осы үшінші келісімге дейін өмір сүрмеді» деп түсіндіреді. Басқа ғалымдар көпқұдайшылдардың балалары жоғарыда келтірілген хадистегі төрт адам секілді сыналады деп айтады.

АЛҒАН БІЛІМІЗДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) көпқұдайшылдардың Аллаһ жайлы сұрағына не деп жауап берді?

☐ Аллаһ Тағала оларға «әл-Ихлас» сүресін түсіріп жауап берді;

☐ Аллаһ Тағала оларға «әл-Кәфирун» сүресін түсіріп жауап берді;

☐ Аллаһ Тағала оларға «әл-Фатиха» сүресін түсіріп жауап берді.

2. Аллаһ Тағала бізде қандай туа біткен сезім жаратты?

☐ Философия сезімі;

☐ Ақыл және логика сезімі;

☐ Таухид (бірқұдайшылық) сезімі.

3. Хадисті аяқтаңыз: Аллаһтың Елшісі (Оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «Аллаһ Тағала былай деді: *“Расында, Мен Құлдарымды бірқұдайшылдар (ханифтер) қылып жараттым, бірақ оларға діндерінен адыстыру үшін шайтандар келді. Олар Мен рұқсат еткен нәрселерге тыйым салды, әрі”*».

☐ «Оларға Мен ешбір дәлел түсірмеген нәрсені Маған серік етуді бұйырды»;

☐ «Оларға адам баласына жамандық жасауды бұйырды»;

☐ «Оларға ата-аналарына алғыс білдірмеуді бұйырды».

4. Аллаһ Тағала адамдардан алған бірінші уәде (келісім) туралы дәлел болатын аятты таңдаңыз?



﴿وَإِذْ أَخَذَ رَبُّكَ مِنْ بَنِي آدَمَ مِنْ ظُهُورِهِمْ ذُرِّيَّتَهُمْ وَأَشْهَدَهُمْ عَلَى أَنْفُسِهِمْ أَلَسْتُ بِرَبِّكُمْ قَالُوا بَلَى شَهِدْنَا أَنْ تَقُولُوا يَوْمَ الْقِيَمَةِ إِنَّا كُنَّا عَنْ هَذَا غَافِلِينَ ﴿١٧٢﴾﴾

«(Мухаммад) сол уақытта Раббың адам балаларының белдерінен нәсілдерін алды да, өздеріне куә етіп: «Мен сендердің Раббыларың емеспін бе?», — (дегенде,) олар: «Әрине, куәлік береміз», — деген. Қиямет күні: «Бұдан хабарымыз жоқ» демендер» («әл-Әғраф» сүресі, 172-аят).



﴿رُسُلًا مُبَشِّرِينَ وَمُنذِرِينَ لِئَلَّا يَكُونَ لِلنَّاسِ عَلَى اللَّهِ حُجَّةٌ بَعْدَ الرُّسُلِ وَكَانَ اللَّهُ عَزِيزًا حَكِيمًا ﴿١٦٦﴾﴾

«Елшілерден кейін адамдардың Аллаһқа қарсы сылтауы болмауы үшін, Елшілерді қуандырушы, қорқытушы етіп жібердік. Аллаһ — аса Үстем, Дана» («ән-Ниса» сүресі, 165-аят).



﴿وَإِذْ أَخَذْنَا مِنَ النَّبِيِّينَ مِيثَاقَهُمْ وَمِنْكَ وَنُوحٌ وَإِبْرَاهِيمَ وَمُوسَى وَعِيسَى ابْنِ مَرْيَمَ وَأَخَذْنَا مِنْهُمْ مِيثَاقًا غَلِيظًا ﴿٧﴾﴾

«(Мухаммад) сол уақытта, пайғамбарлардан уәде алған едік: сенен, Нух, Ибраһим, Муса және Мәриям ұлы Исадан. Әрі олардан Біз берік уәде алдық» («әл-Әхзаб» сүресі, 7-аят).

5. Аллаһ Тағала тек пайғамбарлардан алған келісім (уәде) қандай болған?

□ Біріншіден, пайғамбарлар Аллаһтың дінін таратулары керек. Екіншіден, әрбір пайғамбар басқа пайғамбарларға және оларға түсірілген Кітаптарға иман келтіруі керек болды. Үшіншіден, егер Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келсе, олар оған иман келтіріп, оны қолдап, өз ізбасарларына оның ақиқатта екенін жариялауға міндетті болды;

□ Біріншіден, пайғамбарлар өздерінің шариғаттық мемлекетін құруы керек болды. Екіншіден, тек Аллаһтың заңымен басқаруы керек болды. Үшіншіден, егер Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келсе, олар оған иман келтіріп, оны қолдап, өз ізбасарларына оның ақиқатта екенін жариялауға міндетті болды;

□ Біріншіден, пайғамбарлар Аллаһтың дінін таратуға міндетті болды. Екіншіден, егер Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келсе, олар оған иман келтіріп, оны қолдап, өз ізбасарларына оның ақиқатта екенін жариялауға міндетті болды.

6. Аллаһ Тағала Өз Елшілерін не үшін жіберді?

□ Аллаһ Тағала Өз елшілерін олар әлемге қарап, Жаратушы туралы ойланулары үшін жіберді;

□ Аллаһ Тағала Өз елшілерін адамдарға олардың Аллаһпен жасаған екі келісімді (уәдені) бекіту және еске салу үшін жіберді;

□ Аллаһ Тағала Өз елшілерін өз мемлекеттерін (халифат) құру үшін жіберді.

IV. Аллаһ Тағаланың бар болуына бұлтартпас дәлелдер

Аллаһ Тағаланың бар екендігін не нәрсе дәлелдейді?

Аллаһ Тағаланың бар екендігіне ең жақсы дәлел — Құран Кәрім. Өйткені, ол бізге Аллаһ Тағаланың мұғжизалары жайлы ойлануды бұйырады. Аллаһ Тағала Раббының бар екендігіне ең күшті дәлел келтіріп, былай деген:

﴿أَمْ خُلِقُوا مِنْ غَيْرِ شَيْءٍ أَمْ هُمُ الْخَالِقُونَ﴾

«Немесе олар еш нәрсесіз (өзінен-өзі) жаратылды ма? Не жаратушы өздері ме?» («әт-Тур» сүресі, 35-аят).

Жубайр ибн Мутғим (Аллаһ оған разы болсын) былай баяндаған: *«Бірде мен ақшам (мағриб) намазында Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) «әт-Тур» сүресін оқығанын естідім. Ол*

﴿أَمْ خُلِقُوا مِنْ غَيْرِ شَيْءٍ أَمْ هُمُ الْخَالِقُونَ﴾ ⁽³⁵⁾ *أَمْ خَلَقُوا*
السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ بَلْ لَا يُوقِنُونَ ⁽³⁶⁾ *أَمْ عِنْدَهُمْ خَزَائِنُ رَبِّكَ أَمْ هُمْ*
الْمُصْطَفِرُونَ ⁽³⁷⁾

«Немесе олар еш нәрсесіз (өзінен-өзі) жаратылды ма? Не жаратушы өздері ме? Яки олар көктер мен жерді жаратты ма? Жоқ, олар иман келтірмейді. Немесе Раббыңның қазыналары олардың қасында ма? Немесе олар игеруші ме?» деген аяттарға жеткенде, менің жүрегім ұшып кете жаздады». Әл-Бухари, 4854. Бұл аяттардың Жубайрға (Аллаһ оған разы болсын) әсер еткендігі сонша, ол осы аяттарды естіп, Исламды қабылдады. (Бұл «әт-Тур» сүресінің 35–37 аяттары.)

Ендеше, неге ғалымдар осы аятты келтіріп, оны Аллаһ Өзінің бар екендігіне дәлел ретінде келтірген ең мықты дәлел деп атады?

Біз бәріміз адамбыз, ал адамдардың жануарлардан айырмашылығы — ақыл. Біз сіздерге кез келген азғантай болса да ақылға ие адам соларды естіп, түсенсе: «Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты ешбір Құдай жоқ», — деп куәлік ететін, маңызды қағидаларды келтіреміз.

Таухид ар-рубубияда үш қағида бар:

1. Әрбір іс-әрекеттің орындаушысы болады.
2. Орындаушының күш-қуаты және белгілі бір сипаттары болады.
3. Іс-әрекетті орындауға шамасы жетпейтінге оны телуге болмайды.

Біріншіден, әрбір іс-әрекеттің орындаушысы болады. Мысалы, біреу сізге адамның алдында кенеттен, себепсіз жүз апельсин пайда бола алады деп айтса, сіз мұндай адамды ақылсыз деп санайсыз. Өйткені апельсиндердің пайда болуы үшін біреу оларды әкелуі керек. Олар өздігінен пайда бола алмайды. Сол себепті Аллаһ Тағала былай деген:

﴿أَمْ خُلِقُوا مِنْ غَيْرِ شَيْءٍ أَمْ هُمُ الْخَالِقُونَ﴾

«Немесе олар еш нәрсесіз (өзінен-өзі) жаратылды ма? Не жаратушы өздері ме?» («әт-Тур» сүресі, 35-аят).

Сондықтан, егер біреу: «Адамдар өздігінен пайда болды», — десе, біз оған: «Бұл мүмкін емес», — деп жауап береміз. Сол сияқты, адамдардың өздерін өздері жаратуы мүмкін емес. Демек, тек үшінші жауап қалды, әрі бұл жауап — дұрыс. Адамдардың Жаратушысы бар, Ол оларды жаратты, өйткені ештеңе өздігінен пайда болмайды.

Екіншіден, әрекет жасаушының күші мен белгілі бір сипаттары болады. Мысалы, алдымызда жүз килограмм апель-

син түр делік. Әрине, оны біреу әкелді. Осыдан біз оны әкелген адамның күшін шамалай аламыз. Адамға жүз килограммды көтеру оңай емес, осыдан біз оның көлігі болғанын түсінеміз. Сондай-ақ бұл адамның осы апельсиндерді сатып алуға жететіндей қомақты қаражаты болған. Сонымен бірге ол бұл апельсиндерді қай жерден сатып алуға болатынын білген.

Үшіншіден, қандай да бір істі оны жасауға шамасы жетпейтінге телуге болмайды. Мысалы, біреу жүз килограмм апельсинді екі жастағы бала әкелді десе, біз бұның мүмкін еместігін түсінеміз. Екі жасар бала мұншама апельсинді әкелуі еш мүмкін емес.

Міне, осы қағидалар арқылы Аллаһ Тағала адамдарға дәлел келтіреді.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلِ الْحَمْدُ لِلَّهِ وَسَلَامٌ عَلَىٰ عِبَادِهِ الَّذِينَ اصْطَفَىٰ ۚ ءَآلَهُ خَيْرٌ مَّا يُشْرِكُونَ﴾ ﴿٥٩﴾ أَمَّنْ خَلَقَ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ وَأَنْزَلَ لَكُمْ مِنَ السَّمَاءِ مَاءً فَأَنْبَتْنَا بِهِ حَدَائِقَ دَاثَ بِهِجَةٍ مَا كَانَ لَكُمْ أَنْ تُنْبِتُوا شَجَرَهَا ۚ ءَآلَهُ مَعَ اللَّهِ بَلْ هُمْ قَوْمٌ يَعْدِلُونَ﴾ ﴿٦٠﴾

«(Мухаммад, оларға): «Бүкіл мақтау Аллаһқа тән әрі Аллаһтың таңдаулы құлдарына есендік (сәлем). Аллаһ жақсы ма, әлде олардың қосқан ортақтары ма? Көктер мен жерді жаратқан, сендер үшін көктен жаңбыр жаудырып, онымен сендер бір ағашын да өсіре алмайтын әдемі бақшаларды өсірген кім? Аллаһпен бірге басқа Құдай бар ма?» — де. Жоқ, олар шектен шыққан ел» («ән-Нәмл» сүресі, 59–60-аяттар).

Екінші қағида жайлы Аллаһ Тағала былай деген:

﴿أَمِنْ خَلْقِ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَأَنْزَلَ لَكُمْ مِنَ السَّمَاءِ مَاءً فَأَنْبَتْنَا بِهِ حَدَائِقَ ذَاتَ بَهْجَةٍ مَا كَانَ لَكُمْ أَنْ تُنْبِتُوا شَجَرَهَا ۗ إِنَّهُ مَعَ اللَّهِ بَلْ هُمْ قَوْمٌ يَعِدُونَ﴾

«Көктер мен жерді жаратқан, сендер үшін көктен жаңбыр жаудырып, онымен сендер бір ағашын да өсіре алмайтын әдемі бақшаларды өсірген кім? Аллаһпен бірге басқа Құдай бар ма? Жоқ, олар шектен шыққан ел» («ән-Нәмл» сүресі, 60-аят).

Адамдар тіпті бір ағаш өсіре алмас еді. Кім болса ол болсын, пайғамбар, періште, Иса ибн Мәриям, немесе әлдебір пұт, мысалы, Будда өздігінше ағаш өсіре алады ма? Аллаһ Тағала былай деген:

﴿أَفَرَأَيْتُمْ مَا تَحْرُثُونَ ۚ ۞ أَنْتُمْ تَزْرَعُونَهُ ۖ أَفَأَنْتُمْ خَيْرُ الْزَّارِعِينَ﴾

«Ал енді еккендерінді көрдіңдер ме? Оны сендер өсіресіңдер ме әлде Біз өсіреміз бе?» («әл-Уақиға» сүресі, 63–64-аяттар).

Кейбіреулер: «Бірақ ағаштар тек біз тұқым еккендіктен ғана өседі», — деуі мүмкін. Жоқ, сендер тек тұқым ектіңдер, ал ағашты өсірген кім?! Сол тұқымнан өскін шығарып берген кім?! Сендер жердің ішіне кіріп, дәнді қолдарыңмен ашып, өскінді алып шықтыңдар ба? Әлде оны Жаратушы Аллаһ өсірді ме? Осы жайлы ойланыңдар, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ فِي خَلْقِ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَاخْتِلَافِ اللَّيْلِ وَالنَّهَارِ لَآيَاتٍ لِّأُولِي الْأَلْبَابِ﴾

«Күмәнсіз, көктердің және жердің жаратылуында, түннің және күндіздің өзгеруінде, әлбетте, ақыл иелері үшін дәлелдер бар» («Әли Имран» сүресі, 190-аят).

Бұл жайлы ойланып көріңіз, өйткені Аллаһ Тағала былай деген:

﴿أَفَلَا يَتَذَكَّرُونَ الْفُرْعَانَ أَمْ عَلَى قُلُوبٍ أَقْفَالُهَا﴾

«Олар Құранға ой салмай ма? Немесе олардың жүректері құлыптаулы ма?» («Мухаммад» сүресі, 24-аят).

Аллаһ, сондай-ақ, осы қағидаларға нұсқап, былай деген:

﴿أَمَّنْ جَعَلَ الْأَرْضَ قَرَارًا وَجَعَلَ خِلَالَهَا أَنْهَارًا وَجَعَلَ لَهَا رَوَاسِيَ
وَجَعَلَ بَيْنَ الْبَحْرَيْنِ حَاجِزًا ۗ أَلَمْ يَكُنْ مَعَ اللَّهِ بَلٌّ أَكْثَرُهُمْ لَا يَعْلَمُونَ ﴿٦١﴾
أَمَّنْ يُجِيبُ الْمُضْطَرَّ إِذَا دَعَاهُ وَيَكْشِفُ السُّوءَ وَيَجْعَلُكُمْ خُلَفَاءَ
الْأَرْضِ ۗ أَلَمْ يَكُنْ مَعَ اللَّهِ قَلِيلًا مَّا تَذَكَّرُونَ ﴿٦٢﴾ أَمَّنْ يَهْدِيكُمْ فِي ظُلُمَاتٍ
الْبَرِّ وَالْبَحْرِ وَمَنْ يُرْسِلِ الرِّيحَ بُشْرًا بَيْنَ يَدَيْ رَحْمَتِهِ ۗ أَلَمْ يَكُنْ مَعَ
اللَّهِ تَعَالَى اللَّهُ عَمَّا يُشْرِكُونَ ﴿٦٣﴾ أَمَّنْ يَبْدَأُ الْخَلْقَ ثُمَّ يُعِيدُهُ وَمَنْ
يَرْزُقُكُمْ مِنَ السَّمَاءِ وَالْأَرْضِ ۗ أَلَمْ يَكُنْ مَعَ اللَّهِ قُلٌّ هَآئِلًا بُرْهَنَكُمْ إِن كُنْتُمْ
صَادِقِينَ ﴿٦٤﴾﴾

«Немесе жерді тұратын орын қылып, араларынан өзендер ағызып, оған асқар таулар жасаған және екі теңіздің арасына жік жасаған кім? Аллаһпен бірге басқа Құдай бар ма? Жоқ, олардың көбі білмейді. Немесе қиналғандар Оған дуға етіп жалбарынғанда (дұғасына) жауап беріп, қиыншылықты айықтыратын және сендерді жер жүзінде (өздерінен бұрыңғылардың) орынбасарлары қылатын кім? Аллаһпен бірге басқа Құдай бар ма? Недей аз түсінесіңдер. Немесе құрлықтың, теңіздің қараңғылықтарында сендерді жолға салатын әрі рахметінің (жаңбырының) алдынан қуаныш самалын естіретін кім? Аллаһпен бірге басқа Құдай бар ма? Аллаһ олардың қосқан ортақтарынан тым Жоғары. Немесе жаратылысты әуелгіден бастайтын, сосын оны қай-

та тірілтетін және көк пен жерден сендерді ризықтандыратын кім? Аллаһпен бірге басқа Құдай бар ма? (Мухаммад, оларға): «Егер шыншыл болсаңдар, дәлелдеріңді келтіріңдер,» — деп айт» («ән-Нәмл» сүресі, 61–64-аяттар).

Сондай-ақ, Жаратушының бар екенін дәлелдейтін айғақтарға адамның бастан өткеретін таңғаларлық кезеңдері де жатады. Адам әуелі бір тамшы шәует болды, кейін қан ұйығына айналды, одан соң ет кесегіне айналды, содан кейін оған рух үрленді. Аллаһ Тағала бұл туралы былай деген:

﴿وَلَقَدْ خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ مِنْ سُلَالَةٍ مِّن طِينٍ ﴿١٣﴾ ثُمَّ جَعَلْنَاهُ نُطْفَةً فِي قَرَارٍ مَّكِينٍ ﴿١٤﴾ ثُمَّ خَلَقْنَا النَّطْفَةَ عَلَقَةً فَخَلَقْنَا الْعَلَقَةَ مُضْغَةً فَخَلَقْنَا الْمُضْغَةَ عِظْلًا فَكَسَوْنَا الْعِظْلَ لَحْمًا ثُمَّ أَنشَأْنَاهُ خَلْقًا ءَاخَرَ فَتَبَارَكَ اللَّهُ أَحْسَنُ الْخَالِقِينَ ﴿١٥﴾﴾

«Расында, адамды нағыз балшықтан жараттық. Содан кейін оны жатырда тұратын тамшы қылдық. Сосын тамшыдан ұйыған қан жасадық. Ұйыған қаннан кесек ет жасап, кесек еттен сүйек жасадық та, сүйектерге ет қаптадық. Содан кейін оны басқа бір жаратылыс қып, жан салдық. Жаратушылардың ең жақсысы — Аллаһ Береке Бөруші» («әл-Муъминун» сүресі, 12–14-аяттар).

Бұдан кейін адам өседі, қалалар салады, кемелер мен ұшақтарды басқарады және тағы басқа көптеген істермен айналысады. Бір тамшы сұйықтан жаратылған адам бүтін бір мемлекетті қирата да алады, қалалар да сала алады. Бұл — Ұлы Аллаһтың жаратылысы!

Аллаһ Тағала барлық жаратылысты жұп етіп жаратты, бұл да Аллаһтың құдіретіне нұсқайды. Тіпті атом сияқты кішкентай бөлшектің өзі екі бөліктен тұрады: протон мен нейтрон. Ұлы Аллаһ түн мен күнді жаратты, ал тәуліктер әрқашан

бір-біріне тең. Ешқашан бір тәулік жиырма бес сағат, ал екіншісі жиырма үш сағат болған емес. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ فِي السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ لَآيَاتٍ لِّلْمُؤْمِنِينَ ۝۳۰ وَفِي خَلْقِكُمْ وَمَا يَبُثُّ مِن دَابَّةٍ آيَاتٌ لِّقَوْمٍ يُوقِنُونَ ۝۳۱ وَأَخْتَلَفَ اللَّيْلُ وَالنَّهَارُ وَمَا أَنزَلَ اللَّهُ مِنَ السَّمَاءِ مِن رِّزْقٍ فَأَحْيَا بِهِ الْأَرْضَ بَعْدَ مَوْتِهَا وَتَصْرِيفِ الرِّيْحِ آيَاتٌ لِّقَوْمٍ يَعْقِلُونَ ۝۳۲ تِلْكَ آيَاتُ اللَّهِ نَتْلُوهَا عَلَيْكَ بِالْحَقِّ فَبِأَيِّ حَدِيثٍ بَعْدَ اللَّهِ وَآيَاتِهِ يُؤْمِنُونَ ۝۳۳﴾

«Күдіксіз, көктерде де, жерде де мұминдер үшін аят-белгілер бар. Әрі сендердің жаратылуларында, сондай-ақ, жан-жануарлардың өрбіп таралуында айқын сенген ел үшін белгілер бар. Түн мен күндіздің ауысуында, сондай-ақ, Аллаһтың көктен жаңбыр жаудырып, ол арқылы жерді ол өлгеннен кейін тірілтуінде және желдерді игеруінде ойланатын ел үшін аят-бергілер бар. (Мухаммад,) осылар Аллаһтың аяттары. Біз саған оларды ақиқат бойынша оқимыз. Енді олар Аллаһтан және оның аяттарынан кейін қай сөзге сенеді?» («әл-Жәсия» сүресі, 3–6-аяттар).

Аллаһ Тағала табиғатты адамдарға бағындырды. Ол түрлі тілдерді жаратты. Адамның екі аяғы, екі қолы, бір басы, екі көзі, екі құлағы, бір мұрны және бір аузы бар, алайда олардың терілері, көздерінің пішіні мен түсі әртүрлі. Мұның бәрі Аллаһ Тағаланың ұлылығына нұсқамай ма?

Осының бәріне қарамастан, Аллаһ Тағаланың бар екенін жоққа шығаратын адамдар бар. Бірақ сонымен бірге, олар жүректерімен Аллаһтың бар екендігін жақсы біледі. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَجَحَدُوا بِهَا وَاسْتَيْقَنَتْهَا أَنْفُسُهُمْ ظُلْمًا وَعُلُوًّا فَانْظُرْ كَيْفَ كَانَ عَاقِبَةُ الْمُفْسِدِينَ ۝۱۴﴾

«Олар (мұғжизаларға) көңілдері сенген бола тұра зұлымдықпен және менмендікпен қарсы шықты. Бұзақылардың соңының қалай болғанын көр!» («ән-Нәмл» сүресі, 14-аят).

Пайғамбарлар да осы қағидалармен Аллаһ Тағаланың бар екендігін дәлелдеген. Олар былай деген:

﴿أَفِي اللَّهِ شَكٌّ فَاطِرِ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ﴾

«Көктер мен жерді жаратушы Аллаһ жайында күмәнданасыңдар ма?» («Ибраһим» сүресі, 10-аят).

Аллаһ Тағала Ибраһим пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Намрудпен қалай сөйлескенін баяндап, мына аятты түсірген:

﴿أَلَمْ تَرَ إِلَى الَّذِي حَاجَّ إِبْرَاهِيمَ فِي رَبِّهِ أَنْ آتَاهُ اللَّهُ الْمُلْكَ إِذْ قَالَ
إِبْرَاهِيمُ رَبِّيَ الَّذِي يُحْيِي وَيُمِيتُ قَالَ أَنَا أُحْيِي وَأُمِيتُ قَالَ إِبْرَاهِيمُ فَإِنَّ
اللَّهَ يَأْتِي بِالشَّمْسِ مِنَ الْمَشْرِقِ فَأْتِ بِهَا مِنَ الْمَغْرِبِ فَبُهِتَ الَّذِي كَفَرَ
وَاللَّهُ لَا يَهْدِي الْقَوْمَ الظَّالِمِينَ﴾

«(Мухаммад,) өзіне Аллаһ патшалық берді деп, Ибраһим мен Раббысы жайында таласқанды көрмедің бе? (Бұл өзін құдаймын деп жариялаған бабыл патшасы Нәмруд.) Сол уақытта Ибраһим: «Раббым өлтіреді әрі тірілтеді», — деді. Ол: «Мен де өлтіремін әрі тірілтемін», — деді. Ибраһим: «Расында, Аллаһ күнді шығыстан келтіреді, ендеше сен оны батыстан келтірші», — деді. Сонда кәпір абыржып қалды. Аллаһ залым елді тура жолға салмайды» («әл-Бақара» сүресі, 258-аят).

Сондай-ақ, ұлы имамдар да осы жолмен жүрген. Бірде Үндістаннан бір топ атеистер имам Абу Ханифаға (Аллаһ оны рахымына бөлесін) келіп, Аллаһтың бар екендігі жайлы онымен пікір таластырмақ болды. Абу Ханифа

өте зерек ғалым еді. Ол оларға: *«Екі күннен кейін келіңдер»*, — деді. Олар келісіп, кетті. Олар белгіленген күні келіп: *«Ал, бізге не айтасың?»* — деп сұрады. Имам: *«Мен бір кеме жайында ойлап жүрдім. Кеме түрлі тауарларға толған. Ол теңіздің кең айдындарын қақ жарып жүзіп келеді де, айлаққа тоқтап, жүктерін түсірді. Бірақ оның үстінде не капитан, не жүк түсірушілер болмады»*, — деді. Олар таң қалып: *«Сен шынымен де солай деп ойлайсың ба?»* — деді. Имам: *«Иә»*, — деп жауап берді. Сонда олар: *«Сенде ақыл жоқ екен! Кеме қалайша капитансыз жүзеді? Ал жүктер жүк түсірушілерсіз қалай түсіріледі?»*, — деді. Имам оларға: *«Ал сендердің ақылдарың қайда? Бұл аспан, күн, ай, жұлдыздар, таулар мен адамдар қалайша Жаратушысыз өмір сүре алады?»* — деді. Сонда олар имамның өздерінің ақыл деңгейіне сай мысалмен сөйлегенін түсініп, қарсы уәж айта алмады.

Имам Мәликтен (Аллаһ оны рахымына бөлесін) Жаратушының бар екендігіне дәлел сұрағанда, ол былай жауап берді: *«Дауыстардың, үндердің және тілдердің әртүрлілігіне қараңдар, сонда бәрінің Жаратушысы бар екенін түсінесіңдер»*.

Бірде адамдар имам әш-Шәфиғиден (Аллаһ оны рахымына бөлесін): *«Уа имам, Аллаһтың бар екендігін немен дәлелдейсің?»* — деп сұрады. Ол былай деп жауап берді: *«Жібек құрты жейтін тұт ағашының бір жапырағы Аллаһтың бар екеніне дәлел. Себебі, оны жеген жібек құрты жібек өндіреді. Сол жапырақтан тозаң жинаған ара бізге бал береді. Ал сол жапырақты жеген сиыр бізге сүт береді»*.

АЛҒАН БІЛІМІҢІЗДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Таухид әр-рубубияға қатысты қандай ережелер бар?

☐ Біріншіден, әрбір істің істеушісі бар. Екіншіден, істеушіде күш және кейбір қасиеттер бар;

☐ Біріншіден, әрбір істің істеушісі бар. Екіншіден, істеушіде күш және кейбір қасиеттер бар. Үшіншіден, белгілі бір әрекеттерді оны істеуге шамасы келмейтінге телуге болмайды;

☐ Біріншіден, әрбір істің істеушісі бола бермейді. Екіншіден, жаратылыстар өздерін өздері жаратты. Үшіншіден, біз көрмеген нәрсемізді растай алмаймыз.

2. Дұрыс тұжырымды таңдаңыз:

☐ Аллаһтың бар екендігінің ең жақсы дәлелі — қазіргі заманғы ғылымнан болған дәлелдер;

☐ Аллаһтың бар екендігінің ең жақсы дәлелі — адамның ақылы. Адам есейген кезде жаратылыстардың бар екендігі — Жаратушының бар екендігіне нұсқайтынын түсінеді;

☐ Аллаһтың бар екендігінің ең жақсы дәлелі — бұл Құран.

3. Аятты аяқтаңыз: «Олар Құран туралы ойланбайды ма? Әлде».

☐ «Олар Құран туралы ойланбайды ма? Әлде олардың жүректерінде құлып бар ма?»;

☐ «Олар Құран туралы ойланбайды ма? Әлде олар соншалықты ақымақ па?»;

☐ «Олар Құран туралы ойланбайды ма? Әлде олар аят-белгілерді көрмейді ме?».

4. Адам ағашты өзі өсіре алады ма?

☐ Иә, өйткені адам тұқым отырғызса, одан тал өсіп шығады;

☐ Иә, ол өздігінен өседі.

☐ Жоқ, тек Аллаһ Тағала барлық жаратылыстарды өсіреді, басқарады, жаратады, өлтіреді және тірілтеді.

V. Аллаһ Тағаланың раббылықтағы жалғыздығы

Таухид әр-рубубия қандай тіректерден тұрады?

Таухид әр-рубубия екі тіректен тұрады. Бұл туралы Ұлы Аллаһ Құранда Муса пайғамбар мен Перғауынның арасындағы әңгімені баяндап берді. Мұса пайғамбар (оған Аллаһтың сәлемі болсын) бауыры Һарунмен бірге Перғауынға және оның нөкерлеріне келгенде, бұл екі пайғамбар оларды Ұлы Аллаһқа иман келтіруге шақырды. Перғауын жүрегінде Ұлы Аллаһтың бар екенін мойындағанымен, өзін құдай деп атағаны үшін менмендікке салынып, сырттай Аллаһтың бар екендігін жоққа шығарған. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قَالَ فَمَنْ رَبُّكُمَا يٰمُوسٰى﴾

«(Перғауын): «Әй Муса! Сен екеуіңнің Раббың кім?», — деді» («Та-Ха» сүресі, 49-аят).

Муса кемшілігі жоқ, басқа сөздерді қажет етпейтін жауап беріп, былай деген:

﴿قَالَ رَبُّنَا الَّذِيۤ اَعْطٰى كُلَّ شَيْءٍ خَلْقَهُ ثُمَّ هَدٰى﴾

«(Муса): «Раббымыз — әр нәрсеге бір бейне беріп, содан соң оны тура жолға салған», — деді» («Та-Ха» сүресі, 50-аят).

Демек, таухид ар-рубубия екі тіректен тұрады:

Бірінші тірегі — жалғыз Аллаһ Тағала ғана Жаратушы екенінде. Аллаһ Тағала көктер мен жерді және екеуінің арасындағы барлық нәрсені жаратқанда, бұған ешкім куә болған жоқ. Бұл туралы Аллаһ Тағала былай деген:

﴿ مَا أَشْهَدُهُمْ خَلَقَ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضِ وَلَا خَلَقَ أَنْفُسِهِمْ وَمَا كُنْتُ
مُتَّخِذَ الْمُضِلِّينَ عَضُدًا ﴾ ﴿٥١﴾

«Мен жер, көкті жаратқанда және олардың өздерін жаратқанда, оларды керек қылмадым. Сондай-ақ, ешқашан аздырушыларды көмекші еткен емеспін» («әл-Каһф» сүресі, 51-аят).

Аллаһ Тағала барлық нәрсені жаратқанда, Одан басқа ешкім болмаған. Аллаһ Тағала түсірген бұл аят — өзін билік пен басқаруға иемін деп санағандарға қарсы ең күшті дәлел. Билік пен басқарудың бұған қандай қатысы бар? Жауап жеңіл! Егер біреу бір нәрсені жаратса, ол соның иесі болып, соны басқарады. Демек, Аллаһ Тағала — жалғыз Жаратушы, Патша, әрі барлық билік Соған ғана тиесілі. Аллаһ Тағаланың ешқандай серігі жоқ. Ешкім жаратылғандардың арасында бұл дүниеде бір нәрсеге ие деп айта алмайды. Алайда, Кавказда, Татарстанда, Орта Азияда және басқа да жерлерде көптеген мұсылмандар кейбір қабірлерде жатқан өлілерге барып: «Мына жерде жатқан шейхымыз осы дүниенің төрттен біріне иелік етеді», — немесе: «Біздің шейхымыз дүниенің үштен біріне иелік етеді», — немесе: «Жаңбырды иелік етеді», — немесе: «Біздің шейхымыз барлық аурулардың иесі! Егер соған жүгінсең, сені емдейді», — деп айтады. Яғни, олар осы сияқты сөздерімен билікті Аллаһ Тағаладан басқаға телиді. Аллаһ Тағала мұндайларға қарсы дәлел ретінде Құран Кәрімнің мына аятын түсірді:

﴿ قُلِ ادْعُوا الَّذِينَ زَعَمْتُمْ مِّنْ دُونِ اللَّهِ لَا يَمْلِكُونَ مِثْقَالَ ذَرَّةٍ فِي
السَّمَوَاتِ وَلَا فِي الْأَرْضِ وَمَا لَهُمْ فِيهِمَا مِنْ شِرْكٍَ وَمَا لَهُ مِنْهُمْ مِّنْ
ظَهِيرٍ ﴾ ﴿٢٢﴾

«(Мухаммад) оларға: «Аллаһтан өзге көктерде де, жерде де тозаңның салмағындай түкке ие бола алмайтын, екеуінде де бір ортақтығы жоқ, сондай-ақ Аллаһқа олардың ешбі-

реуі көмекші де емес, өздеріңнің құдай деп ойлағандарыңды шақырыңдар», — деп айт» («әс-Саба» сүресі, 22-аят).

Әттең, олар Құран жайында терең ойланса ғой! Осы аяттан біз билік толықтай Жалғыз Аллаһ Тағалаға ғана тән екенін түсінеміз. Өйткені көктер мен жерді және ол екеуінің арасындағыны жаратушы — тек Аллаһ.

Біз жоғарыда атап кеткен адасушы сенімдер мұсылмандарда қайдан пайда болды? Бәріміз білетіндей, кезінде грек философтары өмір сүрген. Олар жаратылыс туралы ойлануды бастап: «Бұл әлем пайда болды, оның Жаратушысы бар, алайда біз Ол Жаратушыны көрмейміз. Ол қайда?» — деді. Олар іздеді, бірақ Жаратушыны таба алмады, өйткені көздер Аллаһ Тағаланы қамти алмайды. Сонда олар: «Иә, бұл әлемнің Жаратушысы бар, Ол оны жаратты да, кейін оны тастап кетті. Әрине, Ол Өзінен кейін бұл әлемді басқаратын біреуді қалдырған», — деді. Содан соң олар барлық жаратылыстардың ішіндегі ең ірілерін, ең ұлықтарын іздей бастады да, соларға билік тели бастады. Күнге қарап: «Бұл — ұлы жаратылыс, бәлкім, ол құдайлық күшке ие шығар», — деді. Дауыл мен найзағайға қарап: «Мынау — орасан күш иесі, демек, ол да құдайлық күшке ие», — деді. Сол себепті өздерінің мифологиясында Зевсті «найзағайдың құдайы», басқа біреуді «күн құдайы» деп атады. Кейін отқа табынушылар пайда болды. Олар отқа табынды да: «От — орасан күшке ие, ол санаулы сағаттарда талай орман мен алқаптарды жойып жібере алады. Демек, ол да құдайлық күшке ие», — деді.

Біздің заманымызда бұл сенім кейбір мұсылмандарға да өтті, Аллаһ Тағала оларды тура жолға салсын! Олардың кейбірі өлілер олар үшін шапағат етеді деп ойлап, олардың қабірлеріне барып, шапағат сұрайды. Мұндай мұсылман нендей сауатсыз!

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَا تَنْفَعُ الشَّفَعَةُ عِنْدَهُ إِلَّا لِمَنْ أَذِنَ لَهُ﴾

«Аллаһтың қасында, рұқсат берілген біреуден басқаның шапағаты пайда бермейді» («әс-Саба» сүресі, 23-аят).

Мұсылмандар шапағаттың қандай екендігін және бұл шапағат қалай болатындығын білмейді. Ал Қиямет күніндегі шапағаттың шарттары бар:

1) Аллаһ Тағала шапағат етушіге шапағат етуіне рұқсат беруі қажет. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿مَنْ ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلَّا بِإِذْنِهِ﴾

«Оның құзырында Өзінің рұқсатынсыз кім шапағат етеді?» («әл-Бақара» сүресі, 255-аят).

2) Аллаһ Тағала шапағат етушіге белгілі адам үшін шапағат етуіне рұқсат беруі қажет. Яғни, Аллаһ Тағала әр адам үшін шапағат етуге рұқсат бермейді. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَا يَشْفَعُونَ إِلَّا لِمَنِ ارْتَضَى﴾

«Олар Аллаһ разы болған кісіге ғана шапағат ете алады» («әл-Әнбия» сүресі, 28-аят).

Бірде Аллаһтың Елшісіне (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сыйлық ретінде ет әкелінген еді. Біраз уақыттан кейін оған сүйікті асы — қойдың жауырыны әкелінді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) одан бір тістеп, былай деді: *«Қиямет күнінде мен барлық адамдардың жетекшісі боламын. Ал оның себебін білесіңдер ме? Өйткені Қиямет күнінде Аллаһ алғашқылар мен соңғылардың барлығын бір биік жерге жинайды. Сонда жаршы барлық адамдарға бірдей үн қатып, бәрін бір қараспен қамтуға болады. Сол күні күн адамдарға жақындайды да, оларды сондай бір қайғы-қасірет пен күйзеліс қамтиды, оны көтеруге күш те, сабыр да жетпейтін болады. Сонда адамдар бір-біріне: «Қандай хәлге түскенімізді көріп тұр-*

сыңдар ма?! Қай жерге жеткенімізді көрмей тұрсыңдар ма?! Раббымыздың алдында біз үшін шапағат ететін біреуді іздемейсіңдер ме?» — деп айтады. Олардың кейбірі өзгелерге: «Адам пайғамбарға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) барыңдар!» — дейді. Олар Адамға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) келіп: «Уа Адам! Сен — адамдардың атасысың. Аллаһ сені Өз қолымен жаратты, саған рух үрледі, әрі Оның әмірімен періштелер саған тағзым етіп сәжде қылды. Ендеше Раббыңның алдында біз үшін шапағат ет! Қандай күйде екенімізді, қандай хәлге жеткенімізді көріп тұрған жоқсың ба?», — дейді. Адам (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларға: «Шын мәнінде, бүгін Раббым бұрын-соңды ашуланбағандай және бұдан кейін осылай ашуланбайтындай ашуланды. Расында, Ол маған бұл ағаштың жемісін жемеуді бұйырды, ал мен Оған мойынсұнбадым. Мен өзім де қорғауға мұқтажбын. Сендер басқа біреуге барыңдар, Нухқа барыңдар!» — деп жауап береді.

Сонда олар Нухқа (оған Аллаһтың сәлемі болсын) келіп: «Уа Нух! Сен — жер бетіндегі адамдарға жіберілген Аллаһтың алғашқы елшісісің, әрі Аллаһ сені шүкір етуші құл деп атады. Раббыңның алдында біз үшін шапағат ет! Қандай күйде екенімізді, қандай хәлге жеткенімізді көріп тұрған жоқсың ба?» — дейді. Нух (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларға: «Шын мәнінде, бүгін Раббым бұрын-соңды ашуланбағандай және бұдан кейін осылай ашуланбайтындай ашуланды. Расында, дүние өмірінде маған Аллаһқа тек бір ғана дұға жасауға рұқсат етілді, мен Аллаһ Тағалаға өз халқыма қарсы маған көмектесуін сұрап, дұғамен жалбарынып қойдым. Мен өзім де қорғауға мұқтажбын. Сендер Ибраһимге барыңдар!» — дейді.

Сонда олар Ибраһимге (оған Аллаһтың сәлемі болсын) келіп: «Уа Ибраһим! Сен — Аллаһтың пайғамбары және Жер бетіндегі адамдардан Оның сүйіктісісің (халилісің). Раббыңның алдында біз үшін шапағат ет! Қандай күйде

екенімізді, қандай хәлге жерге жеткенімізді көріп тұрған жоқсың ба?» — дейді. Ибраһим (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларға: «Шын мәнінде, бүгін Раббым бұрын-соңды ашуланбағандай және бұдан кейін осылай ашуланбайтындай ашуланды» — деп, өзінің үш рет өтірік айтқанын еске алып: «Мен өзім де қорғауға мұқтажбын. Сендер басқа біреуге барыңдар, Мусаға барыңдар!» — дейді.

Сонда олар Мусаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) келіп: «Уа Муса! Сен — Аллаһтың Елшісісің, Аллаһ сені Өзінің сөздерін жеткізу үшін таңдады әрі сенімен тікелей сөйлесті. Раббыңның алдында біз үшін шапағат ет! Қандай күйде екенімізді, қандай хәлге жеткенімізді көріп тұрған жоқсың ба?» — дейді. Муса (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларға: «Шын мәнінде, бүгін Раббым бұрын-соңды ашуланбағандай және бұдан кейін осылай ашуланбайтындай ашуланды. Мен бір адамды өлтірдім, бірақ бұл жөнінде маған ешқандай әмір келмеген еді. Мен өзім де қорғауға мұқтажбан. Сендер Исаға барыңдар!» — дейді.

Сонда олар Исаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) келіп: «Уа Иса! Сен — Аллаһтың Елшісісің, бесікте жатып-ақ адамдармен сөйлестің, сен — Аллаһтың Мәриямға сыйлаған Сөзісің және Одан келген Рухсың. Раббыңның алдында біз үшін шапағат ет! Қандай күйде екенімізді, қандай хәлге жеткенімізді көріп тұрған жоқсың ба?» — дейді. Иса (оған Аллаһтың сәлемі болсын) оларға: «Шын мәнінде, бүгін Раббым бұрын-соңды ашуланбағандай және бұдан кейін осылай ашуланбайтындай ашуланды» — дейді, алайда ешқандай күнәсын атамайды. Сосын: «Мен өзім де қорғауға мұқтажбын. Сендер басқа біреуге барыңдар, Мухаммадқа барыңдар!» — дейді.

Содан кейін олар маған келіп: «Әй Мухаммад! Сен — Аллаһтың Елшісісің және соңғы пайғамбарысың, Аллаһ сенің өткен және келешектегі барлық күнәларыңды кешірді. Раббыңның алдында біз үшін шапағат ет! Қандай күйде

екенімізді, қандай хәлге жеткенімізді көріп тұрған жоқ-сың ба?» — дейді. Сонда мен Аллаһтың Аршысының астына барып, Раббымның алдында сәждеге жығыламын. Сол сәтте Аллаһ Тағала маған Өзін мақтап-мадақтап, ұлықтайтын, бұрын ешкімге ашпаған сөздерді үйретеді. Сосын Аллаһ Тағала: «Ей Мухаммад, басыңды көтер! Сұра, саған сұрағаның беріледі, шапағат ет, шапағатың қабыл болады», — дейді. Мен басымды көтеріп: «Уа Раббым! Үмметім! Үмметім» — деймін. Сонда маған: «Ей Мухаммад, үмметіңнің есеп-хисаптан босатылғандарын Жәннаттың оң жақ қақпасынан кіргіз. Бірақ олар адамдармен бірге басқа қақпалардан да кіре алады», — деп айтылады». Әл-Бухари, 4712; Муслим, 194.

Ендеше, шапағаттың бірнеше түрі бар:

а) Ұлы шапағат — бұл Қиямет күні адамдар елу мың жыл бойы Раббылары оларға қашан үкім шығаруын күтіп тұратын кезде болады. Сол уақытта Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Раббысынан оларға үкім етуін сұрап, шапағат етеді. Бұл шапағат тек біздің Пайғамбарымыз Мухаммадқа (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ғана беріледі. Бұл — оған уәде етілген «Мақам Махмуд» («Мақтаулы Орын»).

ә) Жәннат қақпаларының ашылуын сұрау — қақпалардың ашылуын ең алғаш сұрайтын — біздің Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), ал Жәннатқа ең алдымен кіретіндер — оның үмметі болады.

б) Тозаққа кіру бұйырылған адамдарға қатысты, олардың оған кірмеуі үшін шапағат ету.

в) Жалғыз Аллаһқа иман келтірген, бірақ күнә жасап, Тозаққа кірген бірқұдайшылдар үшін шапағат етіп, оларды Тозақтан шығару.

г) Жәннат тұрғындарының дәрежелерін көтеру үшін шапағат ету — шапағаттың соңғы үш түрі тек біздің Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ғана

тән емес, бірақ ол бұл жерде де үлкен мәртебеге ие. Одан кейін басқа пайғамбарлар, періштелер, салиқалы адамдар және Аллаһ жолында қаза тапқандар (шаһидтер) шапағат етеді.

ғ) Белгілі бір адамдарға есеп-қисапсыз Жәннатқа кіру үшін шапағат ету.

д) Кейбір кәпірлердің азабын жеңілдету үшін шапағат ету — бұл шапағат түрі тек Пайғамбарымыз Мухаммадқа (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тән. Ол оны өзінің көкесі Абу Талибтің азабын жеңілдету үшін қолданады.

Таухид-ар-рубубияның екінші тірегі — Аллаһ Тағала бүкіл әлемді жалғыз Басқарушы екенінде. Аллаһ Тағала Өз жаратылыстарын өздеріне қалдырып қойған жоқ. Ол оларды жаратып, барлығын өз жолымен жүргізді. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿اللَّهُ خَلِقُ كُلِّ شَيْءٍ وَهُوَ الْوَاحِدُ الْقَهْرُ ۝١٦﴾

«Әр нәрсені жаратушы — Аллаһ. Ол — Жалғыз, аса Өктем» («ар-Рағд» сүресі, 16-аят).

Аллаһ Тағала әр нәрсеге өз жолын берді немесе жаратқаннан кейін әр нәрсені басқара бастады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿سَبِّحْ اسْمَ رَبِّكَ الْأَعْلَى ۝١ الَّذِي خَلَقَ فَسَوَّى ۝٢﴾

«(Мухаммад) ұлы Раббыңның есімін пәктеп-дәріпте. Ол сондай Аллаһ, жаратып, толықтаған» («әл-Әғлә» сүресі, 1–2-аяттар).

Әр нәрсені жарату — бұл бірінші саты, кейін Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَالَّذِي قَدَّرَ فَهَدَى ۝٣﴾

«Ол сондай Аллаһ, жаратылыстарының тағдырын белгілеп, сосын жолына бағыттаған» («әл-Әғлә» сүресі, 3-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ اللَّهَ يُمْسِكُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ أَنْ تَزُولَا وَلَئِنْ زَالَتَا إِنْ أَمْسَكَهُمَا مِنْ أَحَدٍ مِّنْ بَعْدِهِ﴾

«Рас, Аллаһ көктер мен жерді бұлжытпай (жылжымай-тындай етіп) ұстайды. Ал ол екеуі жылжып кететін болса, Одан кейін оны ешкім ұстап тұра алмайды» («Фатыр» сүресі, 41-аят).

Аллаһ Тағала көктер мен жерді, планеталарды, галактикаларды жаратты, әрбір жұлдызға өз орбитасын белгіледі, әрбір жұлдыз бен әрбір планета өз орбитасында қозғалады. Егер Аллаһ Тағала мұның бәрін жай ғана жаратып, қараусыз қалдырса, не болар еді?! Бүгінгі заманда айтылып жүргендей, егер жер өз орбитасынан бес сантиметрге ғана ауытқыса, бұл апатқа әкеліп, бүкіл адамзат қырылар еді. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿أَلَا لَهُ الْخَلْقُ وَالْأَمْرُ تَبَارَكَ اللَّهُ رَبُّ الْعَالَمِينَ﴾

«Жарату және бұйрық беру Оған тән. Береке Иесі Аллаһ — бүкіл әлемдердің Раббысы» («әл-Әғраф» сүресі, 54-аят).

Егер Аллаһ Тағала бізді жаратып, жай ғана қалдырғанда, біз ешнәрсе істей алмайтын пұт секілді болар едік. Алайда олай емес! Біздің бойымыздағы қанның ағымы өздігінен болып жатыр ма?! Сол қанды кім жүргізеді? Бауырды, бүйректі, өкпені жұмыс істетіп тұрған кім? Есту мен көруді беріп тұрған кім? Әрине, бұл — аса Жоғары Аллаһ. Ендеше, адамдар қалайша Аллаһ Тағаладан басқа біреуден жалбарынып сұрайды?!

АЛҒАН БІЛІМІҢІЗДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Таухидтің қандай түрлері бар?

- ☐ Таухид әр-Рубубия, Таухид әл-Улуһия, Таухид әл-Әсма уә әс-Сыфат, Таухид әл-Хақимия;
- ☐ Таухид әр-Рубубия, Таухид әл-Улуһия;
- ☐ Таухид әр-Рубубия, Таухид әл-Улуһия, Таухид әл-Әсма уә әс-Сыфат.

2. Таухид әр-Рубубия қандай негіздерден тұрады?

- ☐ Таухид әр-Рубубияның екі негізі бар: 1. тек Аллаһ Тағала ғана Жаратушы болып табылады. 2. тек Жалғыз Аллаһ Тағала ғана Өз жаратылыстарын басқарады;
- ☐ Бір негіз бар: 1. тек Аллаһ Тағала ғана Жаратушы болып табылады;
- ☐ 1. тек Аллаһ Тағала ғана Жаратушы болып табылады. 2. тек Жалғыз Аллаһ Тағала ғана Өз жаратылыстарын басқарады. 3. Кейбір әулиелер әлемнің бөліктеріне иелік етеді.

3. Мұсылмандар Таухид әр-Рубубияға байланысты қандай адасушылықтарға түсті?

- ☐ Аллаһ Тағаладан басқа біреуге билік телиді, мысалы, шейхымыз емдейді немесе әлемнің бір бөлігіне иелік етеді деп айтады;
- ☐ Ең басты мақсат — мемлекет (халифат) құру деп санайды;
- ☐ Олардың ата-бабалары солай жасағандықтан, олар да астар, сабантойлар, мәуліт өткізеді.

4. Қиямет күні шапағат етудің шарттары қандай?

☐ Бір шарт шарт: 1 — Аллаһ Тағала шапағат етушіге шапағат етуіне рұқсат беруі керек.

☐ Екі шарт бар: 1 — Аллаһ Тағала шапағат ететін адамға разы болуы керек. 2 — Шапағатты Аллаһтан тікелей емес, Аллаһтың әулиелерінен сұрау керек. Өйткені біз Президенттен тікелей бірдеңе сұрай алмаймыз, арамызда делдал болу қажет. Бұл жағдай да осы секілді.

☐ Екі шарт бар: 1 — Аллаһ Тағала шапағат етушіге шапағат етуге рұқсат беруі керек. 2 — Аллаһ Тағала шапағат етушіге және шапағат етілетін адамға разы болуы керек.

VI. Аллаһ Тағала — құлшылыққа лайық жалғыз Құдай

Егер адам құлшылық ету барысында Аллаһ Тағалаға серік қосса, Ол мұндай құлшылықты қабыл етпейді. **Құлшылықтың өзі екі негізге сүйенеді: махаббат және бойсұну.** Аллаһ Тағала адамның Одан басқа біреуді Оны жақсы көргендей жақсы көруіне немесе Оған бағынғандай бағынуына рұқсат етпейді. Барлық адамдар, ешбір ерекшеліксіз, Аллаһтың құлдары болып табылады. Құлдық екі түрлі болады: ерікті және еріксіз. Біреу: «Мен Аллаһтың құлы емеспін», — деуі мүмкін. Жақсы. Егер сен Аллаһтың құлы болмасаң, онда өзіңді өлмейтін етші! Егер сен Аллаһтың құлы болмасаң, өзіңді ешқашан ауырмайтындай етші! Егер сен Аллаһтың құлы болмасаң, өзіңді аштықты сезбейтіндей етіп жасашы! Жоқ, сен мұны істей алмайсың, өйткені сен — Аллаһтың құлысың! Аллаһ Тағала — сенің Раббың! Егер сен Оған ерікті түрде құл болмайтын болсаң, мәңгілікке Отқа кіресің! Ал ерікті құлдық — Аллаһ Тағаланың алдындағы ең жоғары дәреже. Сондықтан Аллаһ Тағала біреуді мақтағысы келгенде, оны Аллаһтың құлы деп атайды. Мысалы, Ол былай былай деген:

﴿سُبْحَانَ الَّذِي أَسْرَى بِعَبْدِهِ لَيْلًا مِّنَ الْمَسْجِدِ الْحَرَامِ إِلَى الْمَسْجِدِ الْأَقْصَا الَّذِي بَرَكْنَا حَوْلَهُ لِنُرِيَهُ وَمِنَ آيَاتِنَا إِنَّهُ هُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ﴾

«Өз құлын (Мухаммадты) бір түнде, оған аят-белгілерімізді көрсету үшін, Мәсжид Ақсаға апарған Аллаһ —

кез-келген кемшіліктен Пәк. Шәксіз, Ол — бүкіл нәрсені Естуші, Білуші» («әл-Исра» сүресі, 1-аят).

Аллаһ Тағала Пайғамбарды (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) «Өзінің құлы» деп атау арқылы Оны мадақтады.

Елшілер (Нухтан бастап Мухаммадқа дейін (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын)) адамдарға не үшін келді?

Жай ғибадат пен Аллаһ Тағаланы ғибадатта жалғыз етудің арасында үлкен айырмашылық бар. Жай ғибадат — бір бөлек, ал Аллаһ Тағаланы құлшылықта жалғыз ету — басқа нәрсе. Барлық елшілер, Нухтан (оған Аллаһтың сәлемі болсын) бастап, Мухаммад пайғамбарға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дейін, адамдарға дәл осыған, яғни Аллаһ Тағаланы құлшылық-ғибадатта жалғыз етуге шақырып келді. Олар адамдарды «Аллаһ Тағалаға құлшылық қылыңдар» деп қана шақырған жоқ, олар «тек Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық қылыңдар» деп шақырды. Өйткені, Пайғамбарымыз Мухаммадтың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келуіне дейінгі мүшриктер де Аллаһ Тағалаға құлшылық ететін. Олар Өздерін Аллаһ Тағаланы жақсы көреміз деп айтатын, қажыларға ас беретін, қонаққа жомарттық танытатын, олар мұның бәрін Аллаһ Тағаланың разылығы үшін істейтін. Алайда, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оларды тек жалғыз Аллаһ Тағалаға құлшылық қылуға шақырғанда, олар бұған қатты таң қалды. Олар былай деген еді:

﴿أَجْعَلِ الْآلِهَةَ إِلَهًا وَاحِدًا إِنَّ هَذَا لَشَيْءٌ عُجَابٌ﴾

«Құдайларды бір-ақ Құдай қыла ма? Әрине бұл тым таңғажайып нәрсе» («Сод» сүресі, 5-аят).

Сондықтан, мәселе олардың Аллаһ Тағалаға құлшылық қылмауында емес еді, мәселе — олардың құлшылықта Аллаһ Тағалаға серік қосуында болды. Адам Жалғыз Аллаһ Тағаланы

ұлықтап, Жалғыз Оны ғана жақсы көрсе, Жалғыз Одан ғана қорықса, Жалғыз Одан ғана сұраса, Жалғыз Оған жүгінсе ғана бірқұдайшыл болады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَأَنَّ الْمَسَاجِدَ لِلَّهِ فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا﴾

«Шын мәнінде, мешіттер Аллаһқа тиесілі. Ендеше Аллаһпен бірге ешкімге дұға етпеңдер» («әл-Жинн» сүресі, 18-аят).

Құран тәпсіршілері «әл-мәсәжид» сөзіне екі мағына береді:

- 1) «Әл-мәсәжид» — мешіттер.
- 2) «Әл-мәсәжид» — адам сәжде жасағанда жерге тиетін дене мүшелері.

Дұғаның түрлері

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَلَا تَدْعُوا مَعَ اللَّهِ أَحَدًا﴾

«Ендеше Аллаһпен бірге ешкімге дұға етпеңдер» («әл-Жинн» сүресі, 18-аят).

Әһлу-с-сунна ғұламалары дұғаны екі түрге бөледі:

- 1) «Дұға әл-мәсьәлә» — адамның Аллаһ Тағаладан бір нәрсені сұрауы.
- 2) «Дұға әл-ғибада» — Аллаһ Тағалаға бағытталған кез келген құлшылық түрі. Өйткені кез келген құлшылық жасаған адам, сол арқылы Аллаһ Тағаладан осы құлшылық үшін сауап беруін тілейді. Біз не үшін намаз оқимыз? Намазға тұрып, оқығанда, осы амалымызбен Аллаһтың мейірімін сұрамаймыз ба? Біз не үшін ораза ұстаймыз? Осы арқылы Аллаһ Тағаланың мейірімін үміт етпейміз бе?

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَقَالَ رَبُّكُمْ ادْعُونِي أَسْتَجِبْ لَكُمْ﴾

«Раббыларың: "Маған дұға етіңдер! Тілектеріңді қабылдаймын", — деді» («Ғафир» сүресі, 60-аят).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Дұға — бұл ғибадат»**. Абу Дауд, 1479; әт-Тирмизи, 2969.

Махаббат, қорқу, жәрдем сұрау, пана тілеу, тәуекел ету — бұлардың барлығы ғибадатқа жатады. Біреу: «Егер мен анамды, әйелімді, балаларымды жақсы көрсем, бұл арқылы мен Аллаһ Тағалаға серік қосқан боламын ба?» — деп сұрауы мүмкін. Жоқ, біз сөз етіп отырған нәрсе — тек Аллаһ Тағалаға ғана арналуы тиіс болған ерекше, тағзым және бойұсынушылықпен болатын, ғибадат болып табылатын махаббат. Қорқу, жәрдем сұрау және басқа да ғибадат түрлері де дәл осы секілді.

Мысалы, адам оттан, жыртқыш аңнан, жаудан, залымнан және басқа да қауіпті нәрселерден қорқуы мүмкін. Бірақ, біз жоғарыда Аллаһтан ғана қорқу қажет деп айтқан едік. Ендеше оттан, жыртқыш аңнан және сол сияқты нәрселерден қорқу ширк болады ма? Жоқ, өйткені әңгіме ерекше, Құдайдан қорқатындай етіп тағзыммен қорқу жайлы болып отыр — ал ол тек Аллаһ Тағалаға ғана арналуы тиіс.

Мысал ретінде, кейбір адамдар қабірлерге барып, ондағы өлгендерді әулие санайды, олардан жәрдем сұрайды, олардан тек Аллаһ Тағаладан ғана қорқуға тиіс болған, мысалы, олар разы болмаса, бір зиян жібере алады деп, немесе олар бір тылсым күдіретке ие деп қорқады. Олар бұл өлгендерден тек Аллаһ Тағала ғана бере алатын нәрселерді сұрайды. Міне, осы — көпқұдайшылық (ширк).

Адамдардан көмек сұрауға бола ма? Егер болса, қандай жағдайда?

Иә, адамдардан белгілі бір шарттармен көмек сұрауға болады: **біріншіден**, ол адам тірі болуы керек, **екіншіден**, оның көмектесе алатындай мүмкіндігі болуы тиіс. Ешбір жағдайда өлгендерден көмек сұрауға болмайды. Өйткені, өлгендер өзіне жүгінгендерді естімейді және ешқандай көмек көрсете алмайды.

Мысалы, бір адам суға батып бара жатып, жағада тұрған адамдардан өзін құтқаруды сұрайды делік. Бұл көпқұдайшылыққа (ширкке) жатпайды, өйткені ол адамдар оның дауысын естиді және, мысалы, құтқару дөңгелегін лақтыру сияқты, оған көмектесе алады. Ал егер осындай жағдайда біреу: «Жоқ! Көмек сұрау — бұл құлшылық, сондықтан мен адамдардан көмек сұрамаймын», — деп ойлап, содан кейін қайтыс болса, ол өзін-өзі өлтіруші ретінде өледі. Себебі бұл жағдайда олар көмектесе алатын болғандықтан, ол олардан көмек сұрауы керек еді. Бірақ ешбір жағдайда өлгендерден көмек сұрауға болмайды!

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنْ تَدْعُوهُمْ لَا يَسْمَعُوا دُعَاءَكُمْ وَلَوْ سَمِعُوا مَا اسْتَجَابُوا لَكُمْ وَيَوْمَ الْقِيَمَةِ يَكْفُرُونَ بَشِرْكُمْ وَلَا يُنَبِّئُكَ مِثْلُ خَبِيرٍ﴾

«Егер оларға жалбарынсаңдар, дауыстарыңды естімейді. Олар тіпті естіген болғанда да, сендерге жауап қайтара алмайтын еді. Сондай-ақ Қиямет Күні олар сендердің серік қосқандарыңнан бас тартады. Толық Хабар Беруші Аллаһтай саған ешкім түсіндірмейді» («Фатыр» сүресі, 14-аят).

Аллаһ Тағала мұндай өлілерге жүгінуді құлшылық деп атады. Сондықтан, кімде-кім өлгендерге дұғамен жүгінсе, сол көпқұдайшылыққа (ширкке) түседі. Аллаһ Тағала мұндай адамдарға былай деген:

﴿يَا أَيُّهَا النَّاسُ ضُرِبَ مَثَلٌ فَاستَمِعُوا لَهُ إِنَّ الَّذِينَ تَدْعُونَ مِنْ دُونِ اللَّهِ لَنْ يَخْلُقُوا ذُبَابًا وَلَوْ اجْتَمَعُوا لَهُ وَإِنْ يَسْلُبْهُمُ الذُّبَابُ شَيْئًا لَا يَسْتَنْقِذُوهُ مِنْهُ ضَعُفَ الطَّالِبُ وَالْمَطْلُوبُ ﴿٧٣﴾﴾

«Әй адам баласы! Бір мысал келтірілді. Енді соған құлақ салыңдар: сендердің Аллаһтан өзге дұға етіп жалбарынғандарың, барлығы жиылса да, әсте бір шыбын жарата алмайды. Сондай-ақ, егер шыбын олардың бір нәрсесін алып қашса, одан оны тартып ала алмайды. Өйткені, сұраушы да, сұралушы да әлсіз» («әл-Хәжж» сүресі, 73-аят).

Аллаһ Тағала жындар мен адамдарды не себепті жаратты?
Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ ﴿٥١﴾﴾

«Мен жындар мен адамзатты өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым» («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят).

АЛҒАН БІЛІМІҢІЗДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Құлшылық не нәрсеге негізделеді?

- ☐ Тек махаббатқа;
- ☐ Тек бойсұнуға;
- ☐ Махаббатқа және бойсұнуға

2. Нухтан бастап Мухаммадқа (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дейінгі Елшілер адамдарға не үшін келді?

- ☐ Олар адамдарды Жалғыз Аллаһтың Жаратушы екенін мойындауға шақырды;
- ☐ Олар адамдарды тек Жалғыз Аллаһқа ғана құлшылық етуге шақырды;
- ☐ Олар адамдарды Аллаһтың нығметтерін жоққа шығармауға шақырды.

3. «Әл-мәсәжид» сөзінің мағынасы қандай?

- ☐ Бұл — мешіттер;
- ☐ Бұл — мешіттер және Аллаһқа құлшылық жасайтын барлық жерлер;
- ☐ Бұл — мешіттер және адам сәжде жасаған кезде жерге тигізетін дене мүшелері.

4. «Дуға әл-мәсьәлә» деген не?

- ☐ Бұл адамның Аллаһ Тағаладан бір нәрсе сұрауы;
- ☐ Бұл — Аллаһ Тағалаға жасалатын құлшылықтың кез келген түрлері. Мысалы, намаз немесе ораза;
- ☐ Бұл — Аллаһтан бір әулиенің құрметі үшін сұралатын ерекше дұға.

5. «Дуға әл-ғибада» деген не?

- ☐ Бұл адамның Аллаһ Тағаладан бір нәрсе сұрауы;
- ☐ Бұл — Аллаһ Тағалаға жасалатын құлшылықтың кез келген түрлері. Мысалы, намаз немесе ораза;
- ☐ Бұл — Аллаһтан бір әулиенің құрметі үшін сұралатын ерекше дұға.

6. Аятты аяқтаңыз: «Раббыларың: «Маған жалбарыныңдар, сонда Мен», — деді»

- ☐ «сонда Мен сендерге жауап беруім мүмкін»;
- ☐ «сонда Мен жауап беруім ықтимал»;
- ☐ «сонда Мен сендерге жауап беремін».

7. Аллаһ Тағала жындар мен адамдарды не үшін жаратты?

- ☐ Олар өмірге қуанулары үшін;
- ☐ Олар Жалғыз Аллаһқа құлшылық етулері үшін;
- ☐ Олар өз жақындарын жақсы көрулері үшін.

8. Біз жаратылыстардан жәрдем сұрай аламыз ба? Егер жауап «иә» болса, мұның қандай шарттары бар?

- ☐ Сұрай аламыз, біріншіден, ол адам тірі болуы керек, екіншіден, оның көмектесуге шамасы болуы керек;
- ☐ Сұрай аламыз, біріншіден, ол адам өлі болуы мүмкін, екіншіден, оның көмектесуге шамасы болуы керек;
- ☐ Жоқ, бұл ширк, Аллаһ Тағаладан басқа ешкімге көмекпен жүгінуге болмайды.

VII. Таухид әл-әсма уә-с-сыфат

Таухид әл-әсма уәс-сыфат — бұл мұминдерге бірқұдай-шылық пен иманның тәттілігін сездіретін таухидтің бір түрі. Аллаһ Тағала Құранда былай дейді:

﴿ إِنَّمَا يَخْشَى اللَّهَ مِنْ عِبَادِهِ الْعُلَمَاءُ ﴾

«Шын мәнінде, құлдарының ішінде Аллаһтан білім иелері ғана қорқады» (әл-Фатыр» сүресі, 28-аят).

Мұнда: «Бұл адамдар қандай білімге ие болуы керек?», — деген сұрақ туындайды. Физика, химия, астрономия, география ма? Жоқ! Олар — Аллаһ Тағаланы таныған адамдар. Кімде-кімнің білімі оны тақуалыққа жеткізбесе, ондай білім, шын мәнінде, оның ақылды екенін білдірмейді. Егер әлдебір адамдар Аллаһ Тағалаға құлшылық етпесе, тіпті басқалар оларды білімді деп санаса да, біз олар жайында батыл түрде: «Олар — нағыз ақылсыздар», — деп айта аламыз. Бұл жайлы бізге Аллаһ Тағала былай деген:

﴿ وَلِلَّذِينَ كَفَرُوا بِرَبِّهِمْ عَذَابُ جَهَنَّمَ وَبِئْسَ الْمَصِيرُ ۝٦ إِذَا أُلْقُوا فِيهَا سَمِعُوا لَهَا شَهِيقًا وَهِيَ تَفُورُ ۝٧ تَكَادُ تَمَيَّزُ مِنَ الْغَيْظِ كُلَّمَا أُلْقِيَ فِيهَا فَوْجٌ سَأَلَهُمْ خَزَنَتُهَا أَلَمْ يَأْتِكُمْ نَذِيرٌ ۝٨ قَالُوا بَلَىٰ قَدْ جَاءَنَا نَذِيرٌ فَكَذَّبْنَا وَقُلْنَا مَا نَزَّلَ اللَّهُ مِنْ شَيْءٍ إِنْ أَنْتُمْ إِلَّا فِي ضَلَالٍ كَبِيرٍ ۝٩ وَقَالُوا لَوْ كُنَّا نَسْمَعُ أَوْ نَعْقِلُ مَا كُنَّا فِي أَصْحَابِ السَّعِيرِ ۝١٠ ﴾

«Сондай Раббыларына күпірлік еткендер үшін Тозақ азабы бар. Ол нендей жаман орын! Олар оның ішіне тас-талған сәтте, қайнап, күжілдеген дауысын естиді. Ол (Тозақ) долданғандығынан жарылып кете жаздайды. Олар То-

заққа тасталған кезде, оның сақшылары оларға: «Сендерге ескертуші келмеді ме? — деп сұрайды. Олар: «Расында, бізге ескертуші келді. Бірақ біз (оларды) өтірікшіге шығарып: “Аллаһ сендерге еш нәрсе түсірмеген. Сендер зор адасудасыңдар”, — деп едік», — дейді. «Егер біз құлақ асып немесе ақылға салғанымызда ғой, бұл жалындаған Тозақ тұрғындарының ішінде болмас едік», — дейді» (әл-Мулк) сүресі, 6-10-аяттар).

Демек, жер бетіндегі ең ақылды адамдар — Аллаһ Тағалаға құлшылық ететіндер. Ал барлық адамдардың ішіндегі ең ақылдысы — Аллаһтың құлы әрі елшісі Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын). Өйткені ол Ұлы Аллаһқа бәрінен де көп құлшылық еткен. Сондықтан ақыл иесі болған адам бірқұдайшылықты ұстана отырып, Аллаһ Тағаламен кездесуге дайындалады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ﴾

«Еш нәрсе Ол сияқты емес. Ол Аллаһ — әр нәрсені Естуші, толық Көруші» (әш-Шура) сүресі, 11-аят).

Аллаһ Тағала осы аятта Өзінің Естуші әрі Көруші екендігін айтқан. Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّا خَلَقْنَا الْإِنْسَانَ مِنْ نُطْفَةٍ أَمْشَاجٍ نَبْتَلِيهِ فَجَعَلْنَاهُ سَمِيعًا بَصِيرًا﴾

«Шын мәнінде, Біз адам баласын біріккен тамшыдан жараттық. Оны сынаймыз. Сондықтан оны еститін, көретін қылдық» (әл-Инсан) сүресі, 2-аят).

Аллаһ Тағала Өзін Естуші әрі Көруші деп айтты. Сондай-ақ, адам туралы да оның еститін, көретінін айтты. Ендеше, Оның есімдері мен сипаттарындағы жалғыздығын қалай түсінеміз? Ол үшін адам баласының естуі және көруі мен Аллаһ Тағала-

ның естуі мен көруінің арасындағы айырмашылыққа қарау керек. Адамның естуі жайында дәрігерлер: «Адам ести алатын ең алыс қашықтық — бұл отыз метр жерден сағаттың тықылдағанын есту», — дейді. Ал Аллаһ Тағала жайында не айтуға болады? Аллаһ Тағала — Аршының үстінде! Ал Аршы — Оның Курсиін қамтиды. Ал Оның Курсиі аспандар мен жерді қамтыған. Бұл жайлы Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَسِعَ كُرْسِيُّهُ السَّمَوَاتِ وَالْأَرْضَ وَلَا يَئُودُهُ حِفْظُهُمَا وَهُوَ الْعَلِيُّ
الْعَظِيمُ﴾

«Оның Курсиі көктер мен жерді сыйдырады» («әл-Бақара» сүресі, 255-аят).

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: *«Расында, жеті көк пен жеті жер Курсиге қатысты үлкен шөлдегі кішкентай сақина секілді. Ал Аршының Курсиден артықшылығы — Курсидің сол сақинадан артықшылығындай»*. Бұл хадисті ибн Аби Шәйба «әл-Арш» (58), әл-Байһақи «әл-Әсма уа-с-сыфат» (862) еңбектерінде жеткізген; шейх әл-Әлбани хадисті сахих (сенімді) деп атаған. Қараңыз: «Силсилә әс-Сахиха», № 109.

Бірінші аспан жайлы Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَقَدْ زَيَّنَّا السَّمَاءَ الدُّنْيَا بِمَصَابِيحَ﴾

«Расында, Біз дүние аспанын шамдармен (жұлдыздармен) безендірдік» («әл-Мулк» сүресі, 5-аят).

Демек, әлемияттегі бар жұлдыздардың бәрі — тек қана бірінші аспан. Ал екінші, үшінші және одан да жоғары көктер жайында не айтуға болады?! Курси жайында не айтуға болады?! Аршы жайында не айтуға болады?! Мұның бәрін білгеннен кейін біз Аллаһ Тағаланың мына сөздерін көреміз:

﴿قَدْ سَمِعَ اللَّهُ قَوْلَ الَّتِي تُجَادِلُكَ فِي زَوْجِهَا وَتَشْتَكِي إِلَى اللَّهِ وَاللَّهُ
يَسْمَعُ تَحَاوُرَكُمَا إِنَّ اللَّهَ سَمِيعٌ بَصِيرٌ﴾

«Расында, Аллаһ ері жайында Аллаһқа шағымданып, сенімен тартысқан әйелдің сөзін естіді. Аллаһ екеуіңнің сөйлескендеріңді де естиді. Күмәнсіз, Аллаһ — толық Естуші, Көруші» («әл-Мужәдәлә» сүресі, 1-аят).

Айша (Аллаһ оған разы болсын) осы оқиға жайында былай деген: «Барлық мақтауға — естуі барлық дауысты қамтыған Аллаһ ғана лайық! Аллаһпен ант етемін, мен олардың қасында, бір бөлмеде отырған едім, бірақ оның (әйелдің) сөздері маған естілмеді». Бұл риуаятты әл-Бухари муғалләқ түрінде жеткізген. Қараңыз: «Фәтхул-Бәри», 13/372. Сондай-ақ хадисті имам Ахмад жеткізген (6/46).

Аллаһ Тағала жеті аспан мен Ұлы Аршының үстінен әлгі әйелдің айтқан сөзін естіді. Шынында, біз кейде адамдардың қасында жаман сөз айтуға ұяламыз. Ал жеті аспанның үстінен естіп тұрған Аллаһтан қалай ұялмаймыз?! Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَأَسِرُّوا قَوْلَكُمْ أَوِ اجْهَرُوا بِهِ إِنَّهُ عَلِيمٌ بِذَاتِ الصُّدُورِ﴾

«Сөздеріңді жасырсаңдар да, жария айтсаңдар да, шәксіз, Аллаһ көңілдегіні (жүректегіні) толық біледі» («әл-Мүлк» сүресі, 13-аят).

Біреуді балағаттап, өсек таратып жүргенде Аллаһтан қалай ұялмаймыз?! Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: «*Кімде-кім Аллаһқа және Ақырет күніне иман келтірсе, жақсы сөз айтсын немесе үндемесін*». Әл-Бухари, 6018; Муслим, 47.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) не себепті: «*Аллаһқа және Ақырет күніне*», — деп айтты? Өйткені, Аллаһқа, Аллаһ Тағаланың жеті аспанның үсті-

нен естіп тұрғанына иман келтірген адам ешқашан жаман сөз айтпайды, бауырына жала жаппайды, өтірік сөйлемейді, өсек таратпайды және балағат сөз қолданбайды. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Расында, адам оған еш мән бермей бір сөз айтады, алайда сол сөздің себебінен ол Тозаққа жетпіс жылға түседі»**. Әт-Тирмизи, 2314.

Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Расында, Аллаһтың тоқсан тоғыз есімі бар — жүзден біреуі кем, және кімде-кім оларды түгендеп айтса, Жәннатқа кіреді»**. Әл-Бухари, 2736; Муслим, 2677. Мұнда мен: «Аллаһ Тағаланың тек тоқсан тоғыз есімі ғана бар ма?» — деп сұрақ қоямын. Жоқ! Аллаһ Тағаланың есімдерінің санын ешкім білмейді, алайда Ол бізге тек тоқсан тоғызын ғана хабарлады.

Себебі, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

اللَّهُمَّ إِنِّي عَبْدُكَ، ابْنُ عَبْدِكَ، ابْنُ أَمَتِكَ، نَاصِيَتِي بِيَدِكَ، مَاضٍ فِي حُكْمِكَ، عَدْلٌ فِي قَضَاؤُكَ، أَسْأَلُكَ بِكُلِّ اسْمٍ هُوَ لَكَ، سَمَّيْتَ بِهِ نَفْسَكَ، أَوْ أَنْزَلْتَهُ فِي كِتَابِكَ، أَوْ عَلَّمْتَهُ أَحَدًا مِنْ خَلْقِكَ، أَوْ اسْتَأْثَرْتَ بِهِ فِي عِلْمِ الْغَيْبِ عِنْدَكَ، أَنْ تَجْعَلَ الْقُرْآنَ رَبِيعَ قَلْبِي، وَنُورَ صَدْرِي، وَجَلَاءَ حُزْنِي، وَدَهَابَ هَمِّي

«Кімде-кім қайғыға немесе мұңға душар болып: “Уа Аллаһ! Шындығында, мен — Сенің құлыңмын, құлыңның ұлымын, күңіңнің ұлымын. Мен Саған толық бағыныштымын, Сенің үкімдерің маған міндетті, ал маған шығарған шешімің — әділетті. Өзіңді Өзің атаған, немесе Кітабыңда түсірген, не жаратқандарыңның біріне үйреткен, немесе Өзіңнен басқаның барлығына жасырын қалдырған әрбір есіміңмен Құранды жүрегімнің көктемі, көкірегімнің

нұры, қайғымның жойылуы мен уайымымның тоқтауының себебі етуін сұраймын», — деп айтса, аса Ұлы әрі Құдіретті Аллаһ Тағала мідетті түрде оны қайғыдан құтқарып, мұңын қуанышпен алмастырады». Адамдар: «Уа Аллаһтың Елшісі! Біз бұл сөздерді жаттап алуымыз керек пе?» — деп сұрады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Әрине. Кім оларды естісе, жаттап алуы керек»**, — деп жауап берді. Ахмад, 1/391; Ибн Хиббан, 3/972; әт-Табарани, 10352). Бұл хадистің сахихтығын имам әл-Хаким, имам әл-Бағауи, хафиз Әбул-Фадл әл-Бағдади, шейхул-Ислам Ибн Таймия, шейх Ибн әл-Қайим және шейх әл-Әлбани растаған.

Барлық пайғамбарлар шыншыл болған және әуелі Аллаһ Тағалаға жүгінген, содан кейін ғана себептер іздеген. Ибраһим пайғамбар (Аллаһ оған разы болсын) былай деген:

﴿وَإِذَا مَرَضْتُ فَهُوَ يَشْفِينِ﴾

«Ауырған кезімде Ол маған шипа береді» («әш-Шуғара» сүресі, 80-аят).

Пайғамбарымыз Мухаммад (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бізге Аллаһ Тағаланың тоқсан тоғыз есімі бар екенін хабарлады, өйткені адамдардың қандай болса да мұқтаждықтары осы тоқсан тоғыз есімнің аясынан шықпайды. Сол себепті Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Расында, Аллаһтың тоқсан тоғыз есімі бар — жүзден біреуі кем, және кімде-кім оларды түгендеп айтса, Жәннатқа кіреді»**. Әл-Бухари, 2736; Мұслим, 2677. Ғалымдардың айтуынша, Аллаһ Тағаланың ең ұлы есімі — сен белгілі бір сәтте қолданатын есім. Егер сен кедей болып, қаржыға қатты мұқтаж болсаң, сен үшін ұлы есім — الغني — **Әл-Ғони** (Бай, Мұңсыз). Яғни, сен Аллаһ Тағалаға дәл қазіргі ең қатты мұқтаж болып отырған есімімен жүгінесің. Сондықтан Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلِلّٰهِ الْأَسْمَاءُ الْحُسْنَىٰ فَادْعُوهُ بِهَا﴾

«Ең көркем есімдер Аллаһқа тиесілі. Оған сол есімдер арқылы жалбарыныңдар» («әл-Әғраф» сүресі, 180-аят).

Егер адам ауырып қалса, ол үшін ең ұлы есім — الشافي — **әш-Шәфи** (Шипа Беруші) есімі болады. Алайда ғалымдар, сондай-ақ, ең ұлы есімдер — الحي — **әл-Хайй** (Тірі) және القيوم — **әл-Қаййум** (Мәңгі (Меңгеріп Тұрушы)) деп те айтқан. Неге дәл осы екеуі? Себебі, бұл екі есім басқа барлық есімдерге нұсқайды. Мысалы, Бай — Тірі болуы керек, Құдіретті — Тірі болуы керек, Шипа Беруші — Тірі болуы керек. «Мәңгі (Меңгеріп Тұрушы)» (әл-Қаййум) — бұл Өз сипаттарына мәңгі иелік етуші. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿اللّٰهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ لَا تَأْخُذُهُ سِنَّةٌ وَلَا نَوْمٌ﴾

«Аллаһ — Одан басқа құлшылыққа лайықты ешбір Құдай жоқ. Ол — Тірі, Толық Меңгеріп Тұрушы, Ол қалғымайды да, ұйықтамайды» («әл-Бақара» сүресі, 255-аят).

Ғалымдар айтқандай: «Ұйқы кішкентай өлім секілді». Ал Аллаһ Тағала ұйықтамайды да, қалғымайды, ешқашан өлмейді. Мысалы, адам — тірі, бірақ ол ұйықтайды, ол өледі, ол мәңгі өмір сүрмейді әрі оның тірі болуы Аллаһ Тағалаға толығымен мұқтаж, жаратылыс болмысына тән кемістікті. Ал Аллаһ Тағала — Тірі, Ол ұйықтамайды, қалғымайды және ешқашан өлмейді әрі Оның тірі болуы ешнәрсені қажет етпейді, ол Оның құдайлық болмысына тән толық, кемістіксіз, кәміл тірі болу. Адам естиді, алайда қартайған сайын оның естуі нашарлайды. Ал Аллаһ Тағала әрдайым естиді және Оның естуі әлсіремейді. Адам көреді, бірақ қартайғанда көруі нашарлап, көзілдірік тағады. Ал Аллаһ Тағала әрдайым көреді және Оның көруі ешқашан әлсіремейді.

Біз жасырын (ғайып) әлем жайында қайдан білуіміз керек?

Әлем екіге бөлінеді: жасырын (ғайып) және айқын әлем. Жасырын әлем — біз көрмейтін, бірақ ол жайында Құран мен Сүннеттен білінетін нәрселер. Аллаһ Тағала, періштелер, жындар, Жәннат, Тозақ, қабір, Қиямет күні — мұның бәрі жасырын әлемге жатады. Жасырын әлемді айқын әлеммен салыстыруға болмайды. Жасырын әлем жайында тек Құран мен сенімді-сахих сүннеттен, сахабалардың түсінігімен ғана білуге болады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِّنْ عِلْمِهِ إِلَّا بِمَا شَاءَ﴾

«Олар Оның қалауынан басқа ешнәрсе білмейді» («әл-Бақара» сүресі, 255-аят).

Біз (адамдар) Аллаһ қалаған нәрселерді ғана біле аламыз. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَا تَقُفْ مَا لَيْسَ لَكَ بِهِ عِلْمٌ إِنَّ السَّمْعَ وَالْبَصَرَ وَالْفُؤَادَ كُلُّ أُولَٰئِكَ كَانَ عَنْهُ مَسْئُولًا﴾

«Өзің білмеген бір нәрсенің соңына түспе. Расында, құлақ, көз және жүрек, олардың барлығы одан сұралады» («әл-Исра» сүресі, 36-аят). Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلْ إِنَّمَا حَرَّمَ رَبِّيَ الْفَوَاحِشَ مَا ظَهَرَ مِنْهَا وَمَا بَطَنَ وَالْإِثْمَ وَالْبَغْيَ بِغَيْرِ الْحَقِّ وَأَنْ تُشْرِكُوا بِاللَّهِ مَا لَمْ يُنَزَّلْ بِهِ سُلْطَانًا وَأَنْ تَقُولُوا عَلَى اللَّهِ مَا لَا تَعْلَمُونَ﴾

««Расында, Раббым жария және жасырын арсыздықтарды, күнәні, қақысыз озбырлықты, оған байланысты ешбір дәлел түсірмеген нәрсені Аллаһқа серік қосуларыңды және Аллаһ туралы білімсіз сөйлеулеріңді харам қылды», — деп айт» («әл-Әғраф» сүресі, 33-аят).

Бірде бір адам имам Мәликке: ««Аллаһ Тағала:

﴿الرَّحْمَنُ عَلَى الْعَرْشِ اسْتَوَى﴾

«Мейірімді (әр-Рахман) Аршыға көтерілді», — деді. Ол қалай көтерілді?» — деген сұрақ қойды. Имам Мәлик басын төмен түсіріп, терлеп кетті. Сосын басын көтеріп: *«Истиуә (көтерілу) — мәлім, ал оның “қалай” болғандығы — ақыл жетпейтін нәрсе. Бұған иман келтіру — уәжіп, ал “қалай?” деп сұрау — бидғат»*, — деді. Бұл риуаятты Ләләкәи «Шарх ус-Сунна» еңбегінде (664), Байһақи «Әл-Әсма уә-с-Сыфат» кітабында (867) жеткізген. Хафиз ибн Хәжар «Фәтхул-Бәри» (13/407) еңбегінде: «Иснады — жақсы», — деген. Сондай-ақ бұл хабарды әд-Дәrimi «әр-Рад ғалә әл-Жәһмия» (104), Ибн Абдул-Барр «әт-Тәмһид» (7/151) еңбектерінде жеткізген. Осындай хабарлар имам Мәликтің ұстазы Рабиғадан және Умму Сәләмадан да келген.

АЛҒАН БІЛІМДЕРІҢІЗДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Аятты аяқтаңыз: «Аллаһтан Оның құлдарының арасында тек ғана қорқады».

☐ «Аллаһтан Оның құлдарының арасында тек ақшасы барлар ғана қорқады»;

☐ «Аллаһтан Оның құлдарының арасында тек беделі барлар ғана қорқады»;

☐ «Аллаһтан Оның құлдарының арасында тек білім иелері ғана қорқады».

2. Әлемнің қандай түрлері бар?

☐ Айқын (көзге көрінетін) әлем мен періштелер әлемі;

☐ Жасырын және айқын әлемдер;

☐ Жасырын әлем, періштелер әлемі, жындар әлемі, адамдар әлемі.

3. Имам Мәлик Аллаһтың Аршыға көтерілуі туралы не деді?

☐ «Көтерілу белгісіз емес, ал оның «қалай?» екендігі түсінікті. Бұған сену міндетті, ал «қалай?» деп сұрау рұқсат етілген»;

☐ «Көтерілу белгісіз, біз бұл сөзге сенеміз, бірақ оның қандай мағына беретінін білмейміз»;

☐ «Көтерілу белгісіз емес, ал оның «қалай?» екендігі түсініксіз. Бұған сену міндетті, ал «қалай?» деп сұрай — бидғат».

4. Адамдарға Аллаһ Тағаланың Аршыға қалай көтерілгені белгілі ме? Және неліктен?

☐ Жоқ, өйткені біз Аллаһты көрген жоқпыз және Оны ешнәрсемен салыстыра алмаймыз (Оған ұқсас ешнәрсе жоқ), әрі бұл туралы хабар келмеген;

☐ Бұл белгілі, өйткені Аллаһтың көтерілуі жаратылыстардың көтерілуіндей;

☐ Жоқ. Аллаһ Аршыға көтерілмеген. Ол үстінде де емес, астыда да емес, он жақта да емес, сол жақта да емес;

☐ Жоқ. Аллаһ Аршыға көтерілген жоқ. Аллаһ барлық жерде.

5. Жасырын (ғайып) әлем туралы қайдан білуіміз керек?

☐ Тек Құраннан және сахабалардың түсінігіндегі сенімді сүннеттен;

☐ Тек ақылмен және логикамен;

☐ Тек ғалымдардың ашқан жаңалықтарынан.

VIII. Құрандағы мұхамм және муташабих аяттар

Мұхамм және муташабих аяттардың айырмашылығы неде?

«Мұхамм» — мағынасы анық, түсінікті болған нәрсе. «Муташабих» — бейнесі, қалай екендігі бізге беймәлім болған нәрсе.

Мысалы, біз: «Мұхамм келді», — десек. Мұның мағынасы түсінікті (мұхамм). Кез-келген адам бұл сөзден Мұхаммдың келгенін түсінеді. «Келді» деген сөзді естігенде, ешкім оның, мысалы, жуынғанын немесе тамақ жегенін ойламайды ғой. Егер де біреу: «Мұхамм қалай келді?» — деп сұраса, оған оңай: «Тұр да, барып көр», — деп жауап беруге болады. Немесе: «Кеше Мұстафаның келгені есінде ме, Мұхамм та дәл солай келді», — деп айтуға болады. Яғни Мұхаммдың келуін Мұстафаның келуімен салыстыруға болады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَجَاءَ رَبُّكَ وَالْمَلَكُ صَفًّا صَفًّا﴾

«Раббың сап-сап болған періштелермен келеді» («әл-Фәжр» сүресі, 22-аят).

Бұл аяттың мағынасы түсінікті (мұхамм). Егер біреу: «Бұл аяттың мағынасы түсініксіз», — десе, онда Аллаһ Тағала бізге түсінбейтін нәрсені не үшін түсірді? Бұл аят Пайғамбарымыз Мұхаммға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) түскенде, егер ол (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оның мағынасын түсінбесе, ол міндетті түрде сұрар еді емес пе? Сосын Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бұл аятты сахабаларына оқығанда, егер олар

түсінбесе, олар да міндетті түрде Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сұрар еді. Біз сүннеттен Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларына бір нәрсе үйреткенде, егер олар бір әріп болсын түсінбесе, дереу сұрайтынын білеміз.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

﴿وَجَاءَ رَبُّكَ وَالْمَلَكُ صَفًّا صَفًّا ۝۲۲﴾

«Раббың сап-сап болған періштелермен келеді» («әл-Фәжр» сүресі, 22-аят) деген аятты оқығанда, сахабалар одан бұл аятты қайталауын (түсіндіруін) сұрамады, өйткені олар аяттың мағынасын түсінді.

Алайда біреу: «Аллаһ Тағала қалай келеді?» — деп сұраса, біз: «Біз оны білмейміз, өйткені біз оны көрген жоқпыз, оны салыстыратын ешнәрсеміз жоқ, әрі Ол бізге ол жайында хабар бермеді», — деп жауап береміз. Аллаһ Тағала Қиямет күнінде келетіні жайлы хабар берді, бірақ оның қалай болатынын баяндамады. Бұл — барлық пайғамбарлар мен сахабалардың ақидасы! Бұл — имам Абу Ханифаның, имам әш-Шәфиғидің, имам Мәликтің, имам Ахмадтың және бүкіл әһлу-с-сунна уәл-жәмаға ғалымдарының ақидасы.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿الرَّ كِتَبٌ أَحْكَمْتُ آيَاتُهُ ثُمَّ فَصَّلْتُ مِنْ لَدُنْ حَكِيمٍ خَيْرٍ ۝﴾

«Әлиф. Ләм. Ро. Бұл аяттары бекітілген (мухкам) бір Кітап. Содан соң аса Дана, толық Білуші тарапынан ашық баян етілген» («Худ» сүресі, 1-аят).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿اللَّهُ نَزَّلَ أَحْسَنَ الْحَدِيثِ كِتَابًا مُتَشَابِهًا مَثَانٍ﴾

«Аллаһ аяттары бір-біріне ұқсас (муташабих) қайталанып отыратын, сөздің ең көркемін Кітап түрінде түсірді»

(«әз-Зұмар» сүресі, 23-аят).

Басқа аятта Аллаһ Тағала былай деген:

﴿هُوَ الَّذِي أَنْزَلَ عَلَيْكَ الْكِتَابَ مِنْهُ آيَاتٌ مُحْكَمَاتٌ هُنَّ أُمُّ الْكِتَابِ
وَأُخَرُ مُتَشَابِهَاتٌ فَأَمَّا الَّذِينَ فِي قُلُوبِهِمْ زَيْغٌ فَيَتَّبِعُونَ مَا تَشَابَهَ مِنْهُ
ابْتِغَاءَ الْفِتْنَةِ وَابْتِغَاءَ تَأْوِيلِهِ وَمَا يَعْلَمُ تَأْوِيلَهُ إِلَّا اللَّهُ وَالرَّاسِخُونَ
فِي الْعِلْمِ يَقُولُونَ آمَنَّا بِهِ كُلٌّ مِّنْ عِنْدِ رَبِّنَا وَمَا يَذَّكَّرُ إِلَّا أُولُو
الْأَلْبَابِ﴾

«Ол саған Құранды түсірді. Оның ашық мағыналы аяттары бар. Солар Кітаптың негізгі ірге тасы. Және онда ұқсас мағыналы аяттар да бар. Ал жүректерінде ауытқуы болғандар, бүлік іздеп, аяттардың ұғымын іздестіріп, соңына түседі. Оның ұғымын Аллаһ қана біледі. Сондай-ақ, ғылымда бекем болғандар: «Бұған иман келтірдік. Барлығы Раббымыздан», — дейді. Бұны ақыл иелері ғана түсінеді»

(«Әли Имран» сүресі, 7-аят).

Ендеше, осы үш аятты қалай үйлестіруге болады?! Біріншіден, Құранның барлық аяттары айқын (мухкам) түрде түсіндірілген. Дегенмен, кейбір аяттардың мәні түсінікті болғанымен, бейнесі түсініксіз болуы мүмкін. Екіншіден, біз кейбір аяттың мәнін білмесек те, сол мәнді білетін біреу міндетті түрде болады. Ешқашан бір аяттың мәні бүкіл адамзатқа бірдей жасырын болып қалмайды. Сондықтан, Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَسْأَلُوا أَهْلَ الذِّكْرِ إِنْ كُنْتُمْ لَا تَعْلَمُونَ﴾

«Егер білмесеңдер, білім иелерінен сұраңдар» («ән-Нәхл» сүресі,

43-аят).

«Муташабих» сөзінің екі мағанысы бар: біріншісі — ұқсастық, ал екіншісі — түсініксіздік. Мысалы, Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قَالُوا أَدْعُ لَنَا رَبَّكَ يُبَيِّنْ لَنَا مَا هِيَ إِنَّ الْبَقَرَ تَشَبَهَ عَلَيْنَا﴾

«Олар тағы: «Раббыңнан біз үшін сұра, Ол бізге оның қандай екенін сипаттап берсін. Өйткені бізге (сиырлардың) бәрі ұқсас (муташабих) көрінеді» (әл-Бақара» сүресі, 70-аят).

«Муташабих» сөзінің екінші мағынасына келсек, Аллаһ Тағала былай деген:

﴿هُوَ الَّذِي أَنْزَلَ عَلَيْكَ الْكِتَابَ مِنْهُ آيَاتٌ مُحْكَمَاتٌ هُنَّ أُمُّ الْكِتَابِ وَأُخَرُ مُتَشَابِهَاتٌ﴾

«Ол саған Құранды түсірді. Оның ашық мағыналы аяттары бар. Солар Кітаптың негізгі ірге тасы. Және онда ұқсас мағыналы аяттар да бар» (әли Имран» сүресі, 7-аят).

Яғни, сипаттардың қандай екендігі бізге анық емес. Біз бұл сұраққа кірмей, оны қалдырамыз. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَا يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِّنْ عِلْمِهِ إِلَّا بِمَا شَاءَ﴾

«Олар Оның білімінен Ол қалағаннан басқа еш нәрсені қамти алмайды» (әл-Бақара» сүресі, 255-аят).

Әшғария мәзһабы Аллаһ Тағаланың қандай сипаттарын растаған және не себепті өзгелерін жоққа шығарған?

Әшғарилер өз ақылдарымен Аллаһ Тағаланың жеті сипатын растайды:

Аллаһ Тағала — Жаратушы, демек, Оның «Күш-Құдірет» (әл-Қудра) сипаты бар.

Аллаһ Тағала біреуге береді, біреуге бермейді, демек, Оның «Қалау» (әл-Ирода) сипаты бар.

Ол жаратылыстарды кемел бейнеде жаратады, демек, Оның «Білім» (әл-Ғилм) сипаты бар.

Егер Оның құдіреті мен қалауы болса, демек Ол — «Тірі» (әл-Хайй). Ал Тірінің келесі үш сипаты болады: «Есту» (әс-Сәмғ), «Көру» (әл-Басор), «Сөйлеу» (әл-Кәләм).

Олардың ақылдары қалған сипаттарды қабылдамайды. Сондықтан олар былай дейді: «Егер Аллаһтың сипаты айтылған қандай да бір аяттан немесе хадистен сенің ақылың Аллаһты жаратылыстарға ұқсатуды түсінсе, онда, Аллаһ Тағаланы пәктеу үшін, бұл сипаттан бас тарт». Осылайша, олар өз ақылдарын Құран мен Сүннеттің алдына қояды. Мысалы, олар Аллаһ Тағаланың Қиямет күні келетінін жоққа шығарады. Әшғарилер: «Егер біз Аллаһ Тағала келеді десек, бұл арқылы біз Оны адамға ұқсатамыз, өйткені ол да келеді», — дейді. Сондай-ақ, олар Аллаһ Тағаланың Аршыға көтерілуін жоққа шығарады. Олар: «Егер біз Аллаһ Аршыға көтерілді десек, онда біз Оны да Аршыда отыратын патшаларға ұқсатамыз», — дейді. Басқа сипаттар да осы секілді. Олар Құран мен Сүннеттен гөрі өз ақылдарын жоғары қояды. Аллаһ бізді мұндайдан сақтасын! Әшғарилар сипаттарды бекітуді Аллаһты жаратылыстарға ұқсатуға апарады деп ойлайды. Бірақ іс жүзінде олай емес. Бұл — олардың тарапынан Аллаһ Тағалаға жабылған жала. Олар Аллаһ Тағала жайлы білімсіз сөйлейді. Алайда, Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلْ إِنَّمَا حَرَّمَ رَبِّيَ الْفَوَاحِشَ مَا ظَهَرَ مِنْهَا وَمَا بَطَّنَ وَأَلَّا تُمَّ وَالْبَغْيَ
بِغَيْرِ الْحَقِّ وَأَنْ تُشْرِكُوا بِاللَّهِ مَا لَمْ يُنَزِّلْ بِهِ سُلْطَانًا وَأَنْ تَقُولُوا عَلَى
اللَّهِ مَا لَا تَعْلَمُونَ﴾

«Расында, Раббым жария және жасырын арсыздықтарды, күнәні, қақысыз озбырлықты, оған байланысты ешбір

дәлел түсірмеген нәрсені Аллаһқа серік қосуларыңды және Аллаһ туралы білімсіз сөйлеулеріңді харам қылды», — деп айт» («әл-Әғраф» сүресі, 33-аят). Біз бір-бірімізге қарап, өзімізді басқалармен салыстыра аламыз. Алайда, бұл Аллаһ Тағалаға қатысты болса, біз:

﴿لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ وَهُوَ السَّمِيعُ الْبَصِيرُ﴾ (11)

«Оған ұқсайтын ештеңе жоқ, және Ол — әр нәрсені Естуші, толық Көруші», — дейміз («әш-Шура» сүресі, 11-аят).

АЛҒАН БІЛІМІЗДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. «Мухкам» аяттар дегеніміз не?

- ☐ Бұл — бейнесі кейде түсініксіз, кейде түсінікті болатын аяттар;
- ☐ Бұл — бейнесі түсініксіз түсініксіз аяттар;
- ☐ Бұл — мағынасы түсінікті аяттар.

2. «Муташабих» аяттар дегеніміз не?

- ☐ Бұл — бейнесі кейде түсініксіз, кейде түсінікті болатын аяттар;
- ☐ Бұл — бейнесі түсініксіз түсініксіз аяттар;
- ☐ Бұл — мағынасы түсінікті аяттар.

3. Әшғарилер Аллаһтың Есімдері мен Сипаттарын түсінуде бірінші кезекке нені қояды?

- ☐ Ақылды;
- ☐ Құран мен Сүннетті;
- ☐ Логиканы.

4. Әһлю Сунна уә әл-Жәмаға Аллаһтың Есімдері мен Сипаттарын түсінуде бірінші кезекке нені қояды?

- ☐ Ақылды;
- ☐ Құран мен Сүннетті;
- ☐ Логиканы.

IX. Таухид әл-әсмаи уә-с-сыфаттағы негізгі қағидалар

Таухид әл-әсма уә-с-сыфатта қандай қағидалар бар?

Аллаһ Тағала Өзін Құранда белгілі есімдермен және белгілі сипаттармен сипаттады. Сол секілді Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хадистерде Аллаһ Тағаланы белгілі есімдермен және сипаттармен сипаттады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын), салиқалы сахабалар, табиғиндер және төрт имам — барлығы да: Аллаһ Тағаланы тек Оның Өз-Өзін сипаттаған сипаттарымен немесе Оның Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сипаттаған сипаттарымен ғана сипаттауға болады деп сенген.

Мысалы, Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قَالَ يٰٓإِبْرٰهٖمُ مَا مَنَعَكَ اَنْ تَسْجُدَ لِمَا خَلَقْتَ بِيْـَٔدَيَّ اَسْتَكْبَرْتَ اَمْ كُنْتَ مِنَ الْعٰلِيْنَ﴾⁽⁷⁵⁾

«(Аллаһ): «Әй Ібіліс! Сені екі Қолыммен жаратқанымға сәжде етуден не тосты? Тәкаппарландың ба?» — деді» («Сод» сүресі, 75-аят).

Демек, Аллаһ Тағаланың Ұлылығына сай екі Қолы бар. Басқа аятта былай деп айтылған:

﴿وَاصْبِرْ لِحُكْمِ رَبِّكَ فَإِنَّكَ بِأَعْيُنِنَا وَسَبِّحْ بِحَمْدِ رَبِّكَ حِينَ تَقُومُ﴾⁽⁴⁸⁾

«(Мухаммад) Раббыңның үкіміне сабыр ет. Өйткені сен көз алдымыздасың. (Намазға) тұрған шақта, Раббыңды мақтай пәктеп-дәріпте» («әт-Тур» сүресі, 48-аят).

Демек, Аллаһ Тағаланың Ұлылығына сай екі көзі бар. Басқа аятта былай деп айтылған:

﴿وَيَبْقَىٰ وَجْهُ رَبِّكَ ذُو الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ﴾

«Ұлы дәрежеге ие әрі Жомарт Раббыңның Жүзі ғана қалады» («әр-Рахман», 27-аят).

Демек, Аллаһ Тағаланың Ұлылығына сай Жүзі бар. Сондай-ақ Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Адамдар Тозаққа тасталады, ал ол болса: “Тағы да бар ма?” — деп айтады. Сол кезде Ұлылық Иесі Раббымыз оған Өзінің табанын қояды, сонда Тозақтың бір бөлігі екінші бөлігіне кіріп кетеді және ол: “Жетеді, жетеді!” — дейді»** (әл-Бухари, 6284, 4568; Муслим, 2848, 2847; әт-Тирмизи, 3272, 2557; Ахмад, 234/3, 369/2). Бұл хадисте Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағаланы Оның аяғы бар деп сипаттады. Сонда, осыны айту арқылы Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһ Тағалаға дене берді ме?! Біз бұл сипаттардың барлығын растаймыз, өйткені олар жайлы Құран мен Сүннетте хабар берілген. Алайда біреу: «Аллаһтың көздері қандай? Аллаһтың жүзі қандай? Аллаһтың аяғы қандай?» — деп сұрауы мүмкін. Біз бұған: «Біз мұны білмейміз, өйткені біз Аллаһ Тағаланы көрген жоқпыз, Оны ешнәрсемен салыстыра алмаймыз және Аллаһ Тағала Өз сипаттарының қандай екенін бізге хабарлаған жоқ», — деп жауап береміз. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَلَا تَضْرِبُوا لِلَّهِ الْأَمْثَالَ إِنَّ اللَّهَ يَعْلَمُ وَأَنْتُمْ لَا تَعْلَمُونَ﴾

**«Аллаһқа мысал бермеңдер. (Аллаһты еш нәрсеге теңе-
меңдер.) Негізінде, Аллаһ барлық нәрсені біледі, ал сендер
білмейсіңдер»** («ән-Нәхл» сүресі, 74-аят).

Сондай-ақ, Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلِلَّهِ الْمَثَلُ الْأَعْلَىٰ وَهُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ﴾

«Мысалдың жоғарысы Аллаһқа тиесілі. Ол — Үстем, аса Дана» («ән-Нәхл» сүресі, 60-аят).

Салыстырудың (қиястың) үш түрі бар:

1 — Мысал келтіру арқылы салыстыру (қияс ат-тамсил)

Біздің заманымызда кейбір мұсылмандар бізге: «Сендер марихуана немесе басқа да есірткілердің дінде харам екенін айтасыңдар. Оны қайдан алдыңдар? Маған Құран мен Сүннеттен марихуананың харам екеніне дәлел келтіріңдер», — дейді. СубханаЛлаһ! Аллаһ Пәк! Біз марихуананың харам екеніне дәлелді Құран мен Сүннеттен қайдан аламыз? Аллаһ Тағала шарапты харам еткендігі белгілі. Бірақ Құранда да, Сүннетте де марихуана мен басқа есірткілер жайлы тікелей айтылмаған. Алайда Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бізге мұндай жағдайда қалай амал ету керегін үйретті. Ол бізге **мысал келтіру арқылы салыстыру** (қияс ат-тамсил) жолын үйретті. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

كُلُّ مُسْكِرٍ خَمْرٌ، وَكُلُّ مُسْكِرٍ حَرَامٌ،

«**Мас қылатын нәрсенің бәрі — шарап, ал кез келген мас қылатын нәрсе — харам!**» (Муслим, 2002).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мысал арқылы салыстыру жасады. Шарап адамға не істейді? Неге ол харам? Ол адамды мас қылатындығы себепті харам. Демек, адамды мас қылатын кез келген нәрсе — харам. Сонда бұл мәселеде негіз — шарап болып табылады, өйткені оның харамдығына дәлел Құран мен Сүннетте келген. Ал шараптан кейін пайда болған, адамды мас қылатын кез келген

нәрсе — біздің заманымызда да харам саналады. Ғұламалар Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) заманында болмаған көптеген мәселелерде осы салыстыру түрін қолданады.

Бұл салыстыру түрін адам туғаннан бастап қолдана бастайды. Жаңа туған бала ештеңе білмейді, оның миы — ақ қағаздай тап-таза. Ол алғаш көретін адам — анасы. Ол анасын көріп, бейнесін есінде сақтайды. Кейін анасының дауысын естиді, есімін біледі де, оны да есіне бекітеді. Анасының есімін естісе, оның бейнесі көз алдына келеді. Бірнеше күннен кейін әкесін, бауырын және басқа адамдарды көреді. Осылайша өмір бойы ақырындап түрлі білім жинап, оның барлығын есінде сақтайды.

Салыстырудың бұл түрін Аллаһ Тағалаға қатысты қолдануға болмайды. Мысалы, Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿وَيَبْقَى وَجْهُ رَبِّكَ ذُو الْجَلَالِ وَالْإِكْرَامِ﴾

«Раббыңның ұлы әрі жомарт Жүзі ғана қалады» («әр-Рахман» сүресі, 27-аят).

Бұл аятты оқығанда, кейбір адамдар «жүзді» елестетіп, санасында сақталған барлық жүздерді ақтара бастайды. «Мынадай жүз бе? Жоқ! Анадай жүз бе? Жоқ!» — деп, осы өмірде көрген жүздерін Аллаһ Тағаламен салыстырады. Аллаһ Тағалаға қатысты мұндай салыстыру — харам, өйткені біз Аллаһты көрген жоқпыз және Оны ешнәрсемен салыстыра алмаймыз. Сондықтан Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَلَا تَضْرِبُوا لِلَّهِ الْأَمْثَالَ إِنَّ اللَّهَ يَعْلَمُ وَأَنْتُمْ لَا تَعْلَمُونَ﴾

**«Аллаһқа мысал бермеңдер. (Аллаһты еш нәрсеге теңе-
меңдер.) Негізінде, Аллаһ барлық нәрсені біледі, ал сендер
білмейсіңдер»** («ән-Нәхл» сүресі, 74-аят).

Ал әшғарилер не істейді?! Олар: «Жоқ, Аллаһтың жүзі жоқ, егер біз Аллаһтың жүзі бар десек, онда Ол менің жүзіме ұқсайды деген боламыз, алайда ешнәрсе Аллаһқа ұқсамайды», — дейді. Міне, осылайша олар Аллаһтың сипаттарын мойындамайды. Бірақ жоғарыда келтірілген аят мұндай салыстырудың харам екеніне ашық нұсқайды. Аллаһ Тағаланың жүзі — Оның құдайлық ұлылығына сәйкес, ал біздің жүзіміз — біздің пенделік әлсіздігімізге сәйкес.

2 — Қамту арқылы салыстыру (қияс әш-шумул)

Бұл түрдегі салыстыруды жаңа туған сәбилер де қолданады. Жаңа туған сәби сөйлеп тұрған адамның аузын көреді, сөйлеп тұрған адамның тілі бар екенін көреді. Кейін ол өсе келе естушінің құлағы болу керектігін, құлағы бардың дабыл жарғағы болу керектігін біледі. Бұл — адамның дами түсетін логикасы. Біз бұл салыстыру түрін адамдарға, жаратылыстарға қатысты қолданамыз. Алайда көптеген адамдар осы мысалды Аллаһ Тағалаға қатысты қолданады, бұған қатаң түрде тыйым салынған! «Аллаһ Тағала сөйлесе, демек Оның тілі немесе аузы бар», — деп айтпа. Мұндай қияс — харам! Аллаһ Тағала былай деген:

﴿فَلَا تَضْرِبُوا لِلَّهِ الْأَمْثَالَ إِنَّ اللَّهَ يَعْلَمُ وَأَنْتُمْ لَا تَعْلَمُونَ﴾

«Аллаһқа мысал бермеңдер. (Аллаһты еш нәрсеге теңе-
меңдер.) Негізінде, Аллаһ барлық нәрсені біледі, ал сендер
білмейсіңдер» («ән-Нәхл» сүресі, 74-аят).

3 — «Одан да артық лайық» арқылы салыстыру (қияс әл-аулә).

﴿وَلِلَّهِ الْمَثَلُ الْأَعْلَىٰ وَهُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ﴾

«Мысалдың ең жоғарысы Аллаһқа тиесілі. Ол — Өте
Үстем, Аса Дана» («ән-Нәхл» сүресі, 60-аят).

Біз бұл аятты түсінеміз. Аяттағы мәселе — «қияс әл-аулә» жайында. Мұндай қиясты Аллаһ Тағалаға қатысты қолдануға болады.

Мысал ретінде мына сөздерді алуға болады: бір бай адам саған садақа ретінде жүз доллар берді делік. Сен соншалықты қуанып, оған қалай алғыс айтарыңды білмей қалдың. Ал сені өмір бойы ризықтандырып, ішер ас, сусын беріп, саған әйел, бала сыйлаған Аллаһ Тағала шүкіршілік айтуға одан да артық лайық емес пе?! Осылардың барлығы үшін сен Оған қаншалықты жиі шүкір етесің?! Міне, бұл — Аллаһ Тағалаға қатысты «қияс әл-әулә» келтірудің мысалы! «Усул әл-Фиқһ» ғылымын үйренуші адам бұл үш түрді білуі шарт. Бірінші екі қияс түрін Аллаһ Тағалаға қатысты қолдану — қатаң түрде тыйым салынған.

Муғтазилилердің адасушылықтары неде және бұл оларды нә нәрсеге алып келді?

Надандық (жәхл) оларды келесі нәрселерге алып келді:

1) Ұқсату (ташбих) — олар Аллаһтың есім-сипаттарын, мысалы, «Қол» деген сипатын естігенде: «Егер Аллаһтың қолы бар болса, ол адамның қолы секілді», — деп айтып, келесіге өтеді.

2) Бейне беру (такйиф) — олар: «Егер оның қолы бар болса, ол қандай?», — дейді де, ойларынан қорқып, келесіге өтеді.

3) Жоққа шығару (тағтыль) — олар: «Жоқ, Аллаһтың қолы болуы мүмкін емес, өйткені ол бар болса, біздің қолымызға ұқсас болар еді, алайда Оған ұқсас ештеңе жоқ», — деп, келесіге өтеді.

4) Шариғи мәтіндерді бұрмалау (тахриф) — олар: ««Қол» деп «құдірет» аталған, «Жүз» деп «сый-сауап» аталған», — деп айтады.

Осылайша, олардың адасушылықтарының себебі біз атаған салыстырудың алғашқы екі түрін Аллаһ Тағалаға қатысты қолданулары болды.

Алайда біздің салиқалы сәләфтарымыз (сәләфу солих) Аллаһ Тағаланың Құран мен Сүннетте келген барлық есім-сипаттарын мойындаған. Олар Аллаһ Тағаланың есім-сипаттарын бұрмалаусыз (тахриф жасамай), жоққа шығарусыз (тағтыл жасамай), бейне берусіз (такииф жасамай) және жаратылысқа ұқсатусыз (тәмсил жасамай) мойындаған.

АЛҒАН БІЛІМДЕРІҢІЗДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Аллаһтың сипаттарын түсінуге қатысты дүниелік заңдарды (мысалы: тартылыс заңын) қолдануға бола ма?

- ☐ Жоқ, бұған тыйым салынады;
- ☐ Болады, бұл рұқсат етілген.

2. Аллаһты қалай сипаттауға болады?

☐ Аллаһ Тағаланы тек Аллаһ Өзін сипаттағандай немесе Оны Елшісі (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сипаттағандай сипаттауға болады;

☐ Аллаһ Тағаланы тек философ ғалымдар сипаттағандай сипаттауға болады;

☐ Аллаһ Тағаланы тек ойшылдар сипаттағандай сипаттауға болады.

3. Қиястың қандай түрлері бар?

☐ Қияс әт-тәмсил (мысал келтіру арқылы салыстыру), қияс әш-шумул (қамту арқылы салыстыру);

☐ Қияс әт-тәмсил (мысал келтіру арқылы салыстыру), қияс әл-әулә («одан да артық лайық» арқылы салыстыру);

☐ Қияс әт-тәмсил (мысал келтіру арқылы салыстыру), қияс әш-шумул (қамту арқылы салыстыру), қияс әл-әулә («одан да артық лайық» арқылы салыстыру).

4. «Аллаһтың қолдары қандай?», «Аллаһтың Жүзі қандай?» және осыған ұқсас сұрақтар қоятын адамдарға қалай жауап беру қажет?

☐ Біз бұл сипаттарды жоққа шығарамыз, өйткені егер біз Аллаһта Жүз бар десек, Ол менің жүзіме ұқсайды деген сөз, ал Аллаһқа ешнәрсе ұқсас бола алмайды;

□ «Аллаһу әғләм» (яғни Аллаһ Тағала бұл жайлы жақсы біледі), өйткені біз Аллаһты көрген жоқпыз, Оны ешнәрсемен салыстыра алмаймыз және Аллаһ Өзінің қолдары мен сипаттарының қандай екенін сипаттамады, біз оларға иман келтіріп, мағынасын растауымыз қажет, ал олардың бейнесі Жалғыз Аллаһ Тағала ғана біледі;

□ Бұл сипаттарды Аллаһты Оған телінген нәрселерден Пәктеу үшін бұрмалау керек, осылайша мысалы, қол дегеніміз — құдірет.

5. Аллаһ Тағалаға қатысты қиястың қандай түрлерін қолдануға рұқсат етілген?

□ Қияс әт-тәмсил (мысал келтіру арқылы салыстыру), қияс әш-шумул (қамту арқылы салыстыру), қияс әл-әулә («одан да артық лайық» арқылы салыстыру);

□ Қияс әт-тәмсил (мысал келтіру арқылы салыстыру), қияс әш-шумул (қамту арқылы салыстыру);

□ Қияс әл-әулә («одан да артық лайық» арқылы салыстыру).

6. Аллаһтың сипаттарына қатысты салиқалы сәләфтарымыздың сенімі қандай?

□ Салиқалы сәләфтарымыз Құранда және сенімді Сүннетте келген Аллаһ Тағаланың барлық есімдері мен сипаттарын растаған. Олар Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттарын растаған және бұрмаламаған (тәхриф жасамаған);

□ Салиқалы сәләфтарымыз Құранда және сенімді Сүннетте келген Аллаһ Тағаланың барлық есімдері мен сипаттарын растаған. Сәләфтардың жолы қауіпсіз, ал кейінгі ұрпақтардың жолы білім және даналық жағынан толығырақ;

□ Салиқалы сәләфтарымыз Құранда және сенімді Сүннетте келген Аллаһ Тағаланың барлық есімдері мен сипаттарын растаған. Олар мұның бәрін бұрмалаусыз (тәхрифсіз), жоққа

шығарусыз (тағтилсіз), бейне берусіз (тәкиифсіз) және жаратылыстарға ұқсатусыз (тәмсилсіз) растаған еді.

Х. Аллаһтың есімдері мен сипаттарына қатысты кейбір адасушылықтар

Бұл мәселеге қатысты келесідей адасқан топтар бар:

Әшғарилер және матурудилер. Әшғарилік ағымының негізін қалаушы — Абу Хасан әл-Әшғари, ал матуридилік ағымының негізін қалаушы — Абу Мансур әл-Матуриди. Екеуі де әл-Кулләб есімді адамның идеяларын ұстанған (куллябилер мәзһабы). Бұл екі ағым да өздерінің алдыңғы буындары — жәһмилер мен муғтазилилердің ізімен жүріп, Аллаһ Тағаланың сипаттарын бұрмалайды.

Жәһмилер. Аллаһ Тағаланың барлық есімдері мен сипаттарын жоққа шығарады. Олар: «Біз Аллаһты әр-Рахман (Мейірімді) деп атауға құқымыз жоқ. Себебі, егер біз Аллаһ — Мейірімді десек, онда бұл — Оның мейірім ететін жүрегі бар деген сөз. Егер Оның жүрегі бар болса, онда Оның мүшесі бар, демек Ол жаратылыс сияқты болады. Жоқ! Жоқ! Бұлай істесек, біз Аллаһқа ұқсастық береміз. Сондықтан біз Аллаһ — Мейірімді деп айтуға құқымыз жоқ. Аллаһ — Мейірімді емес», — деп айтады. Яғни олар осындай логикалық дәлелдерді қолданып, шариғи дәлелдерді жоққа шығарады.

Муғтазилилер жәһмилерден кейін пайда болды. Олар: «Жоқ, ей жәһмилер, біз бұл есімдерді жоққа шығаруға құқымыз жоқ, өйткені олар Құранда келген. Біз Құранды жоққа шығаруға құқымыз жоқ. Алайда біз сендермен Аллаһтың сипаттары жоқ екендігіне келісеміз. Біз есімдерді растаймыз, бірақ сипаттарды жоққа шығарамыз. Біз Аллаһ — Әр-Рахман, бірақ мейірім сипаты оған тән емес жоқ; Аллаһ — Әс-Сәмиғ, бірақ Оның есту сипаты жоқ; Аллаһ — Әл-Басыр, бірақ Оны Көреді

деп айтпаймыз. Өйткені егер біз Оның еститінін, көретінін айтсақ, онда Оның басы бар, құлағы бар, демек денесі бар деген сөз», — деп айтады. Олар да осындай логикалық дәлелдермен Аллаһ Тағаланың сипаттарын жоққа шығарады.

Мукайифа. Бұл Аллаһқа және оның сипаттарына кейіп-бейне беруге тырысатындар. Олар: «Аллаһтың Қолы қандай? Аллаһтың Табаны қандай? Аллаһтың Жүзі қандай? Аллаһ қалай жоғары көтеріледі?» — деп сұрақ қояды. Бұл да харам. Бірде бір адам имам Мәликтен: «Аллаһ Тағала: **«Аса Мейірімді (әр-Рахман) Аршыға көтерілді»**, — деп айтты. Ол қалай көтерілді?» — деп сұрады. Имам Мәлик басын төмен түсіріп, терлеп кетті де, кейін басын көтеріп: *«Көтерілу белгісіз емес, ал оның қалай болған кейіні — ақылымыз жетпейтін нәрсе. Бұған сену — уәжіп, ал бұл туралы «қалай?» деп сұрау — бидғат»*, — деді. Бұл сөзді имам әл-Ләләкаи «Шарх ус-Сунна», 664; әл-Байһақи «әл-Әсма уа-с-Сыфат», 867 еңбектерінде жеткізген. Сондай-ақ, бұл риуаятты әд-Дарими «әр-Рад ғалә-л-жәһмия», 104; Ибн Абдул-Барр «әт-Тамхид», 7/151 еңбектерінде келтірген. Осыған ұқсас хабарлар (имам Мәликтің ұстазы) Рабиғадан және Умму Сәләмадан да жеткізілген.

Мушаббиха. Бұлар — Аллаһты жаратылыстарға ұқсата-тындар. Бұл да харам, өйткені, біз бұған дейін айтқанымыздай, Оған ешнәрсе ұқсамайды. «Аллаһтың қолы менің қолым сияқты», — деп айтпа. Бұл қатаң түрде тыйым салынған!

АЛҒАН БІЛІМДЕРІҢІЗДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Аллаһ Тағаланы «Әр-Рахман» (Мейірімді) есімімен атауға болады ма?

☐ Біз Аллаһты Мейірімді деп атай алмаймыз, өйткені егер біз Аллаһты Мейірімді деп атасақ, онда Оның мейірімділік танытатын жүрегі бар екендігін меңзейміз. Егер Оның жүрегі бар болса, Оның мүшесі бар, демек Ол адам секілді болады;

☐ Иә, болады, өйткені Құран Кәрімде және сенімді Сүннетте келген Аллаһ Тағаланың барлық есімдері мен сипаттарын растау қажет. Салиқалы сәләфтар оларды бұрмалаусыз (тәхрифсіз), жоққа шығарусыз (тағтилсіз), бейне берусіз (тәкиифсіз) және жаратылыстарға ұқсатусыз (тәмсилсіз) растаған.

2. Әшғария ағымының негізін қалаушы кім?

- ☐ Әлә-Кулләб;
- ☐ Абу Мансур әл-Матуриди;
- ☐ Абу Хасан әл-Әшғари.

3. Аллаһқа бейне беруге тырысатын адамдарды қалай атайды?

- ☐ Мухаррифун (Бұрмалаушылар);
- ☐ Мушаббиха (Ұқсатушылар);
- ☐ Мукайифа (Бейне берушілер).

XI. «Аллаһ — Мүңсыз (Барлық нәрсе оған мұқтаж)»

Аллаһ Тағала былай деген:




«Аллаһ — Мүңсыз (Барлық нәрсе оған мұқтаж)» («әл-Ихлас» сүресі, 2-аят).

Біз бірінші аятты өтіп шықтық, енді, Аллаһ Тағаланың қалауымен, екінші аятты өтеміз.

Неліктен Аллаһ Тағала «әс-Сомад» деді? Неліктен Ол дәл осы есімді атады? Неліктен «әс-Сәләм» немесе «Мәлик» (Билеуші) есімін атамады? Неліктен тіпті «әл-Хайй» (Тірі) және «әл-Кайюм» (Мәңгі) есімдерін атамады? Біз кейбір хадистерде «әл-Хайй» мен «әл-Қайюм» — Аллаһ Тағаланың ең ұлы есімдері екендігін айтқанбыз. Алайда Аллаһ Тағала «әс-Сомад» есімін атады.

Салиқалы сәләфтардан болған ғалымдар айтқандай, Аллаһ Тағала «Әс-Сомад» есімін: «Айт: «Ол – Аллаһ — Жалғыз (Ахад)» деген сөздерден кейін қойды. Бұл — таухидке (бірқұдайшылыққа) тағы да нұсқау жасау үшін жасалған.

Салиқалы сәләфтардың тәпсірлерінде «Әс-Сомад — ішкі ағзалары жоқ» деген түсінік келген. Сондай-ақ, басқа тәпсірлерде «Әс-Сомад — тумаған әрі туылмаған» деп келген, сондықтан келесі аятта:



«Ол тумады және туылмады», — деп айтылған.

Егер мұқият қарасақ, ішкі ағзалары жоқ — Ол тумаған әрі туылмағанның Өзі екенін көреміз. Себебі ішкі ағзалары бар кез келген жаратылыс не өзі туады, не біреуден туылады.

Бұл сүренің түсу себебі — көпқұдайшылдардың Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Раббысын сипаттап беруін сұрауы еді. Сол кезде Аллаһ Тағала осы сүрені түсірді.

Аллаһ Тағала «әс-Сомад» есімін атау арқылы Исаға, Узайырға, немесе қандай да бір суреттерге, әулиелерге, өлген шейхтардың әруақтарына және тағы басқаларға құлшылық қылатындарға олардың барлығында ішкі ағза бар екендігіне дәлел келтіргендей болды. Олардың барлығы не туылған, не өзі туған. Ішкі ағзалары бар әрбір жаратылыс ішуге, тамақтануға мұқтаж. Ішіп-жейтін әрбір жаратылыс әжетін өтеуге мұқтаж. Әжетті өтеуге, ішіп-жеуге деген мұқтаждық — жаратылыстардың әлсіздігі мен дәрменсіздігіне дәлел.

Сондай-ақ, сәләфтардың кейбірі: «Әс-Сомад» сөзінің мағынасы — Толық абсолютті иелікке Ие және барлық жаратылыстар Оған мұқтаж болған Раббы», — деп айтқан. Осы тәпсірге сүйеніп, біз бір нәрсені талқылаймыз. Аллаһ Тағала барлық жаратылыстарын, ешбірін тыс қалдырмай, осы мағынаға сай етіп жаратқан. Кейбір ғалымдар айтқандай, адам өзінің айналасындағы және өзінің ағзасындағы барлық нәрсе оны таухидке (Аллаһты раббылықта, құлшылыққа лайықты құдайлықта, Оның құдайлық есімдері мен сипаттарында жалғыз етуге) шақыратындай етіп жаратылған. Бұл не нәрселерден көрініс табады?

Аллаһ Тағала бізді үш табиғи сезіммен жаратты:

1. Әлсіздік пен мұқтаждық кезінде өзінен күштірек біреуге жүгіну:

Яғни, мен әлсіз болғанда немесе бір мұқтаждығым болғанда, маған көмектесе алатын біреуді іздеймін, яғни менен күштірек, осы әлсіздігімде көмектесе алатын, осы мұқтаждығымда жәрдемдесе алатын біреуді іздеймін.

2. Жақсыны сүю және жаманды жек көру:

Жер бетіндегі барлық адам өзіне тек жақсыны ғана қалайды, және жер бетіндегі барлық адам өзіне жаманды қаламайды. Яғни, жаман нәрсеге жек көрушілікпен қарау.

3. Ақиқатқа жүгіну.

Бұл — адамға салынған табиғи сезімдер. Ешбір адам бұдан қашып құтыла алмайды. Яғни, алдында айтып өткеніміздей, адамдағы барлық нәрсе таухидке нұсқайды. Егер сіз: «Қалай?» — деп сұрасаңыз, мен сізге былай жауап беремін: «Аллаһ Тағала, алдында айтып өткеніміздей, барлық жаратылыстарды осы үш табиғи сезімнің үстінде жаратты. Тағы бір рет қайталаймыз: біріншісі — әлсіздік пен мұқтаждық кезінде өзінен күштірек біреуге жүгіну; екіншісі — жақсыны сүю және жаманды жек көру; үшіншісі — ақиқатқа жүгіну, яғни қандай да бір заңға жүгіну. Неге? Өйткені жер бетінде заңдарсыз және тәртіпсіз өмір сүретін бірде-бір дені сау, ақыл-есі түзу адам жоқ. Яғни әрбір адам, бұл заңдар мен тәртіптерді кім жасағанына қарамастан, өзі үшін белгілі бір заңдар мен тәртіптерге бағынуды міндеттеп алған. Аллаһ қаласа, түсінікті болу үшін біз әр тармақты жеке-жеке талқылаймыз. Осы, Аллаһ әрбір адамның бойына жаратқан үш табиғи сезімді талқылауға кіріспестен бұрын, бір нәрсені айтқым келеді: Аллаһ Тағала барлық жаратылыстарын олар Раббысын өздерін қоршаған нәрселер арқылы танып білетіндей етіп жаратқан. Аллаһпен ант етемін, кез келген мүшрик, кез келген кәпір, кез келген христиан, кез келген яһуди оңаша қалып ойлана бастаса, онда Жаратушы жалғыз, құлшылыққа лайықты Құдай жалғыз екендігін түсінеді. Ол өз-өзіне: «Мен кіммін? Қайдан пайда болдым? Не үшін пайда болдым? Не үшін өмір сүріп жатырмын? Өлгенде не болады?» деген сұрақтар қояды. Бұл сұрақтардың барлығы оны мына шындыққа жеткізеді: Жаратушы және ғибадатқа лайықты да жалғыз Құдай — Аллаһ.

Егер біреу: «Неге екі құдай емес?» — десе ше? Кейбір адамдар: «Жарықтың құдайы бар, түнектің құдайы бар» не-

месе «Жақсылықтың құдайы бар, жамандықтың құдайы бар» — деп айтады. Егер олар ойланып, оңаша қалып, ой жүгіртіп, табиғи сезімдеріне сәйкес келетін жауап іздесе, құдайдың жалғыз екенін түсінеді. Неге? Өйткені мұны оның табиғи сезімі растайды. Сіз мүшриктер немесе кәпірлер өздерінің ақидасымен (наным-сенімімен) тыныш өмір сүреді деп ойлайсыз ба? Жоқ! Себебі олардың табиғи сезімі бұған қарсы. Аллаһтың бар екенін жоққа шығаратындар да дәл солай. Мысалы, бір адам қандай да бір асты ұнатпайды да, соны зорлап жегісі келсе, ол өзін жайлы сезіне ме? Жоқ! Сол сияқты белгілі бір табиғи сезімнің үстінде жаратылған адам, егер оған сол табиғи сезіміне қайшы келетін бір ақиданы, бір наным-сенімді санасына күштеп сіңдірсе, ол да өзін жайлы сезінбейді. Бұл туралы Аллаһ Тағала Құран аяттарының көбінде олар таршылықта және ауыршылықта өмір сүретіндігін айтқан.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَمَنْ أَعْرَضَ عَنْ ذِكْرِي فَإِنَّ لَهُ مَعِيشَةً ضَنْكًا وَنَحْشُرُهُ يَوْمَ الْقِيَمَةِ
أَعْمَى﴾

«Ал кімде-кім Менің ескертуімнен бас тартса, онда, расында, оның тұрмысы қиын болады. Сондай-ақ, Біз оны Қиямет күні соқыр күйде тірілтеміз» («Та-Ха» сүресі, 124-аят).

Енді Аллаһтың бар екенін мүлдем жоққа шығаратындарға, яғни коммунистер немесе атеистер, не марксистерге қарайық. Егер олар шын мәнінде отырып ойланса, Аллаһ бар екенін, Оның жалғыз екенін және Ол ғана құлшылыққа лайық екенін түсінеді. Егер сіз: «Қалай?» — деп сұрасаңыз, біз сізге мысал ретінде Перғауынды келтіреміз. Перғауын жәй ғана Аллаһтың бар екендігін жоққа шығармады, бұған қоса өзін құдай деп атады. Алайда Аллаһ Тағала Перғауынды жаратты және Оның жүрегінде не бар екендігін білді. Аллаһ Тағала ол жайлы былай деді:

﴿وَجَادُوا بِهَا وَأَسْتَيْقَنَتْهَا أَنْفُسُهُمْ ظُلْمًا وَعُلُوًّا فَانْظُرْ كَيْفَ كَانَ
عَاقِبَةُ الْمُفْسِدِينَ ﴿١٤﴾﴾

«Олар мұғжизаларға көңілдері сенген бола тұра зұлымдық, менмендікпен қарсы шықты. Бұзақылардың соңының қалай болғанын көр!» (ән-Нәмл сүресі, 14-аят).

Яғни, Перғауын және онымен бірге болғандар Муса (оған Аллаһтың сәлемі болсын) алып келген аяттарды жоққа шығарды, бірақ сонымен бірге Мусаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) ақиқатты айтып жатқандығына және оның алып келгені шындық екеніне толық сенімді болды! Өйткені Аллаһ Тағала оларды осы сезіммен — Мусаның алып келгенінің ақиқат екенін растайтын табиғи сезіммен жаратты.

Алайда олар не үшін мұны жоққа шығарды? Тәкәппарлық пен өзін жоғары қою себепті! Сондықтан біздің дініміз — Ислам, бұл — Аллаһ Тағала бізді жаратқан барлық табиғи сезімдерге толық сәйкес келетін дін. Біз бұны, қаласақ та, қаламасақ та, растаймыз. Өйткені Аллаһ Тағала бізді осылай жаратты, және біз бұдан қашып құтыла алмаймыз.

Яғни «Аллаһу-с-Сомад» — Ол абсолютті, толық иелік иесі болған Раббы, және барлық жаратылыстар Оған мұқтаж, осыған дейін айтып өткеніміздей, Аллаһ Тағала бізді сондай етіп жаратты: біздің бәріміз Оған мұқтажбыз!


Біз Құран мен Пайғамбардың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сүннетінен Исламға кіріп, Құран оқи бастаған адам тыныштық пен шипа табатынын білеміз! Аллаһ Тағала былай деген:

﴿قُلْ هُوَ الَّذِيْنَ ءَامَنُوْا هُدًى وَّشِقَآءٌ﴾

«Құран — иман келтіргендерге бір тура жол және шипа»
(«әл-Фуссыләт» сүресі, 44-аят). Адам Құран Кәрімді оқығанда, онда өзі үшін

тура жол мен шипа табады. Ол Құраннан жүрегіне тыныштық әкелетін барлық нәрсені табады.

Аллаһ Тағала былай деген:



«Аллаһты еске алумен жүректер тынышталады» («әр-Рағд» сүресі, 28-аят).

Осы аяттағы Аллаһты еске алу (зікір) дегеніміз не?

Көп адамдар, мысалы, «тасбих» сөздерін алып, “Субхана-Аллаһ, СубханаАллаһ, СубханаАллаһ” деп айту керек, сонда жүрегім тынышталады деп ойлайды. Жоқ, зікір дегеніміз бұл ғана емес!

Аятта: **«Аллаһты еске алумен жүректер тынышталады»**, — деп айтылған. Мұндағы зікір екі түрге бөлінеді:

1. Зікір — тілмен еске алу. Бұл — адамның отырып, тілменен Аллаһ Тағаланы еске алуы. Әрине, бұл кезде оның жүрегі де қатысуы керек.

2. Тәзәккур — адамның Аллаһ Тағаланы жүрегімен зікір етуі. Мысал ретінде: бір адамды бастығы шақырып жатыр делік. Ол бастығынан қорқып, ол оған зиян тигізеді ме, жаман сөз айтады ма, жұмыстан шығара ма деп ойлайды. Сонда ол бастығына кірерден бұрын, жүрегімен Аллаһ Тағаланың Жоғарылығын, Ұлылығын және басқа да есім-сипаттарын еске түсіреді. Ол бұл бастық оған тек Аллаһ алдын ала белгілеген нәрсені ғана жасай алады деген сеніммен жүреді.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) ибн Аббасқа былай деген: *«Біл, егер бүкіл үммет, яғни бүкіл қауым саған зиян келтіру үшін жиналса, олар саған Аллаһ тағдыр еткеннен өзге ешнәрсе істей алмайды. Сол сияқты, егер бүкіл үммет саған пайда келтіру үшін жиналса да, олар саған Аллаһ тағдыр еткеннен өзге ешнәрсе істей алмайды».*

Бұл — «тәзәккур», яғни жүрекпен зікір ету. Адам Аллаһты осылай еске алған кезде, бастығына кіргенде, оның өзімен бірдей жаратылыс болып табылатынын көреді. Оның жүрегі бұл бастық Аллаһ Тағала алдын ала жазған нәрседен басқа ешнәрсе істей алмайтыныдығына нық сенеді, әрі ол тынышталады! Бұл — Аллаһ Тағаланың: **«Аллаһты еске алумен жүректер тынышталады»**, — деген сөздерінің растауы.

Сондықтан мүминдер, бірқұдайшылдар — ұлы, ал кәпірлер мен мүшриктер — төмен! Неліктен? Себебі мүминдер әрқашан Аллаһ Тағалаға жалбарынады, тәуекел етеді және олар өлген кезде Раббылары Аллаһ Тағаланы кездестіреді. Сол себепті олар ұлы! Ал кәпірлер мен мүшриктер өздері сияқты жаратылғандарға сүйенеді, ал өлген кезде, өздері сүйенген жаратылыстың шарасыз екенін көреді, сүйенер ешкімі болмай қалады. Олар Аллаһ Тағалаға жолыққанда, қандай шығында екендігін түсінеді.

Жаратушының бар екенін жоққа шығаратын адам, шын мәнінде, өзін-өзі алдаушы ғана. Ол бұның өтірік екенін біледі, бірақ сені соған сендіргісі келеді, саған оны дәлелдегісі келеді. Алайда оның ішкі фитрасы (табиғи болмысы) бұған қарсы болады.

Егер біреу: «Тағы да басқа үш, төрт құдай бар» — десе, Аллаһ Тағала ондай адамдарға бар болғаны бір-ақ аятпен жауап береді. Бұл аятты ақыл-есі түзу кез келген адам бірден түсінеді. Ал егер ол оны түсінбесе — онда оның ақылында бір ақау бар деген сөз.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿مَا اتَّخَذَ اللَّهُ مِنْ وَلَدٍ وَمَا كَانَ مَعَهُ مِنْ إِلَهٍ إِذَا لَذَهَبَ كُلُّ إِلَهٍ بِمَا خَلَقَ وَلَعَلَّ بَعْضُهُمْ عَلَىٰ بَعْضٍ سُبْحَنَ اللَّهِ عَمَّا يُصِفُونَ﴾

«Аллаһтың ешқандай баласы болған емес. Онымен қатар ешбір құдай да жоқ. Ондай болғанда, әрине, әр құдай

өз жаратқанын алып кетер еді де, бір-біріне үстемдік қылар еді. Аллаһ — олардың сипаттағанынан Пәк» («әл-Муьминун» сүресі, 91-аят).

Яғни, Аллаһ бізді сақтасын, олар айтпақшы, екі құдай бар болса: онда біреуі «Бүгін пәлен жақта түн болсын», — десе, екіншісі «Жоқ, мен бүгін ол жақта күн болуын қалаймын», — дейді. Бірі «Американың үстіне жаңбыр жаусын», — десе, екіншісі «Жоқ, мен Американың үстіне жаңбыр жауғанын қаламаймын», — дейді. Бірі «пәленше туылсын», — десе, екіншісі «Мен оны қаламаймын», — дейді. Содан соң олар дауласа бастайды, әрқайсысы өз жаратқанын алып кетеді, кейін олардың арасында соғыс басталады.

Сондықтан біз: **«Әлхамду ли-Лләһи Робби-л-ғаләмин, — яғни, — Бүкіл мақтау әлемдердің Раббысы Аллаһқа тән»,** — деп айтамыз. «Әлемдер» ұғымына Аллаһ Тағаладан өзгенің барлығы, яғни бүкіл жаратылыс кіреді. Ал Ол — сол әлемдердің Раббысы. Яғни, егер адам осы аятты естіп, бойында тозаңдай болса да ақыл болса, ол: «Иә, біреуден көп құдай болуы мүмкін емес, Жаратушы тек біреу ғана болады», — дейді.

Біз кез-келген адамның, мейлі ол мүшрик болсын, мейлі атеист болсын, ойлануы керектігін айтқанбыз. Мәселенің барлығы міне осында. Неге олар ойланбайды? Бар мәселе — олардың ұмытқанында! Олар ойлануды ұмытқан. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَلَا تَكُونُوا كَالَّذِينَ نَسُوا اللَّهَ فَأَنْسَاهُمْ أَنْفُسَهُمْ أُولَٰئِكَ هُمُ
الْفَاسِقُونَ﴾ (19)

«Сондай, Аллаһты ұмытқан әрі Аллаһ оларға өздерін ұмыттырған адамдар сияқты болмаңдар. Міне, солар — бұзақылар» («әл-Хашр» сүресі, 19-аят).

Яғни, олар осы дүниенің ләззаттарына беріліп кеткен немесе соған батып кеткен, олар істеп жүрген Аллаһқа серік қо-

суларына, күнәлары мен ғапылдықтарына батып кеткендігі соншалық, оларда ойлануға уақыт жоқ, олар тіпті өздерінің не үшін жаратылғаны жайлы ойлануға да уақыт таппайды. Сондықтан олар Аллаһты ұмытты, ал Аллаһ Тағала оларды өздерін ұмытатындай етті, Қиямет күні олар зор зиянға ұшырайды. Алайда, егер олардың кез-келгені, шындығында да, отырып: «Мен не нәрседен жаратылдым?» — деп ойланса, Аллаһ Тағала оған һидаят (тура жол, тура басшылық) берер еді, яғни оны тура жолға салар еді. Демек, егер адам ойланса, ол өзінің болмыстағы орнын түсінеді және ешқашан тәкәппарлық көрсетпейді. Неге? Өйткені тәкәппарлық, («әл-кибр») — бұл Аллаһ Тағаланың сипаты, сондықтан егер сен өзінді мұқтажсыз санаған сәтінде, Аллаһтың құлы болуға тәкәппарлық танытсаң, Аллаһ Тағала сені дәл мұқтаж болған сәтінде тастап қояды. Неге? Өйткені тәкәппарлық — бұл біздің, яғни пенделердің, сипатымыз емес.

Біздің, әсіресе өз республикаларымыздағы адамдардың көбі, бір-біріне тәкәппарлық көрсетеді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Кімде-кімнің жүрегінде тозаңдай тәкәппарлық болса, ол Жаннатқа кірмейді»**. Сондай-ақ, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) тәкәппар адамдар Қиямет күні тозаң сияқты тірілетінін, яғни кәпірлер, оларды басқалар таптайтынын айтқан. Егер сен жер бетінде тәкәппар болсаң, адамдардың аяқтарының астында жатасың және бәрі сені таптайтын болады. Ендеше, бұл тәкәппарлықтың не керегі бар? Адамдардың алдында менмендік көрсетудің қажеті не? Сен неден жаратылдың? Неден жаратылғаныңды ұмыттың ба? Сен бір ғана тамшыдан жаратылдың, сосын сүйектер үйіндісіне айналасың, кейін қайта тірілтілесің, ал Аллаһ Тағала сені тәкәппарлығың үшін есепке тартады.

Мысалы, бір патша немесе бай адам өмір бойы бейне ешкімге мұқтаж еместей өмір сүріп жүреді, керісінше, ол өзін басқалардың бәрі оған мұқтаж сияқты көрсетуге тырысады.

Алайда күндердің бір күнінде аяғын сындырады. Сол сәтте: «Дәрігер әкеліндер, дәрігер әкеліндер!» — деп айқайлайды. Аллаһ Пәк, тәкәппарлығың қайда? «Мен ешкімге мұқтаж емеспін», — деп айтушы едің ғой, ал қазір бір дәрігерге мұқтаж болып қалдың ба? Бұл адамдар арасындағы жағдай, яғни біз, адамдар, бұл өмірде басқа адамдарға мұқтажбыз. Ал енді адамдар мен адамдардың Раббысы арасындағы жағдайды айтсақ ше? Сен Аллаһқа құлшылық жасағың келмейді, Оған рукуғ жасағың келмейді, Оған сәжде жасағың келмейді. Аллаһ Тағала саған: «Мынаны жаса!», — деп бұйырады, ал сен: «Мен оны істемеймін!» — дейсің. Аллаһ Тағалаға тәкәппарлық көрсетесің бе? Егер сен Аллаһқа тәкаппарлық көрсетсең, қажетің туғанда, қолыңды көтеріп: «Уа Аллаһ!» — деген сәтте, Ол сені тастап қояды.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дұғасында былай деген: *«Уа Аллаһ! Уа Тірі, Уа Мәңгі, Сенің рахымың арқылы Өзіңе сиынамын. Барлық ісімді түзет және мені тіпті бір қас қағым сәтке Өз нәпсіме тастап қойма!»* Яғни, сен бір сәт қана көз қақсаң да, сол сәтте Ұлы Аллаһ сені қамқорлығынсыз қалдырмайды. Неге? Өйткені Аллаһ оны тастаған адам — нағыз зиянға ұшыраған адам. Сондықтан, Аллаһ Тағала саған бір нәрсені әмір етсе, ешқашан тәкәппарлық көрсетпе.

Енді «Әл-Ихлас» сүресінің аятына оралайық: اللَّهُ الصَّدُ («Аллаһ – әс-Сомад»), («әл-Ихлас» сүресі, 2-аят). Біз «الصَّدُ» сөзінің мағынасы — абсолютті билік иесі, барлық жаратылыстар мұқтаж болатын Ұлы Раббы екенін айттық. Және біз бұл сипат адам баласына Аллаһ Тағала жаратқан үш табиғи сезім арқылы сезіледі дегенбіз.

Ал енді, Аллаһ Тағаланың қалауымен, ең алғашқы табиғи сезімнен бастайық.

Ол — әлсіздік пен мұқтаждық кезінде, өзіміз жүгінетін нәрседен тіпті хабарымыз болмаса да, күштірек бір нәрсеге жүгіну сезімі. Яғни, Аллаһ Тағала бізді осылай жаратқан. Біз қазір айтқалы отырған бұл нәрсені, Аллаһ қаласа, кез келген

муаххид (бірқұдайшыл) адам түсінеді. Бұл табиғи сезім бізге біздің бар болғаны құл екенімізді дәлелдейді.

Мысалы, патша аяғын сындырып алды деген мысалды келтіргендей, біз де өмірде кез келген сәтте әлсіздік немесе мұқтаждық сезінгенде, бізге көмектесе алатын біреуді іздейміз. Бұл тағы да біздің құл екенімізді көрсетеді. Мысал келтірейік: бір адам ішінің ауырғанын сезді делік. Егер ауырсыну қатты болмаса, ол барып бір дәрі ішеді де, тынышталады. Ал егер ауыруы басылмай, барған сайын күшейе берсе, ол ауруханаға, жақын жердегі емханаға, қарапайым дәрігерге барады. Дәрігер қарап: «Мен сенде ешқандай ауру көріп тұрған жоқпын, сенің бойыңда ештеңе жоқ», — дейді. Сөйтіп ол үйіне қайтады, бірақ ауырсыну күшейеді. Содан кейін ол орталық ауруханаға барады, яғни күштірек біреуді, оған көмектесе алатын адамды іздейді. Сөйтіп, хирург-дәрігерге барады. Хирург қарап: «Мен саған көмектесе алмаймын, сенде бәрі дұрыс», — дейді. Содан кейін ол елдің астанасына барып, үлкен дәрігерлерге көрінеді, олар да солай дейді. Ал ауырсыну күшейе береді. Ақыры ол ақша жинап, шетелге — Еуропаға, Америкаға, ең үлкен дәрігерлерге барады. Бірақ ол жақтан да дәл сол жауапты естиді. Осының бәрінен кейін, ол қаласа да, қаламаса да, қолын көтеріп, Аллаһқа жалбарынады. Мейлі ол мүшрик болсын, христиан болсын, яһуди болсын — Аллаһ оның бойына осы сезімді жаратқан. Ақыры ол ең Құдіреттіге жүгінеді. Бірақ ол оған ең соңында ғана келеді. Ал муаххид болса, ең әуелі Аллаһқа жүгінеді. Міне, сондықтан да өлгендерден, мазарлардан, иконалар мен рухтардан сұрайтын адам мен тек қана жалғыз Аллаһқа жалбарынатын адамның арасында айырмашылық бар. Сондықтан ханиф Ибраһим (оған Аллаһтың сәлемі болсын): «Мен ауырсам, Ол мені емдейді», — деді. Неге? Өйткені бізді жаратқан — Аллаһ, әрі Ол бұл ауруларды да, олардың емін де біледі. Сондықтан біз Аллаһқа тәуекел етіп, себептерін жасасақ, Ол бізге бұл істе көмектеседі.

Біреу: «Енді мен дәрігерге бармауым керек пе?» — деп айтуы мүмкін. Жоқ, мұны тек салғырттар ғана істейді. Шарифат бізден себептерді алуды бұйырады. Алдымен сен Аллаһқа тәуекел етесің, одан кейін шарифаттың рұқсат еткен себептерін қолданасың. Көп адамдар секілді себептерге емес, Аллаһқа тәуекел ет.

Адам үйден шыққанда оның алғашқы сөздері «Бисмилләһ, тәуәккәлту ғалә-Ллаһ» болуы керек. Кейбір риуаятта Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахабалары (Аллаһ олардан разы болсын) тіпті аяқ киімінің бауы үзіліп қалса да, алдымен Аллаһқа тәуекел етіп: «Маған осы аяқ киімді тігуге көмектес», — деп дұға еткен, содан кейін ғана барып, оны тігуге көмектесетін адамды іздеген.

Бірде Умар (Аллаһ оған разы болсын) Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) қайтыс болғаннан кейін сахабалармен бірге бір елді мекенге қарай шықты. Сол елде оба ауруы таралған еді. Сонда Умар сахабаларына: «Біз бұл жерден кетеміз!» — деді. Сонда бір сахаба: «Уа Умар! Сен Аллаһтың тағдырынан қашып барасың ба?», — деп сұрады. Умар (Аллаһ оған разы болсын) Абу Убайда ибн әл-Жәррахқа: «Мен Аллаһтың тағдырынан Аллаһтың тағдырына қашып барамын», — деп жауап берді.

Бұны қалай түсінеміз? Кейін Умар (Аллаһ оған разы болсын) түсіндіріп: «Уа Абу Убайда! Егер бақташы түйелерін шөл далаға айдап апарса, ол жерде мүлде азық жоқ болса, олар аштан қырылады. Олар Аллаһтың тағдырымен өлді ме, жоқ па?» — деді. Абу Убайда: «Иә», — деп жауап берді. Умар: «Ал күнә кімнің мойнында? Жауапты кім?», — деп сұрады. Абу Убайда: «Бақташы», — деп жауап берді. Умар: «Ал егер бақташы сол түйелерін шөбі мол, жайылымы кең жерге айдап апарса, олар сол жерден жайылып, семірсе, олар тірі қалуы Аллаһтың тағдырымен емес пе?», — деді. Сонда Абу Убайда: «Иә, Аллаһтың тағдырымен», — деп жауап берді.

Демек, Аллаһ бізге себептерді қолдануды бұйырды. Егер бір адам ауырып: «Жоқ, жоқ, мен Аллаһқа тәуекел етемін», — деп, дәрі ішуден, емделуден бас тартса, бұл дұрыс емес. Өйткені Аллаһ Құранда:

وَلَا تُلْقُوا بِأَيْدِيكُمْ إِلَى التَّهْلُكَةِ

«Өздеріңді өз қолдарыңмен опат болуға тастамаңдар», — деп айтты. Сондықтан, себептерді ал! Бірақ нәтижесі Аллаһқа байланысты. Егер сен дәрі ішсең, ем қолдансаң — кейін Аллаһқа тәуекел ет. Бұның тек себеп қана екенін біл. Егер сен аспирин немесе аналгин ішсең және сенде «Маған дәл осы аспирин көмектеседі» деген сенім болса, бұл қате. Бұл тек себеп. Ал нәтиже Аллаһтың қалауында. Егер Аллаһ қаласа, ауруың жазылады, қаламаса — жазылмайды.

АЛҒАН БІЛІМІҢІЗДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Көпқұдайшылар Пайғамбарымыздан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Раббысын сипаттауын сұрағанда, қандай сүре түсірілді?

- ☐ «Әл-Фатиха» сүресі;
- ☐ «Әл-Ихлас» сүресі;
- ☐ «Әл-Кәфирун» сүресі.

2. Аллаһ Тағала неде Жалғыз?

- ☐ Таухид әр-рубубияда, таухид әл-улуһияда және таухид әл-әсма уә әс-сыфатта;
- ☐ Таухид әр-рубубияда, таухид әл-улуһияда, таухид әл-әсма уә әс-сыфатта және таухид әл-хакимияда;
- ☐ Таухид ғубудияда.

3. Аллаһ адамдарда қандай табиғи сезімдерді жаратты?

- ☐ 1. Әлсіздік пен мұқтаждық кезінде өзінен күштірек біреуге жүгіну. 2. Дүниеге деген махаббат;
- ☐ 1. Әлсіздік пен мұқтаждық кезінде өзінен күштірек біреуге жүгіну. 2. Жақсылықты ұнату және жамандықты ұнатпау;
- ☐ 1. Әлсіздік пен мұқтаждық кезінде өзінен күштірек біреуге жүгіну. 2. Жақсылықты ұнату және жамандықты ұнатпау. 3. Ақиқатқа жүгіну.

4. Аятты жалғастырыңыз: «Ал кім Менің Ескертуімнен теріс бұрылса, оны күтеді».

- ☐ «Ауыр өмір күтеді»;
- ☐ «Аллаһ оған тағдыр қылғаны күтеді»;
- ☐ «Аллаһтың қалауы күтеді».

5. Дұрыс тұжырымды таңдаңыз:

- ☐ Шынайы бірқұдайшылдар алдымен себептерді алып, кейін соған сүйенеді;
- ☐ Шынайы бірқұдайшылдар алдымен Аллаһқа тәуекел етіп, содан кейін себептерді алып, соған сүйенеді;
- ☐ Шынайы бірқұдайшылдар алдымен Аллаһқа тәуекел етіп, содан кейін себептерді алып, Жалғыз Аллаһқа ғана тәуекел етеді.

6. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үйден шыққанда не деп айтатын?

- ☐ «Аллаһтың атымен, Оған тәуекел еттім, Аллаһтан басқа ешкімнен күш те, қуат та жоқ!»;
- ☐ «Уа Аллаһ! Расында, мен Саған саналы түрде Сенен басқаға құлшылық етуден пана сұраймын, әрі білмегенім үшін Өзіңнен кешірім тілеймін»;
- ☐ «Уа Аллаһ! Маған пайдалы білім нәсіп ет».

XII. Аллаһтың істеген әр ісінде даналық-хикмет бар

Егер адам себептерді Аллаһқа тәуекел ете отырып қолданса, Аллаһ оны бұл үшін сауаппен марапаттайды. Өкінішке орай, көптеген мұсылмандар мұны білмейді. Мысалы, біз тамақ ішкенде немесе су ішкенде, көп адам: «Мен аштық сезінсем, тамақ жесем болды, тойып қаламын», — дейді. Жоқ! Мүлдем олай емес! Бұған дәлел — көптеген адамдар шөлдеп, бір стакан, екі, бес, тіпті он стақан су ішсе де, қарны толып, іш жарылардай болса да, тамағы құрғап, шөлін қандыра алмайды. Сол сияқты, кейде адам жарты келі, бір келі, тіпті екі келі тамақ жесе де, қарны керіліп тұрса да, аштық сезеді. Неге? Өйткені тоқтық пен шөлдің басылуы – Аллаһ Тағаладан. Сондықтан, шынайы муаххид (бірқұдайшыл) адам тамақ жеген кезде, тоюдың Аллаһтан екенін біледі. Ал тамақ — бұл тек себеп қана.

Сондықтан Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Кәпір жеті қарнын толтырып жейді, ал мұмин бір қарнын толтырып жейді»**, — деген. Яғни, кәпір қанша жесе де, тоюды тамақтан деп біледі, ал шын мәнінде тойдыратын — Аллаһ. Шөлді басатын да — Аллаһ, ал тамақ пен су — тек себептер. Міне, бұл — таухид. Көпшілік таухид — бұл тек «Аллаһ жалғыз» деп айту ғана деп ойлайды. Жоқ! Таухид — бұл біздің бүкіл өміріміз: тамақ, су, киім — мұның бәрі таухидпен байланысты. Адам өмірдің әр қадамын таухид тұрғысынан көруі керек.

Егер ол таухидпен өмір сүрсе, Аллаһ қаласа, ол қанша күнә жасаса да, Аллаһ Тағала оны кешіреді және Жәннатқа кіргізеді. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) жеткізген Қудси хадисте Аллаһ Тағала былай деген: **«Ей Адам**

баласы! Егер сен Маған жер мен көктің көлеміндей күнәлармен келсең, бірақ Маған серік қоспасаң, Мен саған оларды кешіремін және сені Жәннатқа кіргіземін». Таухид — ұлы нәрсе. Оны түсінген адам — бақытты адам. Әрі таухидпен өмір сүру — әр мұсылманның міндеті.

Сондықтан біз Аллаһ Тағаладан бәрімізді бірқұдайшыл етіп, таухидті толық білетін құлдарынан қылуын сұраймыз.

Яғни, Умар (Аллаһ оған разы болсын) сахабаға: *«Біз Аллаһтың тағдырының бірінен Аллаһтың тағдырының екіншісіне қашамыз. Егер біз ол жерге кіріп, Аллаһ бізге ауруды тағдыр етсе — бұл да Аллаһтың тағдыры болады. Ал егер біз ол жерден кетіп, ауырмасақ — бұл да Аллаһтың тағдыры болады»,* — деп жауап берді. Міне, сахабалар осындай еді — олар тағдырдың не екенін және тағдырға иман келтіруді дұрыс түсінді. Аллаһ қаласа, тағдыр туралы келесі дәрістерде айтатын боламыз.

Енді мен айтқым келген мысалға қайта оралайық: адам Аллаһқа тәуекел етіп, себептерді алып, кейін себептерге емес, Аллаһқа тәуекел еткенде, Аллаһ бұл дүниеде оған қалай жәрдем береді? Бір адам қатты ауырып қалды, оның жүрегі ауырды делік. Сол кезде сағат түнгі 12 болатын. Ол дәрігердің кешкі сағат 10-нан немесе 7-ден бастап түнгі 12-ге дейін жұмыс істейтінін білетін. Дегенмен, ол Аллаһ Тағалаға үміттенді. Ол Аллаһқа тәуекел етіп, үйінен жүгіріп шығып, ең жақын емханаға қарай барып: «Мүмкін, Аллаһ сол сәтте дәрігерге жетуді маған тағдыр еткен шығар», — деп ойлады. Ол сағат 12-ден он бес минут өткенде емханаға жетті. Шамасы, он бес минут бұрын емхана жабылуы керек болатын. Бірақ ол жерде дәрігерді кездестірді. Дәрігер кілтін жоғалтып алып, емхананы жаба алмай тұрған екен. Аллаһ Тағаланың қалайша жәрдем беретіндігін көрдіңіз бе? Сол жерде ол дәрігерге кіріп, өзінің ауруын айтып берді. Дәрігер, Аллаһтың қалауымен, оған дәрі жазып берді, әрі бұл дәрі Аллаһтың қалауымен оған пайда берді.

Енді өз себептеріне ғана сүйенетін басқа бір адам туралы айтайық. Оның бір жері ауырып қалады. Сағат кешкі алты. Ол дәрігер кешкі жетіден түнгі он екінің аралығында жұмыс істейтінін біледі. Сонда ол: «Мен бүгін сағат алтыда шығамын, алты жарымда емханаға жетемін, сөйтіп ең бірінші болып, бірінші кезекте дәрігердің қабылдауына кіремін», — дейді. Сөйтіп ол, ерте шыққанына, ерте келетіндігіне және кезекте бірінші болатынына сеніп, өз себептеріне ғана сүйеніп, жолға шығады. Бірақ ауруханаға келгенде оған: «Дәрігердің өзі ауырып қалды», — дейді. Лә хәулә уә лә қууәтә иллә билләһ, оған Аллаһ Тағала тарапынан еш жәрдем жоқ. Ол барлық себептерді қолданды, бірақ оларды Аллаһқа тәуекел етпестен өзіне сүйенді, сондықтан жәрдем болмады. Шын мәнінде, Аллаһқа тәуекел етіп, сонымен қатар себептерді қолданатын, бірақ содан кейін сол себептерге емес, Аллаһқа ғана тәуекел ететін мұсылманға Аллаһ өмір бойы жәрдемін береді. Көпшілігіміз мұны өмірімізде бастан өткерген болуымыз мүмкін.

Демек, егер Аллаһ бізге әлсіздік пен мұқтаждық сәтінде бір күшті нәрсеге жүгіну сезімін жаратқан болса, онда мен: «Аллаһ менде осы сезімді жаратқан болса, мен оны қаласам да, қаламасам да, әлсіздік пен мұқтаждық кезінде әрдайым бір күшті нәрсеге жүгінемін», — деп ойлануым керек. Олай болса, ең күшті кім? Ең ұлы кім? Бұл — әлбетте, Аллаһ Тағала!

Сондықтан шынайы бірқұдайшыл адам өзінің бойында бұл қасиет бар екендігін біледі немесе білмесе де, бұны сезеді. Сол себепті ол ең әуелі күші ең зор, құдіреті ең ұлы, даналығы ең кемел, білімі шексіз — Аллаһ Тағалаға жүгінеді. Және өмір бойы осылай жалғасады. Міне, олар — нағыз таухид иелері. Аллаһ Тағала олардың бойына осы қасиетті жаратты және олар оны дұрыс қолданады.

Ал мүшрикттер бұл қасиетті бастапқыда қолданбайды. Олар өздерінен күшті немесе өздеріне көмек бере алатын нәрсені іздейді, бірақ Аллаһ Тағалаға жүгінбейді. Тек барлық жолда-

ры бітеліп, ешбір көмек болмайтынына көздері жеткенде ғана амалсыздан Аллаһқа жүгінеді. Бірақ бұл үшін олар ешқандай сауап алмайды.

Қазір айналамызда болып жатқан нәрселерге назар аударайық. Біз тек мұсылмандар жайында айтып отырмыз. Бүгінде Орта Азияда, Кавказда, Ресейде қаншама мұсылмандар қабірде жатқан шейхтардан, мешіттерде жерленген «әулиелерден» немесе рухтардан бір нәрсе сұрайды. Ал шын мәнінде, олар өздері көмекке мұқтаж болған біреуден сұрап отыр. Мысалы, бір адам белгілі бір жерде жерленген әулиеге барады. Біріншіден, саған ол Жәннатта деп кім айтты? Сенің одан сұрауға қандай құқығың бар? Тіпті ол шынымен Жәннатта болса да, ол сенің дұғаға мұқтаж. Неге? Өйткені мүмкін сен тақуа боларсың, сенің дұғаң Аллаһтың алдында қабыл болар, сен ол үшін Аллаһтан дұға етерсің, және Аллаһ оның Жәннаттағы дәрежесін көтерер. Демек, бұл өлілер бізге мұқтаж.

Орта Азияда жиі еститініміздей, «әруақтар риза болсын» деп, рухтарға арнап құрбандық шалады. Кавказда да, Ресейде де дәл солай. Ол салиқалы адамдардың рухтары естімейді, көрмейді, екіншіден, олар Қиямет күні сендерден безеді. Өйткені, бұл өлілер де бізге мұқтаж, біз олардың күнәларының кешірілуін сұрап, олар үшін Аллаһқа дұға жасауымыз керек. Олар күнә жасамаған болса да, олардың игі амалдары көп болса да, біз олар үшін Аллаһтан Жәннаттағы дәрежелерінің көтерілуін сұрауымыз керек. Ең ауыр мәселе — мұны жасап жүргендер мұсылмандардың өздері екендігі. Бұл қалыпты нәрсе емес. Кез келген ақыл-есі түзу адам өліден бір нәрсе сұрау — бұл анық ақымақтық, ақылдың болмауы екенін мойындайды.

Яғни, мен сіздерге мысал келтірейін: елестетіңіздер, біз қандай да бір қабірлердің жанынан өтіп бара жатырмыз да, сол жерде бір адамды көрдік. Ол жерде оның әкесі жерленген екен, сонда ол әкесіне: «Әке, сен бір ай бұрын қайтыс болдың, артыңда мүлік қалдырдың, мен ініммен ренжісіп қалдым. Не істейміз? Кеңес бер. Ал сенің әпкең былай деп жатыр...» — дей-

ді. Аллаһ Пәк! Әлдебіреу мұндай адамның ақыл-есі дұрыс деп айта ма? Әрине, жоқ. Демек, өліге жүгінген кез келген адам — ақылынан адасқан адам.

Біздің заманда қаншама «әулиелер» жерленген орындар бар, егер олар шынымен әулие болса да, олардың адамдар істеп жатқан істерге еш қатысы жоқ. Мысалы, Мысырда Танта деген қала бар. Сол жерде Бадауи деген кісі жерленген. Оның туған күніне орай мешітінің маңына шамамен жеті миллион адам жиналады. СубханаАллаһ! Аллаһ Пәк! Жеті миллион адам келіп, одан: «Бізге көмектес», — деп сұрайды. Жеті миллион адам келіп: «Уа Бадауи, маған денсаулық бер! Уа Бадауи, маған жар бер! Уа Бадауи, маған мынаны бер, ананы бер», — дейді. Аллаһтан бізді бұдан қорғауын тілейміз! Мұсылманбыз деп жүрген жеті миллион адам келіп, ширк жасап, Аллаһқа Бәдәуиді серік қосып жатыр.

Дәл осылай Иракта, Иранда, дәл осылай Орта Азияда — Түркістан, Самарқанда, дәл осылай Кавказда, Ресейде кең таралған. Тіпті кейбір білімсіз, надан адамдар Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мешітіне келетін: «Уа Пайғамбар, бізге мынаны бер! Уа Пайғамбар, бізге ананы бер!» — дейді.

Ал Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өзі тіпті соңғы демі келгенше: **«Уа Аллаһ, менің қабірімді пұт немесе адамдар табынатын, жәрдем сұрайтын орын етпе!»** — деп дұға еткен. Яғни, ол адамдар істеп жүрген мұндай істерге мүлдем қатысы жоқ.

Біреу маған: «СубханАллаһ, мына мазарға жеті миллион адам келеді, басқа мазарға қаншама миллион келеді, үшіншісіне қанша мың келеді деп айтып жатса, сонда сен осыншама көп адам, осынша үлкен топ, бәрі қате нәрсе жасап жүр деп айтып тұрсың ба?! Жоқ, бұл сенің сөзің дұрыс емес сияқты», — деп айтуы мүмкін. Мен оған былай жауап беремін: «Кез келген ақыл иесінің немесе ақылды адамдардың арасында мынадай қағида бар — ақылды адам ешқашан топқа ермейді, ол топқа

тек қана дәлелі болған жағдайда ғана ереді». Немесе басқа сөзбен айтқанда, адамдар: «Адам жалғыз болса — ол жеке тұлға, ал көп болса — отар (топ), әрине егер олар ақиқатқа ермесе», — деп айтады.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хадистердің бірінде былай деген: **«Қиямет күні пайғамбарлар тіріледі. Бір пайғамбармен көп адамдар болады. Бір пайғамбармен он шақты адам ғана болады, біреуімен оннан да аз болады, біреуімен бір ғана адам болады, ал біреуімен тіпті бірде-бір адам болмайды»**. Яғни пайғамбар тіріледі де, қасында ешкім болмайды — демек ол бір үмметке, бір қауымға жіберілген, бірақ оған ешкім ермеген. Бұл оның бұрыс жолда болмағанын білдіреді ме?! Немесе онымен бірге ақиқат болмағанын білдіре ме?! Жоқ, ол ақиқатта болған, бірақ ол келген үммет, қанша миллион болса да, оған ермеді. Демек, ақылды адам ешқашан топқа ермейді, ал көпшілік, егер оларда дәлел болмаса, олардың ақиқатта екенін дәлелдей алмайды. Сондықтан Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿شَهِدَ اللَّهُ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ وَالْمَلَائِكَةُ وَأُولُوا الْعِلْمِ قَائِمًا بِالْقِسْطِ
لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ﴾

«Аллаһ, періштелер және білім иелері Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ екеніне куәлік етті. Ол (Аллаһ) әділдікті (қалыпты жағдайда) сақтайды. Одан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ, Ол — Аса Құдіретті, Дана» («Әли Имран» сүресі, 18-аят). Яғни, бір адам келеді де, адамдарға ақиқатты жеткізеді, оларды шақырады. Ол — жалғыз, ал олар — он, жүз, мың, миллион. Ол оларға ақиқат әкелді. Қараңыздар, ең алдымен олар оны өтірікші деп айыптайды және оған және ол алып келген ақиқатқа ермейді. Ол болса оларға: «Мен сендерге өздігімнен айтып жатқан жоқпын. Менің сендерге айтып жатқаным — Пайғамбардан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келген нәрсе!» — дейді.

Олар сонда да ермейді. Олар бірінші кезекте оны өтірікші деп айыптайды, ал екінші жағынан, олар Пайғамбарды (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) да жанама түрде өтірікші қылады. Ал Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өздігінен ешнәрсе айтпаған. Ол айтқан нәрсені оған Жәбірейіл Аллаһтан жеткізген. Демек, олар жанама түрде Жәбірейілді де өтірікте айыптайды. Ал енді, сөз Аллаһ Тағалаға, келгенде — олар Аллаһ Тағалаға қарсы не айта алады?! Сондықтан Аллаһ Тағала былай деген:

﴿شَهِدَ اللَّهُ أَنَّهُ لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ وَالْمَلَائِكَةُ وَأُولُوا الْعِلْمِ قَائِمًا بِالْقِسْطِ
لَا إِلَهَ إِلَّا هُوَ الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ﴾

«Аллаһ, періштелер және білім иелері Аллаһтан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ екеніне куәлік етті. Ол (Аллаһ) әділдікті (қалыпты жағдайда) сақтайды. Одан басқа құлшылыққа лайықты хақ құдай жоқ, Ол — Құдіретті, Дана» («Әли Имран» сүресі, 18-аят). Бұл аяттаға білім иелері деген кімдер? Білім иелері — пайғамбарлар және пайғамбарларға ергендер. Яғни, бұл өмір — емтихан секілді. Бұл дүниеде кімді өтірікші қылсаң да, Аллаһ Тағаланы Қиямет күні алдай алмайсың.

Мысал келтірейін: бір университетте мың адамдық аудитория бар делік. Барлығына емтихан билеттері мен таза қағаздар таратылды да: «Жауап жазыңдар», — делінді. Сол мың адамның ішінен бір адам ғана дұрыс жауап жазды, ал тоғыз жүз тоқсан тоғыз адам қате жауап жазды.

Емтихан біткен соң, әлгі бір адам: «Мен былай жауап бердім», — дейді. Тоғыз жүз тоқсан тоғыз адам: «Жоқ, біз былай жауап бердік», — дейді. Ол болса: «Жоқ, жоқ, сендер қателестіңдер», — дейді. Олар: «Аллаһ Пәк! Тоғыз жүз тоқсан тоғызымыз қателестік, ал жалғыз сен ғана дұрыс жауап бердім дейсің бе?!» — дейді. Сонда ол: «Жүріңдер, ұстаздан сұрайық», — дейді. Олар ұстазға барып: «Мынау былай жауап берді, біз былай

жауап бердік, ол өзінікі дұрыс дейді», — деп шағымданады. Ұстаз оның жауабына қарап, олардың жауабына қарап: «Иә, шынымен, ол дұрыс жауап берген», — дейді. Олар ұстазға: «Сен де білмейді екенсің. Сонда сен және осы студент екеуіңдікі ғана дұрыс, ал тоғыз жүз тоқсан тоғызымыздыкі қате дейсің бе?!» — дейді. Сосын олар факультет деканына барады. Декан да ұстаз бен студенттің жауабы дұрыс екенін растайды. Олар: «Сен де білмейсің», — дейді. Содан кейін кімге барады? Ректорға. Ректор — осы емтиханды өзі жасаған, сұрақтарды да, жауаптарды да өзі дайындаған адам, оның кабинетінде барлық сұрақтардың жауабы бар. Ол оларға жауаптарды көрсетеді, дәл сол сұрақтарды алып, дұрыс жауаптарын көрсетеді.

Аллаһ Пәк! Осыдан кейін олар не айта алады?! Аллаһ — осы және кез-келген мысалдардан Ұлы. Дәл сол сияқты бұл өмірде де адамдар Аллаһқа шақырушыларды өтірікші деп айыптайды, пайғамбарды өтірікші деп айыптайды, Жәбірейілді өтірікші деп айыптайды. Ал Қиямет күні Аллаһ Тағала: «Бүгін билік кімге тиесілі?» — деп айтқанда, олар сол күні не айта алады?! Олар ешнәрсе айта алмайды. Сол күні Аллаһ Тағала оларды азапқа салады.

Сондықтан **«Оларға былай деп айт: «Аллаһ — Жалғыз...»**» деген аятқа сенетін адам, Аллаһ — Біреу, Ол толық билік Иесі, бүкіл нәрсе Оның алдында мұқтаж екеніне иман келтіруі керек. Яғни бұл бірінші қағидаға қатысты. Біз айтқан алғашқы қағида немесе Аллаһ Тағала адамда жаратқан алғашқы табиғи сезім — адамның әрдайым мұқтаждықта және әлсіз сәтінде өзінен күштірек біреуге жүгінуі. Шынайы муахидтер (бірдқұйшылдар) ең күшті, ең Құдіретті, ең Білуші, ең Дана — Аллаһ Тағалаға жүгінеді. Демек, бұл табиғи сезім бізді таухидке шақырады.

Екінші табиғи сезімге келсек, ол — Аллаһ Тағала бізге (адамдарға) жақсыны сүю, жамандықты жек көру қасиетін салғаны. Мысалы, адам оттың жаман екенін біледі, қолын отқа тығу — жаман іс, себебі ақыл-есі дұрыс адам ешқашан қолын

отқа салмайды. Немесе, мысалы, адам лас нәрселерді жеу жаман екенін біледі, сондықтан ол лас нәрсені ешқашан жемейді. Ал пайдалы ас болса, оны жейді.

Алайда мұнда бір мәселе бар. Сендер маған: «Сен: «Адамдар жаратылысынан жақсыны жақсы көреді, жаманды жек көреді», — деп айтып жатырсың, онда неге жер бетінде жамандық бар? Неге жер бетінде жақсылық аз?» — деп сұрақ қоюларың мүмкін. Мәселе әркімнің жақсыны да, жаманды да өзінше көруінде. Яғни, әркім «жақсы» деп санайтынын да, «жаман» деп санайтынын да өз түсінігіне қарай анықтайды.

Міне, осы тұста адам ойланып, не нәрсе шынайы түрде жақсы, не нәрсе шынайы түрде жаман екенін анықтауы керек. Мысалы, көпшілігіміз естігенбіз, Швейцария жылдық жан басына шаққандағы табыс мөлшері ең жоғары ел болып саналады, яғни жан басына шаққанда ең жоғары табыс — Швейцарияда. Бірақ біз, сондай-ақ, Швейцария адамдардың өзіне қол жұмсаудың (суицид) ең жоғары пайызына ие екенін де естиміз. Неге? Өйткені олар айналасындағы жақсылықты көрмейді, жақсы нәрселердің ортасында жүрсе де, одан ешқандай жақсылық сезбейді.

Ең жақсы игілік, ең ұлы жақсылық — бұл бізге Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) хабарлаған нәрсе. Ол хадисте былай деген: **«Ақиқатында, бүкіл өмірін қиындықтар мен азаптарда өткізген адам Қиямет күні Жәннатқа бір-ақ рет малынып алынады (яғни ол толық Жәннатқа кірмейді, тек бір сәтке ғана Жәннатқа малынып, қайта шығарылады). Содан кейін одан: “Сен өміріңде жамандық көрдің бе?”, — деп сұрайды. Ол: “Аллаһпен ант етемін, мен ешқашан жамандық көрмедім”, — дейді».** Яғни, ол өмірінде жүз жыл немесе одан аз, не көп қиындықта, жоқшылықта, ауру-сырқауда өмір сүрген болса да, Жәннатқа бір-ақ рет малынған соң: «Аллаһпен ант етемін, мен ешқашан жамандық көрмедім», — дейді. Демек, ең үлкен игілік — бұл Жәннат. Сол хадисте Пайғамбарымыз (Аллаһтың оған игілігі

мен сәлемі болсын) тағы да бір адам жайында: ол бүкіл өмірін молшылықта, ешқашан ештеңеге мұқтаж болмай өткізген. Қиямет күні оны Тозаққа бір-ақ рет малып алады. Содан кейін одан: «Сен өміріңде бір жақсылық көрдің бе?» Ол: «Аллаһпен ант етемін, мен ешқашан жақсылық көрмедім», — дейді. Яғни, жүз жыл ләззат пен байлықта өмір сүрсе де, Тозаққа бір-ақ рет малынған соң: «Мен ешқашан жақсылық көрмедім», — дейді. Демек, ең үлкен жамандық, адамға келетін ең ауыр зиян — бұл Тозақ, ал ең ұлы игілік — Жәннат. Тіпті Жәннаттан да артық нәрсе бар. Егер сіз меннен: «Жәннаттан артық не болуы мүмкін?» — деп сұрасаңыз, ол жайында Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَجُودٌ يَوْمَئِذٍ نَّاضِرَةٌ ﴿٢٢﴾ إِلَى رَبِّهَا نَاظِرَةٌ ﴿٢٣﴾﴾

«Қиямет күні кейбір жүздер жарқырап, Раббыларын көреді» («әл-Қияма» сүресі, 22–23-аяттар).

Жәннаттағы ең ұлы ләззат — бұл Аллаһ Тағаланы көру. Бұл ләззатпен ешнәрсе теңесе алмайды.

Сондықтан Тозаққа кіретіндер Жәннатқа кірмейтіндігіне қоса тағы бір жазаға ұшырайды — олар Аллаһ Тағаланы көрмейді. Бұл жайында Аллаһ Тағала былай деген:

﴿كَلاَّ إِنَّهُمْ عَنْ رَبِّهِمْ يَوْمَئِذٍ لَّمَّحْجُوبُونَ ﴿١٥﴾﴾

«Жоқ, олай емес. Негізінде олар ол күні Раббыларының дидарыннан мақрұм қалады» («әл-Мутаффифин» сүресі, 15-аят).

Расында, ол күні олар Раббыларынан бөгеттелген күйде қалады, яғни Олар Аллаһ Тағаланы көрмейді. Сондықтан егер Аллаһ сенің бойыңа жақсыны сүю, жаманға жиіркенішпен қарау сезімін жаратса — ойланып көр: ең жақсысы не, ең жаманы не? Айтып өткеніміздей ең басты игілік — бұл Жәннат. Аллаһ сені осы сезіммен жаратты және сені Жәннатқа, Өзін көруге, мәңгілік ләззатта болуға шақырады. Аллаһ сені жамандықтан да сақтандырды, ең жаманы нәрсе — Тозақ. Ол сені ескертіп,

ол туралы баяндады және Тозақтан қалай сақтану керектігін түсіндірді.

Міне, бұл Оның «әс-Сомад» есімінен туындайтын екінші табиғи сезім — жақсыны сүю және жаманға жиіркенішпен қарау. Ал біз айтып өткендей, кімде-кім шынайы жақсының не екенін білгісі келсе, ол бүкіл болмысты — жер мен көкті жаратқан Аллаһ Тағаланы тыңдауы керек. Ол ең ұлы нәрсе — Жәннат және Аллаһты көру, ал ең жаман нәрсе — Тозақ және Оны көрмеу деген.

Соңғы, үшінші сезім — ақиқатқа жүгіну. Яғни, біреуге немесе бір заңға жүгіну. Бұл үшінші сезім екінші сезіммен байланысты. Себебі адам өзінің не нәрсенің оған жақсылық, ал не нәрсенің оған жамандық екенін білуі үшін белгілі бір заң болуы керек, ол заң бір нәрсені «жақсы», ал бір нәрсені «жаман» деп белгілейді. Біз айтып өткендей, кез келген ақылды адам немесе қоғам міндетті түрде бір заңға сүйенеді. Жер бетінде заңсыз өмір сүретін қоғам жоқ. Барлық адамдар қандай да бір заң бойынша өмір сүреді.

Енді біз өмір сүріп жатқан әртүрлі мемлекеттердің заңдарына қарайық. Біріншіден, бұл заңдарды кім жасайды? Олар көшеден кез келген баланы немесе сауатсыз адамды алып келеді ме? Жоқ! Олар конституция жазғанда немесе қандай да бір заң қабылдағанда, ең үлкен мамандарды, ақыл-парасаты мол, есейген, кемел адамдарды жинайды. Олар жиналып, белгілі бір мемлекеттің адамдары соған сай өмір сүретіндей етіп конституция мен заңдар жазады.

Екіншіден, олар бұл заңдарды тек осы өмір үшін ғана жасайды. Неге? Өйткені олар Ақыретте не болатынын білмейді. Яғни, жер бетіндегі кез келген конституция тек осы өмірдегі мақсаттарды көздейді. Ал Аллаһ Тағалаға келер болсақ, Ол бізге осы өмір мен мәңгілік өмірдің де жақсылығына сәйкес келетін заң жіберді. Сонымен қатар, адамдар заң шығарғанда қателеседі немесе ұмытады. Ал Аллаһ Тағала қателеспейді және ұмытпайды.

Сондықтан біз мемлекеттің парламент жұмысына қарасақ, олар ай сайын немесе бірнеше ай сайын жиналып: «Біз мынадай өзгеріс енгіздік», «Мына бапты өзгерттік», — дейді. Неге? Өйткені адамдар ұмытады, адамдар қателеседі, адамдар ертең не болатынын білмейді. Сондықтан олар үнемі заңға түзетулер енгізіп отырады.

Адамзат неше ғасырдан бері өзіне заң мен конституция жазып келеді, бірақ күн сайын түзетулер енгізеді. Ал Аллаһ Тағала түсірген шариғатқа келсек, Аллаһ Тағала Ақыретте не болатынын біледі. Сол үшін Ол ең кемел заң жасап, оны адамдарға жіберді және бізге сол бойынша өмір сүруді бұйырды. Демек, Аллаһ Тағала бойымызға белгілі бір заңға жүгіну сезімін жаратқан. Егер менде тозаңдай болса да ақыл бар болса, мен: «Қандай заң ең жақсы? Қай заң маған осы өмірде де, Ақыретте де сай келеді?» — деп ойланып, сол заңға ілесуім керек.

Біз адамдардың әр ай сайын конституцияға түзетулер мен жаңалықтар енгізіп жатқанын да көреміз. Неліктен? Себебі адамдар қателеседі, әрі адамдар болашақты білмейді. Ал Аллаһтың шариғатына келсек — Аллаһ қателеспейді, Ол ұмытпайды, Ол ертең не болатынын, кеше не болғанын, бүгін не болып жатқанын және Ақыретте не болатынын біледі. Сондықтан Ол бізге өмір сүруді бұйырған ең кемел заңды түсірді. Аллаһ біздің бойымызға қандай да бір заңға жүгіну сезімін салды. Осында аз да болса ақылы бар адам: «Қандай заң ең жақсы?», — деп ойлауы қажет.

Алайда, біздің заманымызда көптеген мұсылмандар Аллаһтың шариғатын тіпті ең кіші істерде де ұстанбайды. Мысалы, біздің мінез-құлықтарымызды алайық. Мұсылман адам кәпірді Исламға шақырса, ол кейде шақыруды қабылдамай, белгілі бір Махмудты мысалға келтіреді. Ол Махмуд Аллаһ Өзінің заңында бұйырған әдептерді ұстанбайды. Біріншіден, біз мұндай мұсылмандарға: «Кәпірлер үшін фитна болмаңдар, Аллаһ сендерге бұйырған заңдарды ұстаныңдар. Өйткені Ол сендерден осы үшін сұрайды», — деп айтамыз. Екіншіден, біз

ол кәпірлерге былай деп айтамыз: «Бұл адамдар сендер үшін дәлел емес. Олар дінді танытпайды. Дінді сендер Құран мен сүннеттен, сенімді деректерден қарап үйреніңдер».

Міне, Аллаһ біздің бойымызға салған осы үш табиғи сезім туралы айтып болғаннан кейін, енді біз алғашқы сабағымызда сөз еткен сахабаны еске түсірейік. Ол сахаба намазының әрбір ракағатында «әл-Ихлас» сүресін оқитын, әрі бұл сүре арқылы ол Жәннатқа кірді. Демек, бұл сахаба әр уақытта:

﴿قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ ۝ اللَّهُ الصَّمَدُ ۝﴾

«Оларғы былай деп айт: “Ол — Жалғыз Аллаһ, Аллаһ — Мұңсыз”», — деп оқитын, әрі ол Аллаһтың әлсіздік пен мұқтаждық кезінде жүгінуге ең лайықты екендігін түсінетін. Ол Аллаһ бір нәрсені нұсқап, оны жақсылық деп айтса, демек ол шынайы жақсылық екенін, ал бір нәрсені нұсқап, оны жамандық десе, демек ол, бұны біздің ақылымыз түсінбесе де, жамандық болып табылатынын білетін.

Аллаһ Тағала адамдарға бұл дүниеде де, Ақыретте де пайда әкелетін ең жақсы заңды түсірді. Сол сахаба осы аяттарды түсінетін және осы үшін бұл сүрені жақсы көрді.

Сондықтан, егер адам осы аятты түсініп, соған сай өмір сүрсе, оның жүрегі діріл қағады. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لَوْ أَنزَلْنَا هَذَا الْقُرْآنَ عَلَى جَبَلٍ لَّرَأَيْنَاهُ خَشِيعًا مُّتَصَدِّعًا مِّنْ خَشْيَةِ اللَّهِ وَتِلْكَ الْأَمْثَلُ نَضْرِبُهَا لِلنَّاسِ لَعَلَّهُمْ يَتَفَكَّرُونَ ۝﴾

«Егер осы Құранды бір тауға түсіргенімізде, оның Аллаһтан қорыққандықтан үрейленіп, быт-шыт болғанын көрер едің. Бұл мысалдарды адам баласы түсінсін деп келтіреміз» (әл-Хашр сүресі, 21-аят).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) «әл-Ихлас» сүресі жайлы: **«Ол — (сауап тұрғысынан)**

Құранның үштен біріне тең», — деп айтқан. Бұл сүреде таухидтың «әл-әсма уәс-сыфат» түрі толық қамтылған. Сондай-ақ, таухидтың «әл-улуһия» деген түрі бар, және Құранда тек осы түрде айтатын сүрелер кездеседі, мысалы, «әл-Кәфирун» сүресі. Ал «әл-Фатиха» сүресінде таухидтың үш түрі де қамтылған.

Яғни, Құранды зейін салып оқыған адам: Құранда тек таухид, немесе әмірлер мен тыйымдар және Аллаһқа қарсы шыққандар жайлы әңгімелер бар екенгидін біледі. Мұның бәрі «таухид улуһияға», яғни Аллаһ Тағаланы құлшылық-ғибадатта жалғыздауға қатысты. Сондай-ақ біз Құранда Аллаһтың есімдері мен сипаттарының сипатталуын көреміз, яғни Құран толықтай осы үш түрді қамтиды. Ал «әл-Ихлас» сүресі толығымен «әл-әсма уәс-сыфат» таухидын қамтиды.

АЛҒАН БІЛІМДЕРІҢІЗДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. «Мүмин адам бір қарынмен, ал кәпір жетеуімен тамақтанады», — деген хадисті қалай дұрыс түсіну қажет?

☐ Кәпір адам тамаққа, ал мүмин Аллаһқа сүйенеді, әрі Ол (Аллаһ) оны тамақтандырады, сусындатады;

☐ Кәпір адам үнемі тоймайды, ал мүмин шектен шықпай (шамалы мөлшерде) тамақтанады.

2. Себептер міндетті нәрсе болып табыла ма?

☐ Жоқ, себептерді алудың қажеті жоқ, өйткені бастысы — Аллаһқа тәуекел ету;

☐ Иә, өйткені Аллаһ себеп пен нәтиже заңын орнатты, бірақ Аллаһ себепсіз де нәтиже бере алады, сондай-ақ, барлық мүмкін себептер жасалса да, нәтиже бермеуі мүмкін.

3. Адамдар жасаған (орнатқан) заңдардың кемшілігі неде?

☐ Себебі адамдар — әлсіз жаратылыстар, сондықтан заңдарға әрқашан түзетулер енгізіліп отырады, ал Жаратушы Аллаһ осы және мәңгілік өмірдегі бақыт үшін мінсіз заң орнатқан;

☐ Себебі мемлекеттердің басшылығында жақсы заңдар ойлап табуға қажетті әділ адамдар аз.

4. «Әл-Ихлас» сүресінде таухидтің қай түрі қамтылған?

☐ Таухид әл-Улуһия;

☐ Таухид әр-Рубубия;

☐ Таухид әл-Әсмаи уә-с-Сыфат.

5. «Әл-Кәфирун» сүресінде таухидтің қай түрі қамтылған?

- ☐ Таухид әл-Улуһия;
- ☐ Таухид әр-Рубубия;
- ☐ Таухид әл-Әсмаи уә-с-Сыфат.

6. «Әл-Фатиха» сүресінде Таухидтің қандай түрлері қамтылған?

- ☐ әр-Рубубия, әл-Улуһия, әл-Әсмаи уә-с-Сыфат;
- ☐ әр-Рубубия, әл-Улуһия, әл-Әсмаи уә-с-Сыфат, әл-Хакимия;
- ☐ әр-Рубубия, әл-Улуһия, әл-Хакимия.

XIII. «Ол тумаған және туылмаған»

Біз бірінші және екінші аят жайлы айтып болдық, енді үшінші аятқа тоқталамыз.

Аллаһ Тағала Құранда:

﴿لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ﴾

«Ол тумаған және туылмаған», — деп айтқан. Тәпсіршілер бұл аяттың тәпсірі ретінде: «Аллаһу-с-Сомад («Аллаһ Мұңсыз»）」 аятын атаған. Біз жоғарыда айтып өткеніміздей, кейбіреулер «әс-Сомад» сөзін — «ішкі ағзалары жоқ, сондықтан да тумады және туылмайды» деп түсіндірген.

Алайда біз осы аяттың бұдан да терең мағынасына тоқталамыз. Тәпсіршілер айтқандай, бұл аяттың мағынасы әке мен бала арасындағы байланыстың шеңберінен әлдеқайда кең. Аллаһ бұл аятта әке мен бала мысалын адамдарға Оның бүкіл жаратылысты қалай жаратып отырғанын көрсету үшін келтірді. Өйткені жер бетіндегі бүкіл тіршілік себептер арқылы пайда болады. Мысалы: әке — баланың дүниеге келуіне себеп, ал бала — осы себептің нәтижесі. Бұл бала да ер жетіп әке болады, өзі де себепке айналады және солай жалғаса береді.

Аллаһтан басқа барлық нәрсе себептердің әсеріне бағынады, ал Ол — Жалғыз. Бүкіл жаратылыс екі ережемен өмір сүреді: себеп және нәтиже. Мысал ретінде бидай дәнін алайық. Адам дәнді жерге егеді, одан масақ өсіп шығады. Дән — себеп, ал масақ — соның нәтижесі. Ал Аллаһ — себепті де, нәтижені де Жаратушы.

Себептер мен нәтижелерді тек Аллаһ қана жаратады.

Енді «Себеп қалай пайда болады немесе нәтиже қалай жүзеге асады?» деген сұрақ туындайды. Мысалы, біз дәнді жерге еккенде, одан міндетті түрде масақ шығуы керек пе? Одан масақ шығатынына 100% кепілдік бар ма? Әрине, жоқ.

Осы жерде адамдар екі топқа бөлінеді: таухидті ұстанушы және мушрик. Мушрик — себептерге ғана сүйенетін адам. Ал муаххид — тек Аллаһқа тәуекел ететін, себептерге тәуелсіз бір Аллаһтың ғана нәтижені жарата алатынын білетін адам. Ол Аллаһтың себепті жаратып, нәтижені жаратпауы мүмкін екенін де біледі. Сондай-ақ, Аллаһтың ешбір себепсіз нәтижені жарата алатынын да біледі. Сондықтан Ол — «Тумаған әрі туылмаған». Мұндай сипат тек Оған ғана тән.

Тағы да тереңірек қарастырайық: біз бүкіл өміріміз тағдырдың бірнеше дәрежесінен өтетінін білуіміз қажет. Тамақ мысалын алайық. Ас ішу үшін белгілі бір жағдайлар жасалады, азық — тамақтың себебі болады, ал мұның бәрі тағдырдың төрт дәрежесінен өтеді.

Дөнге қайта оралайық. Бұл дән қайдан пайда болды? Ол жай ғана пайда бола салған жоқ, ол бірнеше сатыдан өтті:

1. Білім — дән ең әуелі Аллаһтың білімінде болды. Аллаһ белгілі бір дән жайлы, оның барлық ерекшеліктерін толық білген.

2. Жазу — Аллаһ барлық жаратылыстан 50 000 жыл бұрын оның барлығын Ләуху-л-Махфузға жазған.

3. Қалау — содан кейін Аллаһ бұл дәннің пайда болуын қалады.

4. Жарату және бұйыру — Аллаһ бұл дәнді жаратты. Бұл — жарату және әмір ету дәрежесі.

Осы дәрежелердің барлығы **тағдырдың сатылары** деп аталады. Аллаһ бұл мысалдардың бәрінен Ұлы.

Алғашында дән Аллаһ Тағаланың ілімінде болды, бұл дәреже «ғилм» (яғни білім) деп аталады. Кейін бұл дән немесе сол

дән туралы Аллаһ Тағала аспандар мен жерді жаратпай тұрып 50 мың жыл бұрын Ләуху-л-Махфузда жазды. Бұл — «китаба» (жазу) деп аталатын екінші дәреже. Одан кейін, үшінші дәреже — Аллаһ бұл дәннің пайда болуын қалады. Бұл «машийя» деп аталады, яғни қалау дәрежесі. Соңғы, төртінші дәреже — «мәртәбәту халқ уә-л-ижәэд» деп аталады, яғни жарату және пайда болу дәрежесі. Демек, Аллаһ Тағала алдымен білді, кейін жазды, содан соң қалады, әрі жаратты. Осы төрт дәреже тағдырдың дәрежелері деп аталады.

Аллаһ Тағала барлық мысалдардан Ұлырақ. Біз бұған дейін айтып кеткеніміздей, Ұлы Аллаһқа қатысты үш түрлі мысал келтіріледі: екеуі — тыйым салынған, ал біреуі — рұқсат етілген. Тыйым салынған екі мысал: «қиясу тәмсил» — салыстыру арқылы мысал келтіру және «қияс әш-шумул» — қамту арқылы мысал келтіру. Бұлар харам болып саналады. Ал үшінші мысал — «қияс әл-аулә» (артықшылық арқылы мысал келтіру).

Мысал үшін, бір инженерді елестетейік. Тағы да атап өтемін, Аллаһ барлық мысалдардан ұлырақ. Инженер бір нәрсені салуды ойлады делік. Алдымен оған: «Мен мынадай бір нысан салсам қалай болады?» — деген ой келді. Кейін ол сызбасын жасайды. Сызбасын жасап болған соң: «Шынымен жақсы зауыт немесе керемет ғимарат болады екен», — деп ойлады. Содан соң оны іске асыруды қалады. Кейін жұмысшыларды жинап, демеушілерді тауып, зауытты тұрғызады.

Аллаһ Тағала барлық нәрсені, оның жаратылуынан бұрын да, кейін де, ең ұсақ-түйегіне дейін біледі. «Тағдыр» сөзі қайдан шыққан? Ғалымдар: бұл сөз ең әуелі «ғилм» (білім) мағынасын қамтиды. Сондай-ақ, «тағдыр» сөзі «қудра» (күш-қуат, құдірет) сөзінен алынған. Аллаһ Тағала бұл жайлы жақсырақ біледі.

Сондықтан мен мысал келтіргенде әрдайым: «Аллаһ барлық мысалдардан Ұлырақ», — деп айтамын. Себебі инженер бір нәрсені ойлап, кейін сызбасын жасауы мүмкін, бірақ оның білімі кемел емес, ол кейбір нәрселерді ұмытып кетуі мүмкін. Тіпті бәрін 100% есептеп шықса да, сызу кезінде бір нәрсе-

ден қате жіберуі мүмкін. Сызбасын толық аяқтаса да, қанша күш-жігер мен еңбек салса да, оның ойластырып жоспарлағаны іске аспауы мүмкін, мысалы, ақшасы болмауы, жұмысшылары табылмауы ықтимал.

Ал Аллаһ Тағала жайлы айтсақ, Оның білімі — кемел, құдіреті — толық, әрі Ол ешкімге мұқтаж емес. Бұл қасиетке тек Аллаһ қана ие, ал Одан өзге барлығының білімі де, күші де шектеулі.

Адам себеп жайында бір нәрсені білуі мүмкін, алайда ол ғайыпты, яғни болашақта не болатынын білмейді. Ал Аллаһ Тағала әрі ғайыпты, әрі ашық нәрселерді біледі! Аллаһ Тағала Құранда былай деген:

﴿وَعِنْدَهُ مَفَاتِحُ الْغَيْبِ﴾

«Ғайыптың кілттері Онда ғана» («әл-Әнғам» сүресі, 59-аят). Яғни, ғайыпты тек Аллаһ қана біледі!

Ендеше, егер мен Аллаһ жайында немесе ғайып нәрсе жайында бір нәрсе білгім келсе, мен оны қалай біле аламын? Тек Аллаһтың Өзінен ғана емес пе? Яғни, Ол маған Құранда хабар береді немесе Пайғамбарға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үйретеді. Ендеше «ғайб» дегеніміз не? Бұл — біз көрмейтін, бірақ бар екенін білетін барлық нәрсе. Мысалы, Жәннат, Тозақ, жындар, жеті көк және Ұлы Аллаһтың Өзі де ғайбқа жатады. Біз Оның сипаттары жайында Ол бізге хабарлағаннан басқа ештеңе білмейміз, біз Аллаһты көрген жоқпыз және Ол Өзін қалай сипаттаса, біз тек соны ғана білеміз. Міне, осының бәрі «ғайб» деп аталады.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿وَعِنْدَهُ مَفَاتِحُ الْغَيْبِ لَا يَعْلَمُهَا إِلَّا هُوَ وَيَعْلَمُ مَا فِي الْبَرِّ وَالْبَحْرِ وَمَا تَسْقُطُ مِنْ وَرَقَةٍ إِلَّا يَعْلَمُهَا وَلَا حَبَّةٍ فِي ظُلُمَاتِ الْأَرْضِ وَلَا رَطْبٍ وَلَا يَابِسٍ إِلَّا فِي كِتَابٍ مُبِينٍ ﴿٥٩﴾﴾

«Ғайыптың кілттері Аллаһта ғана, оны Одан басқа ешкім білмейді. Ол құрлықта не барын да, теңізде не барын да біледі, тіпті бір жапырақ түссе де, Ол оны біледі. Әрі Анық Кітапта жазылмаған бірде-бір дән, бірде-бір жас немесе құрағаған нәрсе жоқ» («әл-Әнғам» сүресі, 59-аят).

Бұл аятта қанша дәреже жайлы айтылған? Екі: біріншісі — білім, екіншісі — жазу. Ал біз бұған дейін айтқан дән жерге түспестен бұрын қанша дәрежеден өтеді? Төрт. Бұл тек дәнге қатысты ма? Жоқ! Бұл — жер бетіндегі бүкіл жаратылысқа қатысты!

Бұл тек себепке қатысты ма? Жоқ! Бұл нәтижеге де қатысты. Яғни, мейлі ол себеп болсын, мейлі нәтиже болсын — бәрі осы төрт дәрежеден өтеді. Тіпті атомға, нейтронға, протонға және басқа да бөлшектерге дейін — бәрі төрт дәрежеден өтеді: алдымен білім, сосын жазу, сосын қалау, содан кейін жарату. Біз бұл төрт дәреженің тек біреуін көре аламыз, ал қалғандарын көрмейміз және ол жайында ештеңе білмейміз, яғни біз әлдебір нәрсені ол нәрсе пайда болғаннан кейін ғана білеміз.

Алайда кейбір адамдар өздерін ғайыпты білеміз деп жариялайды. Бұлар — балгерлер, сиқыршылар және алаяқтар. Аллаһ Тағала Құранда: **«Ғайыптың кілттері Аллаһта ғана, оны Одан басқа ешкім білмейді!»** — деп айтты. Ал әлгі сиқыршы болса: «Жоқ, мен де білемін», — дейді. Жарайды, ол — кәпір, оған сенетін адамдар да кәпір, бұл түсінікті. Бірақ, ауыр мәселе — мұсылмандардың да оларға сенуі.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿إِنَّ اللَّهَ عِنْدَهُ عِلْمُ السَّاعَةِ وَيُنَزِّلُ الْغَيْثَ وَيَعْلَمُ مَا فِي الْأَرْحَامِ وَمَا تَدْرِي نَفْسٌ مَّاذَا تَكْسِبُ غَدًا وَمَا تَدْرِي نَفْسٌ بِأَيِّ أَرْضٍ تَمُوتُ إِنَّ اللَّهَ عَلِيمٌ خَبِيرٌ﴾^(٣٤)

«Әрине, Қиямет мерзімінің білімі тек Аллаһта ғана. Жаңбырды Ол ғана жаудырады әрі Ол ғана жатырлардағы-

ны біледі. Ешкім ертең не істейтінін білмейді әрі ешкім қай жерде өлетінін де білмейді. Күдіксіз, Аллаһ — толық Білуші, Хабардар» («Луқман» сүресі, 34-аят).

Бақсы-балгерлер: «Сен пәленшеге үйленесің, сен пәлен жерге барасың, сен осында боласың», — деп айтады. Аллаһ Тағала былай деген: **«Ешкім ертең не істейтінін білмейді әрі ешкім қай жерде өлетінін де білмейді. Күдіксіз, Аллаһ — толық Білуші, Хабардар».**

Ал мына сиқыршылардың көбі өзін мұсылман деп таныстырады, үйінде Құран ұстайды, ал надан адамдар оларға барып, сенеді. Олар: «Біз білеміз!» — дейді. Жоқ! Жасырын нәрселерді (ғайыпты) Аллаһқа жақын періште де, жіберілген пайғамбар да білмейді. Ол жайлы тек Аллаһ қана біледі, және Ол бізге Құранда Өзі хабарлаған.

Сондықтан Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген: **«Кімде-кім балгерге немесе сиқыршыға барып, оның айтқанына сенсе, сол Мухаммадқа уахи етілген нәрсеге күпірлік еткен болады».**

Яғни, сен Аллаһ Тағаланың: **«Ғайыптың кілттері Аллаһта ғана»**, — деп хабарлағанын, әрі: **«Ешкім ертең не істейтінін білмейді әрі ешкім қай жерде өлетінін де білмейді»**, — дегенін естіген соң, осы сиқыршыға барасың ба? Ол: «Саған мынадай болады», — деп айтқанда, сен оған сенесің бе?! Онда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) дәл сен жайлы: **«Мухаммадқа уахи етілген нәрсеге күпірлік еткен болады»**, — деген болатын. Демек, олардың бәрі — өтірікшілер. Бұл сиқыршылар мен экстрасенстер Аллаһтың ілімінде не бар екенін білмейді. Ешбірі Аллаһтың не қалағанын да білмейді.

Осылайша, біз үш дәрежені білмейміз, ал төртіншісін білеміз, өйткені оны көреміз. Ғұламалар айтқандай, алғашқы үш дәреже **«әл-қада»** деп аталады, ал төртіншісі — **«әл-қадәр»**. Аллаһ Тағала қалаған соң, «Бол!», — деп бұйырады, сол сәтте

ол пайда болады! Осылайша, жасырын болған нәрсе айқынға шығады. Бұл дәреже «**әл-қаdәр**» деп аталады.

Сондықтан адамдар: «Біз «қада» мен «қаdәрға» иман келтіреміз», — дейді, бірақ мүмкін олардың көбі оның дәл осы тәртіппен болатынын білмейді де. Бәлкім, мұны естіп келген болуы, бірақ «**қада**»-ны бірінші, «**қаdәр**»-ді екінші орынға қою керегін түсінбеген. Сол себепті ғұламалар: ««Әл-қада» — көкте, ал «қаdәр» — жерде», — деп айтады. Өйткені «қада» — жасырын, ал «қаdәр» — төртінші дәреже, жер бетінде жүзеге асады.

Христиандар: «Біз Исаға құлшылық етеміз, өйткені ол әкесіз дүниеге келді, бұл — мұғжиза, демек, ол — Құдай немесе Құдайдың ұлы», — дейді. Жоқ, Аллаһтан басқа ешкімде күш те, қуат та жоқ! «Қада» мен «қаdәр» туралы, тағдыр жайлы білгеннен кейін мына аятты тыңдаңдар, сонда бәрі айқын әрі түсінікті болады. Аллаһ Тағала Мәриям сүресінде былай деген:

﴿ذَٰلِكَ عِيسَى ابْنُ مَرْيَمَ قَوْلَ الْحَقِّ الَّذِي فِيهِ يَمْتَرُونَ ﴿٢١﴾ مَا كَانَ لِلَّهِ أَنْ يَتَّخِذَ مِنْ وَلَدٍ سُبْحَنَهُ إِذَا قَضَىٰ أَمْرًا فَإِنَّمَا يَقُولُ لَهُ كُنْ فَيَكُونُ ﴿٢٢﴾ وَإِنَّ اللَّهَ رَبِّي وَرَبُّكُمْ فَأَعْبُدُوهُ هَذَا صِرَاطٌ مُسْتَقِيمٌ ﴿٢٣﴾﴾

«Міне, осы — олар күмәнданған Мәриям ұлы Иса жайындағы Аллаһтың хақ сөзі. Аллаһтың баласы болуы мүмкін емес. Аллаһ — (бұндайдан) Пәк. Ол бір істің болуын қаласа, оған тек: «Бол», — дейді. Сонда ол бола қалады. Күдіксіз, Аллаһ — менің де Раббым әрі сендердің де Раббыларың. Ендеше Оған ғана құлшылық қылыңдар. Тура жол — осы» («Мәриям» сүресі, 34–36-аяттар).

Аллаһ Тағала Өзінің Құдіретімен және Білімімен нәрселерге: «Бол!» — дейді, сонда олар пайда болады. Жаратылыстардағы барлық нәрсенің себебі — Оның жаратқаны. Яғни, барлық себеп — Аллаһтың жаратқаны, және Ол жаратқан нәрсенің себебі болмайды. Яғни, «Аллаһ пәлен себеппен жарат-

ты», — деп айтуға болмайды. Ондай жоқ. Аллаһ Тағала бір нәрсені қаласа, оған тек: «Бол!» — дейді, сонда ол пайда болады.

Одан: «Сен не істедің?» немесе «Неге істедің?» — деп сұралмайды, бірақ адамдар сұралады. Біз, яғни адамдар мен барлық жаратылыстар, себеп пен нәтиже заңына бағынатындай етіп жаратылғанбыз. Мейлі адамдар болсын, мейлі өзге жаратылыстар болсын, жер бетіндегі бүкіл нәрсе себеп-салдар заңына бағынады. Мысалы, сен дән ексең, одан масақ шығады. Егер екпесең, масақ шықпайды. Аллаһ бұл себептерді біз оларды қолдануымыз үшін жаратты. Сондай-ақ, бұл себептерді біз үшін сынақ етіп жаратты. Өйткені Аллаһ Тағала бұл дүниені құлдарын сынау үшін жаратты, және барлық себеп — адамдарға сынақ.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Амал етіңдер! Әркімге ол не үшін жаратылған болса, сол жеңіл етіледі»**, — деді. Яғни, себептерді алыңдар, және әркімге ол ұмтылған нәрсеге жету жеңілдетіледі.

Мұнда аздап тақырыптан шығып, бір оқиғаны еске алайық: Бірде Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сахабаларына: **«Әркімге Тозақтағы орны да, Жәннаттағы орны да алдын ала жазылған»**, — деп хабар берді. Сонда сахабалардың бірі: **«Онда біз неге бірдеңе істеуіміз керек? Егер менің қайда болатыным жазылған болса, мен қаласам да, қаламасам да өзіме жазылған жерге барамын ғой»**, — деп сұрады. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Амал етіңдер! Әркімге ол не үшін жаратылған болса, сол жеңіл етіледі»**, — деді де, Аллаһ Тағаланың мына сөздерін келтірді:

﴿فَأَمَّا مَنْ أَعْطَى وَاتَّقَى ۖ وَصَدَّقَ بِالْحُسْنَى ۖ فَسَنِيَرُهُ ۖ
لِلْيُسْرَى ۖ﴾

«Ал енді әлдекім (садақа) берсе, тақуалық қылса, жақсылықты мойындаса, онда оның жолын жеңілдетеміз» («әл-Ләйл» сүресі, 5–7-аяттар).

Сондықтан біздің заманда көптеген адамдар арақ ішеді, зина жасайды, кейін: «Маған Аллаһ алдын ала жазып қойған, сондықтан мен осылай істеймін», — дейді. Жоқ! Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Амал етіңдер! Ол не үшін жаратылған болса, сол жеңіл етіледі»**, — деді.

Жақсы, біз оған нақты сұрақ қоямыз. Келесі сұрақтарды есте сақтаңдар, осындай адамдарды өз орнына қою үшін дәл осылай сұрақ қойыңдар.

Бірінші сұрақ: — Жәннат пен Тозақ бар екенін білесің бе?

Ол: — Иә, — деп жауап береді.

Екінші сұрақ: — Сен Жәннатқа немесе Тозаққа түсетініңді білесің бе?

Ол: — Жоқ, — деп жауап береді.

Үшінші сұрақ: — Жәннатқа немесе Тозаққа қалайша түсетініңді білесің бе?

Ол: — Иә, егер жақсы амалдар жасасам, Жәннатқа түсемін, ал жаман амалдар жасасам, Тозаққа түсемін, — деп жауап береді.

Төртінші сұрақ: — Қайда түсуді қалайсың — Жәннатқа ма, әлде Тозаққа ма?

Ол: — Жәннатқа, — деп жауап береді.

Бесінші сұрақ: — Онда саған Жәннатқа түсуге не кедергі?

Егер сен Жәннат пен Тозақ бар екенін білсең, егер Жәннатқа немесе Тозаққа түсетініңді білмесең, егер Жәннатқа немесе Тозаққа қалай түсетініңді білсең, егер Жәннатқа түсуді қаласаң, онда сені Жәннатқа апаратын істерді істе. Ал егер Жәннатқа түсуді қаламасаң және Тозаққа қалай түсетініңді білсең, онда сені Тозаққа апаратын істерді істе. Міне, осы Пай-

ғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сөздерін растайды.

Аллаһ Тағала жаратылыстарды әрі себептер арқылы әрі себепсіз жаратады. Аллаһ Тағала себептер арқылы жаратқан нәрсе «қалыпты нәрсе» деп аталады, ал себепсіз жаратқан нәрсе «ерекше (табиғаттан тыс) нәрсе» деп аталады. Бұл екі нәрсе, мейлі қалыпты болсын, мейлі табиғаттан тыс болсын, барлығы да Аллаһтың құдіретінде. Мысал келтірейік: адам пайда болуы үшін 12 сатыдан өтуі керек. Мысалы, бала туралы айтсақ: бала дүниеге келмей тұрып 4 нақты сатыдан өтеді:

- 1) бала Аллаһ Тағаланың білімінде болды;
- 2) Кітапқа жазылды;
- 3) Аллаһ Тағала қалады;
- 4) Аллаһ Тағала оны жаратты.

Бұл бала анасы мен әкесінің себеп болуымен пайда болды. Ана да 4 сатыдан өтті, әке де 4 сатыдан өтті. Егер $4 + 4 + 4$ қоссақ, 12 шығады. Бұл — «қалыпты нәрсе» деп аталады.

Енді Мәриямның ұлы Исаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) назар аударайық: ол қалыпты нәрсеге жата ма, әлде ерекше ме? Иса (оған Аллаһтың сәлемі болсын) өзі 4 сатыдан өтті:

- Аллаһ Тағаланың білімінде болды;
- Кітапқа жазылды;
- Аллаһ қалады;
- Жаратты.

Анасы Мәриям (оған Аллаһтың сәлемі болсын) да 4 сатыдан өтті. Демек, Иса (оған Аллаһтың сәлемі болсын) 8 сатыдан өтті. Бұл қалыптыдан аз, себебі қалыптысы — 12, ал бұл — 8. Сондықтан бұл «ерекше нәрсе» деп аталады.

Сондықтан Аллаһ Тағала Құранда былай деген:

﴿وَاذْكُرْ فِي الْكِتَابِ مَرْيَمَ إِذِ اتَّيَدَتْ مِنْ أَهْلِهَا مَكَانًا شَرْقِيًّا ﴿١٦﴾
فَاتَّخَذَتْ مِنْ دُونِهِمْ حِجَابًا فَأَرْسَلْنَا إِلَيْهَا رُوحَنَا فَتَمَثَّلَ لَهَا بَشَرًا
سَوِيًّا ﴿١٧﴾ قَالَتْ إِنِّي أَعُوذُ بِالرَّحْمَنِ مِنْكَ إِنْ كُنْتَ تَقِيًّا ﴿١٨﴾ قَالَ إِنَّمَا أَنَا
رَسُولُ رَبِّكَ لِأَهْبَ لَكَ غُلَامًا زَكِيًّا ﴿١٩﴾ قَالَتْ أَنَّى يَكُونُ لِي غُلَامٌ وَلَمْ
يَمَسْسَنِي بَشَرٌ وَلَمْ أَكُ بَغِيًّا ﴿٢٠﴾ قَالَ كَذَلِكَ قَالَ رَبُّكَ هُوَ عَلَى هَيْنٍ
وَلِنَجْعَلَهُ آيَةً لِلنَّاسِ وَرَحْمَةً مِنَّا وَكَانَ أَمْرًا مَقْضِيًّا ﴿٢١﴾﴾

«(Мухаммад), Құрандағы Мәриямды еске ал. Ол тұрған үйінің шығыс жағындағы бір орынға оңаша кетті. Сөйтіп олардан (адамдардан) шымылдықтың артында оқшауланды. Сосын, оған рухымызды (Жебірейілді) жібердік те, ол оған кемел адам бейнесінде көрінді. (Мәриям): «Егер сен әрине тақуа болмасаң, мен сенен Аса Мейірімдіге (Аллаһқа) сиынамын», — деді. (Рух): «Расында, мен саған бір таза бала беруге жіберілген Раббыңның елшісімін», — деді. Мәриям: «Маған ешбір ер адам жоламаған болса, сондай-ақ, мен жезкөкше болмасам, менде қалайша бала болады?», — деді. (Жебірейіл): «Осылай! Өйткені Раббың: «Бұл Мен үшін оңай. Оны (баланы) адамдар үшін бір аят-белгі және Біздің тарапымыздан бір мейірім етеміз. Бұл — шешілген іс» — деді» (Мәриям» сүресі, 16–21-аяттар).

Пайғамбардан (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) келген хадисте былай делінген: «Ана құрсағындағы бала 4 айға, яғни 120 күнге толғанда, періште келіп жазады». Хадистің басында Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деді: «Әйелдің құрсағына шәует түскенде, періште оны өз қолына алып, Аллаһқа: «Оны жаратасың ба, жоқ па?» — деп сұрайды». СубханаЛлаһ! Бұл — жасырын нәрсе, адам бұны өздігінен біле алмайды.

Бұл сахих хадисте былай деп айтылған: «Періште келіп, сол шәуетті алып, Аллаһтан: «Мынаны жаратасың

ба?» — деп сұрайды. Өйткені кейде ерлі-зайыпты жылдар бойы бірге өмір сүрсе де, балалары болмайды. Ал кейде бала дүниеге келеді. Сонда Аллаһ Тағала: «مُحَلَّقٌ» — «Иә, жаратамын», — дейді. Сосын періште: «أَنْتَ أَوْ أُنْثَى?» — «Ұл ма, әлде қыз ба?» — деп сұрайды. Аллаһ Тағала ер не қыз екенін айтады», — және хадис соңына дейін осылай жалғасады.

Жәбрейіл (оған Аллаһтың сәлемі болсын) Мәриямға: «Мен саған бір таза бала беруге жіберілген Раббыңның елшісімін», — яғни періштенің рөлін атқару үшін келдім, — деп айтқанда, ол, яғни ұл бала дүниеге келетіні жайлы естіген соң: «Маған ешбір ер адам жоламаған болса, менде қалайша бала болады?» — деді. Өйткені әдеттегі жағдайларда (عادات), адам екі жолмен дүниеге келеді: біріншісі — некелесу арқылы, яғни әйел ерге тұрмысқа шығады да, одан бала туады; екіншісі — әйел зинақорлық жасайды. Сол себепті Мариям (оған Аллаһтың сәлемі болсын) осылай айтты. Ол әдеттегі (في العادات) себептерді білген, яғни менде бала дүниеге келуіне себеп жоқ еді деген. «Менде қалайша бала (немесе ұл) болады? Маған ер кісі жақындамаған, әрі мен ешқашан бұзылған әйел болмағанмын», — деді.

Содан кейін Жәбрейіл: «Бұл — Раббыңның сөзі: “Бұл Мен үшін оңай”», — деді. Бұл — Аллаһ Тағаланың мына сөзі: «Бұл Мен үшін оңай. Оны (баланы) адамдар үшін бір белгі және Біздің тарапымыздан бір мейірім етеміз. Бұл — шешілген іс», яғни бұл — Аллаһ Тағаланың қалауымен болды. Көріп тұрсыз ба, тағы да قضاء (тағдыр үкімі) мәселесі? Аллаһ Тағала Исаға (оған Аллаһтың сәлемі болсын) қатысты бар болғаны қанша саты болуын қалады? Сегіз саты. Ол оған «كُنْ» («Бол»), — деді, және ол пайда болды. Өйткені сабақтың басында айтқанымыздай, Аллаһ Тағала себептерді қалай жаратса, нәтижелерді де солай жаратады. Аллаһ Тағала себепті жаратып, нәтижені жаратпауы мүмкін, сондай-ақ нәтижені себепсіз де жарата алады.

Қараңыздар, Аллаһ Тағала Құранда:

﴿هُوَ عَلَيَّ هَيِّنٌ﴾

«Бұл — Мен үшін оңай», — деген («Мәриям» сүресі, 21-аят).

Мұнда: «Аллаһ үшін бір нәрсе оңай, бір нәрсе қиын деген бар ма?» — деген сұрақ туындайды. Жоқ. Онда неге Аллаһ Тағала бұл сөзді айтты? Құранда бірде бір артық әріп жоқ. Аллаһ Тағала бізге не айтты? Исаның (оған Аллаһтың сәлемі болсын) туу оқиғасы — عادات әдетті жағдайдан тыс, яғни ол табиғи он екі сатыдан өтпей, бар болғаны сегіз сатыдан өтті (في خوارق العادات — әдетті табиғи жағдай).

Көрдіңіз бе, қаншама рет біз осы аяттарды оқып, бұған мән бермегенбіз. Ал сен осы аятқа ақида тұрғысынан қарасаң, бойыңды толқыныс алады. Таухид иелері үшін кәдімгі (әдеттегі) мен ерекшеленген нәрселердің арасында еш айырмашылық жоқ, өйткені олар: нәтижені де, себепті де жаратқан Аллаһ екендігін біледі. Аллаһ Тағала себептерді жаратады, содан кейін сол себептерден басқа себептерді жаратады, әрі Ол осы себептерді басқарады. Ал себептер Оның Өзіне еш әсер ете алмайды.

Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ﴾

«Ол тумаған және туылмаған» («әл-Ихлас» сүресі, 3-аят).

Ол бізге Өзінен басқа барлық нәрсе осы заңға, яғни себеп пен нәтиже заңына бағынатынын түсіндіргісі келді. Өйткені жер бетіндегі барлық нәрсе не себеп, не нәтиже болып табылады.

﴿أَفَرَأَيْتُمْ مَا تَحْرُثُونَ ﴿٦٣﴾ ءَأَنْتُمْ تَزْرَعُونَهُۥٓ أَمْ نَحْنُ الزَّارِعُونَ ﴿٦٤﴾﴾

«Ал енді екендеріңді көрдіңдер ме? Оны сендер өсіресіңдер ме? Әлде Біз өсіреміз бе?» («әл-Уақиға» сүресі, 63–64-аяттар).

СубханаЛлах, біз себептер жайында айтқанымыздай, Аллаһ Тағала бізге себеп жаратты, ол — дән, дұрыс па? Біз бұл дәнді жерге егеміз. Арамыздан біреу жерді қазып, дәнді ашып, одан өскін шығара алады ма? Әлде ол өзі өсіп шыға ма? Сондықтан Аллаһ Тағала бізден:

﴿أَفَرَأَيْتُم مَّا تَحْرُثُونَ ﴿١٣﴾ أَأَنْتُمْ تَزْرَعُونَهُٗ أَمْ نَحْنُ الزَّارِعُونَ ﴿١٤﴾﴾

«Ал енді еккендеріңді көрдіңдер ме? Оны сендер өсіресіңдер ме? Әлде Біз өсіреміз бе?» — деп сұрады («әл-Уақиға» сүресі, 63–64-аяттар).

Мұсылман-муаххид (яғни бірқұдайшыл) адам жерге дән салғанда: «БисмиЛләһ», — дейді. Неге? Өйткені ол бұл дәннің себеп екендігін біледі, ал ол себепті кім жаратты? — Аллаһ! Ол оны жерге салғаннан кейін нәтижені күтеді. Және ол нәтиже де Аллаһтан екенін біледі. Сондықтан ол ешқашан дәнге сеніп үміт етпейді, керісінше кімге тәуекел етеді? — Аллаһ Тағалаға. Өйткені бұл дәннен масақ тек Аллаһтың рұқсатымен ғана шығады.

Бұл муаххид ешқашан дәнге (яғни себепке) сүйенбейді, өйткені ол себеп те, нәтиже де Аллаһтың жаратылысы екендігін біледі. Міне, бұл — таухидтің өзі. Сондықтан біз өмірде кез келген себепті алсақ та, егер сен нағыз муаххид болсаң, ешқашан себепке сүйенбе. Бұл қандай іс болса да. Мысалы, біз, студенттер, емтиханға дайындаламыз. Бірақ сен дайындалғаныңа, жаттап алғаныңа сүйенбе. Аллаһ Тағалаға тәуекел ет. Өйткені сенің оқуыңды Аллаһ жаратса, нәтижені де жарататын — Аллаһ. Көпшілігіміз жаттаймыз, дайындаламыз, бірақ емтиханнан құлап қаламыз, солай емес пе? Өйткені себеп те, нәтиже де — Аллаһтың жаратылысы.

Дегенмен, бізге себептерді алу бұйырылды, өйткені себепсіз Аллаһ бізге нәтижені бермейді. Бұл — әдеттегі нәрсе, немесе дүниенің жаралу заңы — көбінесе біз *في العادات* (әдеттегі жағдайларда) өмір сүреміз, яғни нәтиже болуы үшін себеп

болуы керек. Және біз айтып өткендей, Аллаһ Тағала бұл себептерді бізді сынау үшін жаратты. Ал көпқұдайшылға келсек, ол себептерге сүйенеді, міне, осы жерде оның ширкке түскені байқалады.

Ал енді Қасиетті Құранға назар аударайық. Аллаһ Тағала Құранда бізге өте ғибратты бір оқиғаны баяндады. Оны көбіміз әр жұма сайын оқимыз. Бұл — «Кәһф» сүресіндегін оқиға. Аллаһ Тағала Құранда бізге екі кісі жайлы әңгімені баяндады. Бұл аятқа да таухид арқылы қараңыз:

﴿وَأَضْرِبْ لَهُم مَّثَلًا رَّجُلَيْنِ جَعَلْنَا لِأَحَدِهِمَا جَنَّتَيْنِ مِنْ أُعْنَبٍ
وَحَفَفْنَاهُمَا بِنَخْلٍ وَجَعَلْنَا بَيْنَهُمَا زَرْعًا ﴿٣٢﴾ كِلْتَا الْجَنَّتَيْنِ ءَاتَتْ أُكُلَهَا
وَلَمْ تَظْلِم مِّنْهُ شَيْئًا وَفَجَّرْنَا خِلَالَهُمَا نَهْرًا ﴿٣٣﴾ وَكَانَ لَهُ وَثْمٌ فَقَالَ
لِصَاحِبِهِ وَهُوَ يُحَاوِرُهُ أَنَا أَكْثَرُ مِنْكَ مَالًا وَأَعَزُّ نَفَرًا ﴿٣٤﴾ وَدَخَلَ
جَنَّتَهُ وَهُوَ ظَالِمٌ لِّنَفْسِهِ قَالَ مَا أَظُنُّ أَن تَبِيدَ هَذِهِ أَبَدًا ﴿٣٥﴾ وَمَا أَظُنُّ
السَّاعَةَ قَائِمَةً وَلَئِن رُّدِدْتُ إِلَىٰ رَبِّي لَأَجِدَنَّ خَيْرًا مِّنْهَا مُنْقَلَبًا ﴿٣٦﴾ قَالَ
لَهُ صَاحِبُهُ وَهُوَ يُحَاوِرُهُ أَكَفَرْتَ بِالَّذِي خَلَقَكَ مِنْ تُرَابٍ ثُمَّ مِنْ
نُّطْفَةٍ ثُمَّ سَوَّلَكَ رَجُلًا ﴿٣٧﴾ لَكِنَّا هُوَ اللَّهُ رَبِّي وَلَا أُشْرِكُ بِرَبِّي أَحَدًا ﴿٣٨﴾
وَلَوْلَا إِذْ دَخَلْتَ جَنَّتَكَ قُلْتَ مَا شَاءَ اللَّهُ لَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ إِن تَرَنِ أَنَا
أَقَلُّ مِنْكَ مَالًا وَوَلَدًا ﴿٣٩﴾ فَعَسَىٰ رَبِّي أَن يُؤْتِيَنِي خَيْرًا مِّنْ جَنَّتِكَ وَيُرْسِلَ
عَلَيْهَا حُسْبَانًا مِّنَ السَّمَاءِ فَتُصْبِحُ صَعِيدًا زَلَقًا ﴿٤٠﴾ أَوْ يُصْبِحَ مَاؤُهَا
غَوْرًا فَلَنْ تَسْتَطِيعَ لَهُ وَ تَلْبًا ﴿٤١﴾ وَحِيطَ بِثَمَرِهِ فَأَصْبَحَ يُقَلِّبُ كَفِّهِ
عَلَىٰ مَا أَنْفَقَ فِيهَا وَهِيَ خَاوِيَةٌ عَلَىٰ عُرُوشِهَا وَيَقُولُ يَلَيْتَنِي لَمْ أُشْرِكْ
بِرَبِّي أَحَدًا ﴿٤٢﴾﴾

«(Мухаммад), оларға екі адамның мысалын баян ет: Олардың біреуіне екі жүзім бақшасын жасап бердік

әрі оларды құрма ағаштарымен қоршап, арасына егін өсірдік. Екі бақша да жеміс беріп тұрды және одан ешнәрсе кемімеді, ал олардың араларынан өзен ағыздық. Оның (бақша иесінің) жемістері (байлығы) бар еді. Сонда ол жолдасымен сөйлесіп тұрып: «Менің мал-мүлкім мен (көмекші) адамдарым сенікінен көп», — деді. Ол өзіне зұлымдық еткен түрде бақшасына кірді де: “Бұл бір кезде жоқ болады деп ойламаймын. Әрі Қиямет күні болады деп те ойламаймын. Егер сонда да Раббыма қайтарылсам, әлбетте бұдан да жақсы нәрсеге ие боламын”, — (деді.) Жолдасы онымен сөйлесіп тұрып: “Сені топырақтан, содан кейін бір тамшы судан жаратып, содан соң адам еткен Аллаһқа иман келтірмейсің бе? Ал маған келетін болсақ, менің Раббым — Аллаһ, және мен Раббыма ешбіреуді серік қоспаймын. Сен бақшаңа кірген сәтте: “Бұл — Аллаһтың қалауы, Аллаһтан басқадан ешбір қуат жоқ” — деп неге айтпадың? Мал-мүлкім мен бала-шағам сенікінен көбірек дейсің, бірақ Раббым маған сенің бақшаңнан жақсырағын беруі мүмкін, және сенікінің (яғни сенің бақшаңның) үстіне көктен апат жіберуі мүмкін, сонда ол (ештеңе өспейтін) жылтыр жерге айналуы мүмкін. Немесе бақшаңның суы тартылып, оны әсте іздеп таба алмассың”, — деді. Оның бақшасы опат болды, және ол қирап жатқан бақшасына жұмсаған дүниесіне санын соғып өкініп: “Әттеген-ай! Раббыма ешкімді серік қоспағанымда ғой”, — деді» («әл-Кәһф» сүресі, 32–42-аяттар).

«Оларға екі адамның мысалын баян ет: Олардың біреуіне екі жүзім бақшасын жасап бердік әрі оларды құрма ағаштарымен қоршап, арасына егін өсірдік. (جَعَلْنَا) — Біз жасап бердік, яғни Аллаһ Тағала бұл істі Өзіне қатысты етті. Ол кісі егінді отырғызды ма? Иә, бірақ себепті кім жаратты? Аллаһ. Сондықтан Аллаһ Тағала: «Біз оған екі бақ жасап бердік», — деді).

Аллаһ Пәк, көз алдыңызға елестетіңіз: қақ ортасында жүзім, айналасында құрма, ал араларында егін алқаптары

өсетін — нендей әсем бақ! Осы екі бақ та жеміс беріп тұрды, әрі еш нәрсе зая кетпеді: «وَلَمْ تَظْلِمْ مِنْهُ شَيْئًا» — яғни ол алған әрбір себеп өз нәтижесін берді, әрбір дәннен өнім шықты.

«وَجَرْنَا خِلَاهُمَا نَهْرًا» — **«Араларынан өзен ағыздық»**. Өйткені құрма да, жүзім де, егін де мол суды қажет етеді. Сондықтан Аллаһ Тағала: **«Араларынан өзен ағыздық»**, — деді, яғни су көзі атқылап, бақтардың арасынан су жүрді.

Оған мол өнім берілді. Сонда ол өз жолдасына, өзі секілді әңгімелесіп тұрған серігіне тәкаппарланып: **«Менің мал-мүлкім мен (көмекші) адамдарым сенікінен көп»**, — деді. (Яғни, бәрін өзіне теліп, мұның бәрін берген Аллаһ екенін ұмытты).

Ол бағына кірді де, өз-өзіне зұлымдық жасап: **«Бұл бір кезде жоқ болады деп ойламаймын. Әрі Қиямет күні болады деп те ойламаймын. Егер сонда да Раббыма қайтарылсым, әлбетте бұдан да жақсы нәрсеге ие боламын»**, — деді. (Яғни, тәпсір ғалымдарының айтуынша, ол мұны мазақ етіп айтты: **«Егер маған осы өмірде берілсе, онда ана дүниеде одан да көп беріледі»**, — деп ойлады).

Оған жолдасы, яғни иман келтірген адам, былай деді: **«Сені топырақтан, содан кеін бір тамшы судан жаратып, содан соң адам еткен Аллаһқа иман келтірмейсің бе? Ал маған келетін болсақ, менің Раббым — Аллаһ, және мен Раббыма ешбіреуді серік қоспаймын»**.

Одан соң мұмин адам оны насихаттап: **«Сен бақшаңа кірген сәтте: “Бұл — Аллаһтың қалауы, Аллаһтан басқадан ешбір қуат жоқ” — деп неге айтпадың?»,** — деді. Яғни, мұның бәрі сен мықты болғаныңнан емес, еңбек еткеніңнен де емес, бұл Аллаһтың қалауымен. Аллаһ қалады, сондықтан бұл пайда болды. Сондықтан:

«مَا شَاءَ اللَّهُ لَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ» — **«Бұл — Аллаһтың қалауы, Аллаһтан басқадан ешбір күш-қуат жоқ»**, — деп айт», — деді.

Бұл аятта Аллаһ Тағала бізге келесі нәрсені үйретті: біз бір нәрсені көріп, ол бізге ұнап, әдемі болып көрінсе, біз: «مَا شَاءَ اللَّهُ لَا», — деп айтуымыз керек.

«مَا شَاءَ اللَّهُ» — бұл Аллаһ қаласа ғана болады (тағдырдың үшінші дәрежесі).

«لَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ» — күш-қуат тек Аллаһтан ғана, яғни бұл менің күшімнен, менің қуатымнан емес, барлығы Аллаһ Тағаланың қалауымен.

Ал өткен шақта біз: «قَدَرُ اللَّهِ وَمَا شَاءَ فَعَلَ» («Бұл Аллаһ Тағаланың тағдыр еткені және Ол қалағанын істеді»), — деп айтамыз. Ал болашақ жайлы айтсақ, Аллаһ Тағала Құранда былай деген:

﴿وَلَا تَقُولَنَّ لِشَئٍ إِنِّي فَاعِلٌ ذَٰلِكَ غَدًا ۖ ﴿٢٣﴾ إِلَّا أَنْ يَشَاءَ اللَّهُ﴾

«Еш нәрсені: “Осыны ертең істеймін”, — деп айтпа. Бірақ: “Аллаһ қаласа (жасаймын)”, — (де)» («әл-Кәһф» сүресі, 23–24-аяттар). Яғни: «Егер Аллаһ қаласа» демейінше, — «Ертең бір нәрсе істеймін», — деп айтпа,

Сондықтан біз өткен шақта: «قَدَرُ اللَّهِ وَمَا شَاءَ فَعَلَ», қазіргі шақта: «مَا شَاءَ اللَّهُ لَا قُوَّةَ إِلَّا بِاللَّهِ», ал болашақ жайлы: «إِلَّا أَنْ يَشَاءَ اللَّهُ», — деп айтамыз.

Содан соң мұмин адам өзінің серігіне ашуланып, сөзін жалғастырды. Бұл — Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) сүннеті: ол біреу Аллаһтың шекарасынан асса, Аллаһ үшін ашуланатын. Мұмин кісі кәпір адамның Аллаһты ұмытқанын, Аллаһ оны топырақтан жаратқанын, кейін тамшыдан, сосын оны толық адам еткенін ұмытқанын көріп, оған қарсы дұға жасады. Ол: «Раббым маған сенің бақшаңнан жақсырағын беруі мүмкін, және сенікінің (яғни, сенің бақшаңның) үстіне көктен апат жіберуі мүмкін, сонда ол (ештеңе өспейтін) жылтыр жерге айналуы мүмкін. Немесе бақшаңның суы тартылып, оны әсте іздеп таба алмассың», — деді.

Сөйтіп оның бақшасы жойылып, құрып кетті. Расында, Аллаһ Тағала иманды адамның дұғасын қабыл етті де, әлгі бақ жойылды. Сонда ол кісі жұмсаған күш-қуатына өкініп, санын соғып өкініп: **«Әттеген-ай! Раббыма ешкімді серік қоспағанымда ғой («يَا لَيْتَنِي لَمْ أَشْرِكْ بِرَبِّي أَحَدًا»)**», — деді. Яғни, ол себепке сүйенді, бірақ Аллаһқа тәуекел етпеді. Бұл — ширк. Аллаһ бізді ондайдан сақтасын!

Міне, бұл мысалда бірқұдайшылық пен көпқұдайшылықтың айырмашылығы көрсетілген. Егер біз **«لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ»** мағынасын түсінсек, автоматты түрде: **«لَا إِلَهَ إِلَّا اللَّهُ»** дейміз, яғни Аллаһтан басқа құлшылыққа лайық хақ құдай жоқ. Сондықтан өміріміздегі әрбір қадам таухидке негізделуі керек. Әрбір себепте біз Аллаһқа ғана тәуекел етуіміз керек. Әрбір іске таухид тұрғысынан қарауымыз қажет. Тек Аллаһ қана себепті де, нәтижені де жаратады, өзгертеді, басқарады. Сондықтан жүрегің себепке емес, Аллаһқа байлануы қажет. Міне, бұл — **حسن التوكل** (Аллаһқа дұрыс тәуекел ету), және бұл — **حسن الإستعانة** (Аллаһтан дұрыс жәрдем сұрау). Сондықтан ешқашан: «Ин шәә Аллаһ» сөздерінсіз, «мен ертең осылай істеймін» деп айтпа.

Аллаһ Тағала Құранда былай деген:

﴿وَلَا تَقُولَنَّ لِشَايٍ إِنِّي فَاعِلٌ ذَٰلِكَ غَدًا ۖ إِلَّا أَن يَشَاءَ اللَّهُ﴾

«Еш нәрсені: “Осыны ертең істеймін”, — деп айтпа. Бірақ: “Аллаһ қаласа (жасаймын)”, — (де)» («әл-Кәһф» сүресі, 23–24-аяттар).

Бұның барлығы біз өктен шақ жайлы айтқанда да, қазіргі кезді немесе болашақ жайлы сөз қозғамақ болғанда да, әрдайым Аллаһ Тағаланы еске алуымыз, оған құлшылық етуіміз үшін айтылған.

АЛҒАН БІЛІМДЕРІҢІЗДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. «Ол тумады да, туылмады» деген аят неге нұсқайды?

☐ Таухидке (бірқұдайшылыққа) және Аллаһтың себепте, нәтиже де емес екеніне, Оған ұқсас ешнәрсе жоқ екеніне нұсқайды;

☐ Тек таухидке ғана нұсқайды.

2. Себептер мен нәтижелердің Жаратушысы кім?

☐ Аллаһ;

☐ Нәтиженің Жаратушысы — Аллаһ, ал себептерді жаратылыстардың өздері жасайды.

3. Себептер міндетті нәрсе болып табылады ма және себептің артынан әрқашан нәтиже ілеседі ме? Және неліктен?

☐ Иә, міндетті түрде (себеп қажет), бірақ нәтиже әрқашан бола бермейді, сондай-ақ Аллаһ себепсіз де нәтиже бере алады;

☐ Жоқ, Аллаһқа тәуекел ету жеткілікті;

☐ Иә, міндетті түрде, егер дұрыс себеп болса, нәтиже әрқашан болады.

4. Тағдырдың қандай дәрежелері бар?

☐ 1. Білім 2. Жарату;

☐ 1. Білім 2. Жазу 3. Жарату;

☐ 1. Білу 2. Жазу 3. Қалау 4. Жарату

5. Барлық нәрсе себеп немесе нәтиже болып табылады. Бұл дұрыс па?

☐ Иә, Аллаһтан басқа барлық нәрсе себеп немесе нәтиже болып табылады;

☐ Жоқ, себептер өздігінен жасалады және нақты нәрсе болып табылмайды;

☐ Жоқ, нәтижелер өздігінен пайда болады және ол нақты нәрсе болып табылмайды.

6. Хадисті аяқтаңыз: Аллаһтың Елшісі (Оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): «Өздеріңе бұйырылған нәрселерді істеңдер, өйткені әрқайсысыңа», — деді.

☐ «ол не нәрсе үшін жаратылса, сол нәрсені істеу жеңілдетіледі»;

☐ «тағдырға жазылған нәрсе болады».

7. Дұрыс тұжырымды таңдаңыз. «Иса Пайғамбардың (оған Аллаһтың сәлемі болсын) туылуы — ...»

☐ Себепсіз болған нәтижеге мысал, яғни Аллаһ оны себепсіз жаратты, өйткені Мәриямның күйеуі болмаған;

☐ Жүктілік себебінен баланың әдеттегідей туылуы.

XIV. «Әрі Оған ешкім тең емес»

Аллаһ Тағала «әл-Ихлас» сүресінде: وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ — «**Әрі Оған ешкім тең емес**», — деді. «كُفُو» сөзі «мукафи» сөзінен алынған, яғни «тең» немесе «ұқсас» деген мағынаны білдіреді. Яғни, Аллаһ Тағала Оның Ұлылығына бір нәрсені немесе біреуді теңестіруді жоққа шығарады.

Ал енді осы сүренің бірінші аятын еске түсірейік: قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ — «**Оларға былай деп айт: Ол Аллаһ —Жалғыз**». Біз айттып өткендей: Ол үш нәрседе жалғыз:

Біріншісі — әр-Рубубия. Яғни Раббы болуы. Аллаһ Тағала — Жалғыз Раббы, әрі Одан басқа Раббы жоқ.

Екіншісі — әл-Улуһия. Яғни құлшылықта. Аллаһ Тағаладан басқа ешкім құлшылыққа лайықты емес.

Үшіншісі — әл-Әсма уәс-сыфәт. Яғни есімдері мен сипаттарында. Ол — Өзінің есімдері мен сипаттарында Жалғыз. Оған ұқсас есімдер мен сипаттарға ие ешкім жоқ.

Сондықтан, Аллаһ Тағала: وَلَمْ يَكُنْ لَهُ كُفُوًا أَحَدٌ — «**Және Оған ешкім тең емес**», — деп айтқанда, бұл үш нәрседе ешкім Оған тең емес дегенді білдіреді. Егер сен шынайы бірқұдайшыл (муаххид) болғың келсе, өзіңді Аллаһқа ұқсатпа. Яғни, бірінші теңестіру түрі — адамның өзін Аллаһқа ұқсатуы. Кейін, жаратылыстарды Аллаһқа ұқсатпа. Яғни, ешбір жаратылысты Аллаһ Тағалаға теңестірме. Үшінші түрі: Аллаһты жаратылыстардың біріне ұқсатпа.

Әрбіріміз өзімізге қарап, осы ұқсаулардың біріне түсіп калмадық па деп ойлануымыз керек. Егер біреуіміз шынымен осы ұқсаулардың біріне түсіп қалғанымызды байқасақ, онда тәубе етіп: «Лә иләһә иллә-Ллаһ», — деуіміз қажет. Себебі Аллаһ Тағала Құранда:

﴿إِنَّ اللَّهَ لَا يَغْفِرُ أَنْ يُشْرَكَ بِهِ وَيَغْفِرُ مَا دُونَ ذَلِكَ لِمَنْ يَشَاءُ وَمَنْ يُشْرِكْ بِاللَّهِ فَقَدْ افْتَرَىٰ إِثْمًا عَظِيمًا﴾

«Расында, Аллаһ Өзіне Өзіне серік қосқанды кешірмейді. Ал одан басқасын қалағанына кешіреді», — деген. Яғни, адам барлық үлкен күнәларды жасаса да — арақ ішіп, зина жасап, кісі өлтіріп, ұрлық жасап және тағы басқа бүкіл-бүкіл үлкен күнәларды істеп, сол күйінде қайтыс болса да, егер ол ешқашан Аллаһқа серік қоспаған болса, ол кісі Аллаһ Тағаланың қалауына қалдырылады. Егер Аллаһ қаласа, оны кешіріп, Жәннатқа кіргізеді, қаласа — оны азаптайды, бірақ бәрібір кейін мұндай адам Тозақтан шығарылады.

Ал басқа бір кісі 50, 60, 70 жыл бойы Аллаһқа құлшылық етіп, өмірінің барлығын мешітте өткізіп, тілінде тек қана «СубханаЛлаһ, уа әлхамдулиЛләһ, Лә иләһә иллә-Ллаһ» болып, түндерін намазда, күндерін оразада өткізсе де, бірақ Аллаһқа серік қосса, бұл адам жайлы Аллаһ біз олардың істеген амалдарын тозаңға айналдырамыз деген.

Сондықтан біз ұқсатудың осы түрлерін үйренуіміз керек, себебі бұл ұқсату ширк болып табылады. Біз ширкті не үшін білуіміз қажет? Оған ешқашан түспеуіміз үшін. Біз айтқанымыздай, ширк үш түрге бөлінеді. Біріншісі — адамның өзін Аллаһқа ұқсатуы. Екіншісі — адамның біреуді Аллаһқа ұқсатуы. Үшіншісі — адамның Аллаһты біреуге ұқсатуы. Өте көп адамдар өздерін Аллаһқа ұқсатады. Мүмкін, арамызда өзін ешқашан Аллаһқа ұқсатпағанмын деп ойлап жүрген, бірақ байқамай солай жасап қойған адам да бар шығар, бұл нәрседен Аллаһ Тағалаға сыйынып, пана тілеп жүгінеміз. Сондықтан егер ол мұны қателікпен жасап қойып, қазір білген болса, тәубе етіп: «Лә иләһә иллә-Ллаһ», — деп айтсын.

Ширктің бірінші түрінен, яғни адам өзін Аллаһқа ұқсатуынан бастайық. Аллаһ Тағала Құран Кәрімде былай деген:

﴿وَمَا خَلَقْتُ الْجِنَّ وَالْإِنْسَ إِلَّا لِيَعْبُدُونِ ﴿٥٦﴾﴾

«Мен жындар мен адамзатты өзіме құлшылық қылулары үшін ғана жараттым» («әз-Зәрият» сүресі, 56-аят). Демек, сенің жаратылуыңның мақсаты — құлшылық, яғни сен құлшылық қылу үшін жаратылдың. Сен құл болып жаратылдың. Мысал келтірейін. Мысалы, кран — судың ағуы үшін жасалды. Шам — жарық шығуы үшін жасалды. Көлік — міну үшін жасалды. Яғни, әрбір нәрсенің қолданылу орны бар. Егер сен оны өз орнында қолданбасаң, ол нәрсе бұзылады. Ол мүлде құриды.

Аллаһ Тағала бізді, яғни адамдарды, Өзіне құлшылық етулері үшін жаратты. Сондықтан қаласаң да, қаламасаң да, сен құлсың және сен Аллаһқа құлшылық етуің керек. Сен Аллаһқа құлшылық қылмасаң да, бәрібір Оның құлы болып қала бересің, бірақ ол кезде басқаға құлшылық қылатын боласың. Яғни, біз құл болу үшін жаратылғанбыз. Егер біз Аллаһқа құлшылық етпесек, онда басқаға құлшылық етеміз. Аллаһ Тағала Құранда:

﴿أَرَأَيْتَ مَنِ اتَّخَذَ إِلَٰهَهُ هَوَاهُ﴾

«Өз нәпсісін құдай етіп алғанды көрдің бе?», — деген. Демек, өз нәпсісін құдай етіп алатын адамдар бар. Яғни, ол Аллаһқа құлшылық етпейді. Сен оған: «Аллаһқа құлшылық қыл!» — деп айтсаң, ол: «Жоқ, маған бұл керек емес. Менің ақшам бар, үйім бар, көлігім бар. Мен көңіл көтеремін», — дейді. Яғни ол не нәрсеге құлшылық етіп жүр? Өз нәпсісіне. Әрқайсымыз осы шындықты білуіміз және мойындауымыз керек: барлығымыз — құлмыз. Және Аллаһ Тағала Құранның ең алғашқы аятында:

﴿الْحَمْدُ لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ ﴿١﴾﴾

«Әлемдердің Раббысы Аллаһқа бүкіл мақтау», — деп айтқан («әл-Фатиха» сүресі, 2-аят). Демек, барлық нәрсе екіге бөлінеді: Раббы және әлем. Аллаһ Тағаладан өзгенің барлығы осы әлемге жатады, ал Аллаһ — осы әлемнің Раббысы.

Егер адам Аллаһқа құл болғысы келмесе, ол басқа нәрсеге құл болады. Ол шайтанға, тасқа, пайғамбарға, ақшаға және басқа да нәрселерге құл болады. Жаратушы Аллаһ бізді осылай жаратты, бізді құл қылып жаратты. Сондықтан біз не Аллаһқа құлшылық етеміз, не басқа нәрсеге құлшылық етеміз. Сондықтан адам өзіне Раббылықты телей алмайды. Егер ол өзін Раббы деп атаса, ол өз-өзіне өтірік айтқан болады. Тіпті ол «мен Раббымын» деп тікелей айтпаса да, бірақ іс-әрекеттерімен өзін раббы етіп көрсеткісі келсе, бұл да өтірік. Мысал ретінде Нәмрудты алайық. Нәмруд — Ибраһиммен дауласқан патша. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿أَلَمْ تَرَ إِلَى الَّذِي حَاجَّ إِبْرَاهِيمَ فِي رَبِّهٖ أَنْ ءَاتَهُ ٱللَّهُ ٱلْمُلْكَ إِذْ قَالَ
إِبْرَاهِيمُ رَبِّىَ ٱلَّذِى يُحِىۦ وَيُمِيتُ قَالَ أَنَا ٱلْحَىۦءِ وَأُمِيتُ۟ قَالَ إِبْرَاهِيمُ فَإِنَّ
ٱللَّهَ يَأْتِى بِٱلشَّمْسِ مِنَ ٱلْمَشْرِقِ فَأْتِ بِهَا مِنَ ٱلْمَغْرِبِ فَبُهِتَ ٱلَّذِى كَفَرَ
وَٱللَّهُ لَا يَهْدِى ٱلْقَوْمَ ٱلظَّٰلِمِينَ ﴿٥٩﴾﴾

«(Мухаммад), өзіне Аллаһ патшалық берді деп, Ибраһиммен Раббы жайында таласқанын көрмедің бе? (Бұл Құдаймын деген бабыл патшасы Нәмруд). Сол уақытта Ибраһим: «Раббым өлтіреді және тірілтеді», — деді. Ол: «Мен де өлтіремін және тірілтемін», — деді» («әл-Бақара» сүресі, 258-аят). Тәпсірлерде айтылғандай, ол мұны дәлелдеу үшін екі тұтқынды әкеліп: «Мынау тірі қалады, ал сені өлім жазасына кесемін. Көрдің бе, Ибраһим?» — деді. Ол өзін-өзі алдағысы келді, өзі-өзіне өтірік айтты. Бұл тірілту және өлтіру ме? Бұл тек себеп қана. Әй Нәмруд, сен: «Мен тірілтемін, өлтіремін», — дейсің, ал сен өзің дүниеге келмей тұрып жүз жыл бұрын қайда едің? Сен өзің жоқ едің! Сондықтан өзіне Раббылықты телейтін адам

өзін-өзі алдап жатыр деген сөз. Яғни, барлық жаратылыс екі нәрсеге негізделген:

— Құлшылық қылынатын Құдайдың бар болуы;

— Және тағзыммен кішірейіп, төмен болатын құлшылық қылатын құлдың бар болуы.

Адам екіншісі болуы тиіс. Кері болған жағдайда ол өзін Раббы етіп көрсеткісі келеді. Және барлық құл Аллаһқа мойынсұнған кезде ғана өзінің тәртібімен жүреді. Осы арқылы ол Аллаһтың Жоғарылығын және Ұлылығын растайды. Неге? Өйткені әрбір құл осы үшін жаратылған.

Сондықтан адам Жаратушы Аллаһтың алдында қаншалықты көп кішіпейілділік пен мойынсұнушылық көрсетсе, соғұрлым ол құлшылық қылып жатқан Раббысын ұлықтап, Оған кемелдік сипаттарын телиді. Аллаһ Тағала біздердің Оған құлшылық етуімізге мұқтаж емес. Ешкім: «Мен құлшылық қылып жатырмын, Аллаһты ұлықтап жатырмын, “СубханаЛлаһ” деп айтып жатырмын, осылайша Оның билігіне бір нәрсе қосып жатырмын», — деп ойламасын. Жоқ!

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) құдси хадисте: «Аллаһ Тағала былай деді: *“Әй Адам баласы! Егер сендердің барлығың; әуелгілерің мен ақырғыларың, жындарың мен адамдарың, араларыңдағы ең тақуа адамның жүрегіндей жүрекке ие болсаңдар да, бұл Менің билігіме ештеңе қоспайды”*», — деп айтқан. Сондай-ақ Аллаһ Тағала: *«Егер сендердің біріншілеріңнен соңғыларыңа дейін, барлық жындар мен адамдар, араларыңдағы ең күнәхар адамның жүрегіндей жүрекке ие болсаңдар да, бұл Менің билігімнен ештеңе кемітпейді»*, — деген. Муслим, 2577.

Неге? Себебі біздің құлшылығымыз өзіміз үшін. Аллаһ Тағала оған мұқтаж емес. Сондықтан пайғамбар сахабаларына «әл-Әғлә» сүресін оқып,

﴿سَبِّحْ اسْمَ رَبِّكَ الْأَعْلَى﴾

«Аса Жоғары Раббыңның есімін дәріпте», — деген аятқа келгенде: «Бұл зікірді сәждеде айтыңдар», — дейтін. Сондықтан пайғамбардың сүннетінің бірі — сәждеде «Субхана Раббиял-Әғлә» деп айту. Қай жерде? Сәждеде, яғни маңдайыңды жерге қойған кезде. Дәл сәждеде, рукуғта емес. Рукуғ та — мойынсұну, рукуғ та — құлшылық. Алайда неліктен сәждеде? Өйткені сәжде — Аллаһ Тағаланың алдында ең ұлы кішірею мен мойынсұнуды білдіретін құлшылық түрі. Адам өзін Жаратушы Аллаһ Тағаланың алдында сәждедегідей дәрежеде төмендете де, бағына да алмайды. Және біз бұл туралы жоғарыда айтып өткендей, адам қаншалықты көп мойынсұнса, соншалықты ол Аллаһ Тағаланың ұлылығын растайды. Сондықтан, Аллаһ Тағала Оның алдында өзін төмендеткен, Оған бағынған адамға қандай сый беретіндігіне қараңыз. Қаншалықты көп мойынсұнсаң, Аллаһ Тағала дәрежеңді соншалықты көтереді.

Осыдағы ең жақсы үлгі — біздің пайғамбарымыз. Ол Аллаһ Тағаланың алдында өзін ең көп төмендеткен және Оған ең көп бағынған адам. Сондықтан ол Жәннаттағы ең жоғары дәрежеге ие болады. Ал егер біреу құлшылық қылғысы да, мойынсұнғысы да келмесе, дәл осы арқылы ол өзін Раббыға ұқсатқысы келеді. Адам Аллаһқа мойынсұнғысы келмесе, ол өзін Аллаһтың орнына қойғысы келгендей болады. Аллаһ оны құл болсын деп жаратты, ал ол құл болғысы келмейді. Ол: «Жоқ, мен құл болғым келмейді. Мен біреуге құлшылық қылғым келмейді, қайта маған құлшылық қылсын», — дегендей болады. Ақиқатында Аллаһ Тағала ондай адамды қор етеді. Кез келген пенде өз еркімен құл болғысы келмесе де, бәрібір Аллаһтың құлы болып қала береді. Егер ол өз еркімен құлшылық қылса, Жаратушы Аллаһ оны Жәннаттың жоғарғы бақтарына кіргізеді. Ол Аллаһ Тағалаға құлшылық қылмаса да, бәрібір Оның құлы болып қала береді және Аллаһ Тағала оны қор қылып, Тозақтың ең төменгі қабаттарына түсіреді. Егер сен құл болғың келмесе, демек сен тәкәппар болғың келеді, Аллаһ Тағаладан бізді бұдан сақтауын сұраймыз! Ал Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) былай деген:

«Ақиқатында, жүрегінде тозаңның салмағындай тәкәппарлығы бар адам Жәннатқа кірмейді». Енді әрқайсымыз біз қаншалықты тәкәппарлық көрсететіндігімізге қарауымыз керек. Біліңдер, тәкәппарлық көрсету — адамның өзін Раббыға ұқсатуы. Неге? Өйткені тәкәппарлық — Жаратушы Аллаһтың сипаты. Сондықтан өзіңді ешқашан Аллаһ Тағалаға ұқсатпа! Ешқашан тәкәппарлық көрсетпе! Өзіңді ширктен құтқар!

Тәкәппарлығы таудай болған адамдар бар, бірақ олар жайлы Аллаһ Тағала былай деді, мұқият болыңыздар. Аллаһ Тағала олардың жан тапсыру сәтін сипаттап:

﴿كَلَّا إِذَا بَلَغَتِ التَّرَاقِيَ ﴿٢٦﴾ وَقِيلَ مَنْ رَاقٍ ﴿٢٧﴾﴾

«(Тәкәппарлық қылғандардың) жаны бұғанаға жеткенде, олар: “Кім оны емдей алады?” — дейді». Яғни, «дәрігер әкеліңдер, кім оны құтқара алады?», — дейді.

﴿وَوَظَنَ أَنَّهُ الْفِرَاقُ ﴿٢٨﴾﴾

«Бірақ ол бұл — айырылысу екенін түсінеді». Яғни, бұл адам жан бұғанаға жеткенде, бұл — өлім екенін біледі.

﴿وَالْتَفَتِ السَّاقُ بِالسَّاقِ ﴿٢٩﴾﴾

«Және балтыры балтырына айқасады». Яғни, елестетіңіздер, ол жан тапсыру азабынан екі аяғы бір-біріне қысылады.

﴿إِلَىٰ رَبِّكَ يَوْمَئِذٍ الْمَسَاقُ ﴿٣٠﴾ فَلَا صَدَقَ وَلَا صَلَّى ﴿٣١﴾﴾

«Және сол күні Раббысына қайтарылады. Ақиқатында ол иман келтірмеді және намаз оқымады». Қараңыздар, иман келтірмеді және намаз оқымады. Сондықтан ғалымдар: «Намаз оқымаған адам — кәпір», — деген. Неге? Өйткені Аллаһтың алдында өзін төмендеткісі келмеген, сәждеге жығылғысы кел-

меген адам бұл арқылы өзін Аллаһ Тағаланың орнына қоюды қалағандай болады.

Яғни, сен: «Мен мұсылманмын», — дейсің, бірақ намаз оқығың келмейді. Дәлелде, мұсылман екенінді көрсет! Жүгін, сәждеге басыңды қой, жүзіңді жерге тигіз де: «Уа Раббым! Міне, мен Сенің құлыңмын, Сен — менің Раббымсың», — деп айт. Адамның намаз оқымауына тәкаппарлықтан бас қандай себеп болуы мүмкін?

Егер сен «жалқаулық» деп айтқың келсе, кейбіреулер намазды жалқаулықтан оқымайды дейді. Жарайды, «жалқаулық» деген сөзді де дұрыс түсіну керек. Адам кейде бір намазды жалқауланып оқымай қоюы мүмкін, немесе намазды уақытында оқымауы мүмкін, немесе бір күні жалқауланып намазды тастап қойып, келесі күні қайтадан оқуы мүмкін. Немесе аптасына бір рет намаз оқуы мүмкін. Бірақ намазды мүлде оқымайтын адам және «мен жалқаулықтан намаз оқымаймын» дейтін адам жоқ! Бұл жалқаулық емес. Бұл соғыс сияқты нәрсе! Сен ол намазды әдейілеп тастап отырсың.

Ғалымдар бірауыздан намазды әдейі тастайтын адамның кәпір болатынын айтқан! Ол кәпір, Исламнан шығады. Ал ғалымдар арасында қайшы пікір болғаны, ол — жалқаулығынан кейде намазын тастап қоятындарға қатысты. Сондықтан намазды мүлде оқымайтын адам туралы «ол жалқаулығынан оқымайды» деп айту дұрыс емес.. Жоқ, бұл жалқаулық емес. Бұл — намазды қасақана, әдейі тастау. Сондықтан Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) бізге: **«Біз бен мушриктердің арасындағы айырмашылық — намаз. Кімде-кім оны тастаса, кәпір болады»**, — деген.

Неге? Өйткені бұл мәселеге таухид тұрғысынан қарау керек. Егер адам Аллаһтың алдында кішіпейілділік танытып, құл болғысы келмесе, онда ол Раббы болғысы келеді, ол Аллаһқа құлшылық жасағысы келмейді, қайта керісінше, оған құлшылық жасалғанын қалайды. Бұл — күпір, бұл — ширк. Өйткені ол өзін Аллаһ Тағалаға ұқсатқысы келеді.

Сондықтан мұсылмандар ешқашан намазды тастамайды. Егер сен мұсылман болсаң, онда мұсылман екеніңді дәлелде. Аллаһ Тағалаға өз Исламыңды көрсет. Аллаһ Тағалаға сенің Оған тәкаппарлық көрсетпей, өзіңді Оған ұқсатпайтыныңды дәлелде. Ібіліске ұқсама. Өйткені шын мәнінде Ібіліс тәкаппарлығы себебінен кәпір болды. Аллаһ Тағала оған Адамға сәжде етуді, құрметпен тағзым жасауды бұйырған кезде, ол Аллаһтың әмірінің алдында тәкаппарлық танытып, бас тартты. Сондықтан оның соңы — Тозақ болады.

Ал егер сен де өзіңді ұлықтап, тәкаппарлық көрсетсең, бір күні сен де Перғауын айтқан сөзді, яғни: «Әнә роббукум ағлә!» — «Мен сендердің ең жоғарғы Раббыларыңмын!» — деп айтуың мүмкін. Неге? Өйткені Перғауын тәкаппарлық танытып, «Мен құл емеспін», — деді. Кейін үстіне тәкаппарлық қосыла берді. Ақырында бұл оны: «Әнә роббукум ағлә!» — «Мен сендердің ең ұлы Раббыларыңмын!» деуге жеткізді!

Ал Жаратушы Аллаһ оған не істеді? Жаратушы Аллаһ:

﴿فَأَخَذَهُ اللَّهُ نَكَالَ الْآخِرَةِ وَالْأُولَى ۝٦٥﴾

«Оны Аллаһ бұл дүниеде де, Ақыретте де азаппен ұстады», — деді. Яғни оны бұл дүниеде қалай азаптаса, Ақыретте де солай азаптайды.

﴿إِنَّ فِي ذَلِكَ لَعِبْرَةً لِّمَن يَخْشَى ۝٦٦﴾

«Шын мәнінде, бұда қорқатындарға (тақуаларға) ғибрат бар», — деді. Яғни, бұл біз үшін, ешқашан тәкаппарлық көрсетпеуіміз үшін ғибрат. Перғауын өзін Аллаһқа ұқсатты, бірақ Аллаһ оны жайына қалдырған жоқ.

Мына заманда, өте көп адамдар бар. Олар Аллаһқа қарсы тәкаппарлық көрсетіп қана қоймай, басқа жаратылыстарға да тәкаппарлық танытады. Кейбір адамдармен сөйлескенінде,

олар саған мұрнын шүйіріп қарайды. Әсіресе, егер Аллаһ оған аздаған мал-дүние берсе немесе билік берсе, онда оған жақындаудың өзі мүмкін болмай қалады. Ондай адамдар өздерін Аллаһқа ұқсатқысы келеді. Олар өздері ширкке түсіп жатады. Сондықтан, егер араларымызда біреулер белгілі бір қызметке ие болса немесе болашақта ие болатын болса, не болмаса олардың жақындарының бірі белгілі бір мансапқа қол жеткізсе, мысалы, бастық болса, әрқашан осыны естеріне салып отырыңдар.

Аллаһ Тағала Өзінің Пайғамбарына (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын):

﴿وَاحْفَظْ جَنَاحَكَ لِمَنِ اتَّبَعَكَ مِنَ الْمُؤْمِنِينَ﴾

“Мүминдерден саған ергендерге қанатыңды түсіріп жай”, — деді, яғни мүминдердің алдында өзіңді кішірейт, оларға қарапайым бол. Мүминдердің алдында өзіңді төмен қылу қажет. Егер Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) мүминдердің алдында өзін кішірейту бұйырылған болса, бізге тіпті одан да артық кішіпейіл болу керек. Ешқашан өзіңді өзгеден артық санаушы болма, тіпті сен намаз оқысаң да, тіпті сен ораза ұстасаң да, тіпті ғибадатың өте көп болса да. Жоқ! Оны Аллаһтың рахымы деп қара. Аллаһ Тағала саған Өзінің мейірімін көрсеткендіктен ғана, сен осы ғибадаттарды жасап жүрсің.

Және ешқашан адамдарды өзіңнен төмен санама. Өйткені бұл арқылы сен өзіңді Аллаһ Тағалаға ұқсатқандай боласың. Сондықтан да Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын): **«Кімнің жүрегінде тозаңдай тәкәппарлық болса, ол ешқашан Жәннатқа кірмейді»**, — деген. Әрі Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өзінің сахабаларына Аллаһтан өздерін ширктен аман етуді сұрап жалбарынатын дұғаны үйретіп, оны Құранды жаттауды бұйырығандай етіп бұйырды. Ол келесі дұға:

اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ أَنْ أَشْرِكَ بِكَ وَأَنَا أَعْلَمُ ، وَأَسْتَغْفِرُكَ لِمَا لَا أَعْلَمُ

«Уа Аллах! Мен Саған біле тұра серік қосудан сыйынамын әрі білмей серік қосып қойғанымна Сенен кешірім тілеймін».

Өйткені біз көп жағдайда, білместіктен, тәкәппарлық көрсету арқылы ширктің осы түріне түсіп қаламыз. Ендеше Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) **«Кімнің жүрегінде тозаңдай тәкәппарлық болса, ол ешқашан Жәннатқа кірмейді»** деген сөздері түсінікті болды деп ойлаймын.

Бұл ширктің, яғни көпқұдайшылықтың бірінші түрі. Біз Аллаһ Тағаладан бізді бұдан алыстатуын сұрап, өзімізді Аллаһ Тағалаға теңестірмеуіміз қажет.

Енді ширктің екінші түрін қарастырайық — бұл жаратылыстарды Аллаһ Тағалаға ұқсату. Яғни адамның біреуді Аллаһ Тағалаға ұқсатуы. Мысалы, перғауынды қарастырайық. Перғауын не себепті перғауын атанды? Ол: «Мен — сендердің ең ұлы Раббыларыңмын», — деді. Бірақ ол мұны Раббы болғандықтан айтқан жоқ, ол да жәй ғана пенде еді. Мәселе Мысыр халқының оны Раббы дәрежесіне дейін көтеріп, Аллаһ Тағалаға ұқсатқанында. Аллаһ Тағаланы ұлықтау мен Оның әлдебір жаратылысын ұлықтаудың арасындағы айырмашылық қаншалықты үлкен екендігіне қараңыз. Біз Аллаһ Тағаланы мақтап-мадақтаған сайын, Аллаһ Тағалаға жақындай түсеміз, осы арқылы біз оның жақсы көруіне және сый-сауабына қол жеткіземіз. Біз Аллаһ Тағаланы қаншалықты мақтап-мадақтасақ та, бұл бәрібір жеткіліксіз болады. Қаншалықты көп намаз оқысақ та, бұл бәрібір жеткіліксіз болады. Себебі біз өз құлшылығымызбен Аллаһ Тағаланың бізге берген нығметтері мен игіліктері үшін толық алғыс білдіре алмаймыз. Ал егер сіз Аллаһ Тағаладан басқа біреуді мадақтай бастасаңыз, біріншіден — сіз жалған сөз айтқан боласыз, екіншіден — егер ол адам өлсе, сізге кім көмек көрсетеді? Сондықтан Аллаһ Тағаланы ұлықтау

мен Аллаһ Тағаладан өзге біреуді ұлықтаудың арасында үлкен айырмашылық бар.

Қазіргі заманда мұсылмандар арасында, мысалы, олар бір мекемеге жұмысқа тұрғанда, онда қандай да бір басшыға бағынып, өзін қор қылуға мәжбүр екендігін жиі естуге болады, біз Аллаһ Тағалаға бұдан пана сұрап сыйынамыз. Адамның өзін төмен ұруы мен көркем мінездің арасында үлкен айырмашылық бар. Мұндай адамдармен көркем мінезбен сөйлесіңіз, бірақ олардың алдында өзіңізді қор етпеңіз. Ал қорлану қалай байқалады? Бұл сіз адамды оның бойында жоқ нәрселермен мадақтаған сәтте көрініс табады. Сондықтан егер сіз өзіңіңізде осы секілді нәрселерді байқасаңыз, Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) үйреткен дұғаны еске алыңыз:

اللَّهُمَّ إِنِّي أَعُوذُ بِكَ أَنْ أَشْرِكَ بِكَ وَأَنَا أَعْلَمُ، وَأَسْتَغْفِرُكَ لِمَا لَا أَعْلَمُ

«Уа Аллаһ! Мен біле тұра Саған серік қосудан сиынамын. Әрі білмей серік қосып қойғаннан Сенен кешірім тілеймін».

Барлық қиындық бүгінгі таңда көптеген мұсылмандар ширктің осы түріне түсетіндерінде. Яғни олар жаратылыстардың кейбірін Аллаһ Тағалаға ұқсатады. Қазіргі кезде жер бетінде, мысалы Ресейде, Түркістанда, Самарқанда, Булғарда, Кавказ өңірлерінде адамдар қабірдегі өлі адамдарға барып, олардан бір нәрсе сұрайды. Яғни олар бұл адамдарды Аллаһ Тағалаға: күш, құдірет, байлық, есту, білім және тағы басқа сипаттар тұрғысынан ұқсатып жатыр. Олар өлі жаратылыстарды тек Аллаһ Тағалаға ғана тән болған кейбір сипаттармен сипаттайды. Егер адам барып, бір нәрсе сұрайтын болса, демек ол адам оны көреді, естиді, оған әлдебір нәрсе беру немесе одан әлдебір нәрсені тойтару құдіретіне ие деп ойлайды. Аллаһ Пәк! Міне, осындай жаратылыстарды Аллаһ Тағалаға ұқсату түрі «ширк фи әл-улуһия» (Аллаһ Тағаланың Құдайлық сипаттарында серік қосу) деп аталады. Ал бірінші түрі — ширк фи

әр-рубубия, яғни Аллаһ Тағаланың Раббылығында серік қосу, бұл адам өзін Аллаһқа ұқсатқан кезде көрініс табады. Ал егер адам басқа біреуді Аллаһқа ұқсатса, бұл — Аллаһ Тағаланың Құдайлық сипаттарында серік қосу болып табылады. Қазіргі таңда қаншама жүздеген мың, тіпті миллиондаған мұсылмандар салиқалы адамдардың қабірлеріне барып, олардан бір нәрсе сұрап жатады.

Егер сіз әлбір нәрсе сұрағыңыз келсе, оны сізге беруге құдіретті болған байдан сұрауыңыз керек. Егер, мысалы, сіз қайыршыдан қарызға ақша сұрасаңыз, адамдар сізді келемеж етеді ғой. Ендеше, ұзақ уақыт бұрын жерленіп, өзінде тек кебіні ғана болған, ол кебінді де әлдеқашан құрттар жеп қойған біреуден қалайша көмек сұрауға болады?

Егер сіз біреуден бірдеңе сұрағыңыз келсе, онда еститін адамнан сұрауыңыз керек. Егер мен саңырау адамнан бір нәрсе сұрасам, ол мені естімейді, ал адамдар менің үстімнен күледі. Ал онда қалайша баяғыда қайтыс болған адамнан сұрауға болады?

Егер сіз біреуден бір нәрсе сұрағыңыз келсе, онда сізді көретін адамнан сұрауыңыз. Егер сіз соқыр адамнан бір нәрсе сұрасаңыз, ол бір затты алып, қабырғаға лақтыруы және немесе оны сізге емес, басқа бір адамға беруі мүмкін. Ендеше, қалайша сізді көрмейтін, естімейтін, қабірде жатқан, араларыңызда бірнеше метр жер болған адамнан көмек сұрауға болады? Қалайша миын әлдеқашан топырақ жеп қойған біреуден бірдеңе сұрауға болады?!

Демек, біз өзімізге, туыстарымызға, жұбайымызға қарап, өзіміздің немесе олардың Аллаһ Тағаладан басқа біреуге жүгініп, көмек сұрап жатқан жоқ па деген сұрақ қоюымыз қажет.

Бұл — ұқсатудың екінші түрі, және әрбіріміз бұдан сақ болуымыз қажет. Бұл — ширк фил-улуһия.

Үшінші түрі — Аллаһ Тағаланы жаратылыстарға ұқсату.

Кейбір адасқан топтар Аллаһ Тағаланы Оның жаратылыстарына ұқсатады. Бұл — таухид әл-әсма уә әс-сыфаттағы, яғни Аллаһ Тағалаға Оның құдайлық ең көркем есімдері мен ең кемел сипаттарында серік қосу. Аллаһ Тағала Құранда: **«Оған ұқсас ешнәрсе жоқ»** — деген. Біздің арамызда біреу Аллаһ Тағаланың қалай еститінін көрген бе? Жоқ. Аллаһ Тағаланың қалай көретінін көрген бе? Жоқ. Аллаһ Тағала Өзінің Жүзі бар деген. Оның Жүзін біреу көрген бе? Біз Оны көрген жоқпыз, сондықтан да Оны ешкіммен салыстыра алмаймыз. Сондықтан біз Оның Жүзіне, Естуіне және Көруіне қатысты: **«Оған ұқсас ешнәрсе жоқ»**, — деп айтамыз. Аллаһтың әлдебір сипаттары туралы естігенде, не оқығанды ойыңызда таза парақ секілді ақ экран болу керек. Өйткені сіз оларды көрмегенсіз әрі оларды ешнәрсемен салыстыра алмайсыз. Арамызда Аллаһ Тағаланы көргендер бар ма? Жоқ. Оны салыстыруға болатын бірдеңе бар ма? Жоқ. Сондықтан біз: **«Раббыңның Жүзі ғана қалады»** деген аятты оқығанда, сіздің ақ экраныңыз қандай таза қалпында болса, дәл солай таза күйінде қалуы керек. Сіз Оны көрген жоқсыз және сіз Оны ешнәрсемен салыстыра алмайсыз. Бұл — Оның барлық сипаттарына қатысты. Экранда ешнәрсе пайда болмауы тиіс. **Сіз Аллаһ Тағала Өзін сипаттаған нәрселерге иман келтіресіз, бірақ Оны ешкімге ұқсатпайсыз.**

Міне, Аллаһ Тағаланың сипаттарын әлдебір нәрселерге ұқсату — бұл ширктің үшінші түрі. Аллаһ Тағалаға ұқсас ешкім жоқ. Сіз Аллаһ Тағаланы көрген жоқсыз және сіз Оны ешнәрсемен салыстыра алмайсыз. Сондықтан да Аллаһ Тағалаға қатысты салыстырудың «тәмсил» және «шумул» түрлерін қолдануға тыйым салынған.

Қиястың үшінші түрі — «аулә» яғни, «одан да артық лайық» деген сөз арқылы жасалады. Мысалы, сіз бір адамнан қорқасыз, ол сізге бір нәрсе істеді бұйырса, сіз оны қорыққандықтан орындап, мысалы, намазды тастайсыз. Ал Аллаһ Тағала сізге: **«Намаз оқыңдар!»**, — деп айтып жатыр, алайда сіз қорқыныштан мұны орындамайсыз. Жоқ, бұл дұрыс емес. Ал-

лаһ Тағала Одан қорқуға одан артығырақ лайық. Бұл қиястың үшінші түрі.

Бұл мәселедегі әшғарилердің ақидасы:

Біз әлбір әшғари нанымындағы адамға: «Аллаһтың Қолы бар», — десек, ол: «Жоқ, Оның қолы жоқ, мұнда «құдірет» меңзеліп тұр», — деп жауап береді. Біз одан: «Бұны неден алдың?» — деп сұрасақ, ол: «Егер біз осылай айтсақ, Оның (Аллаһтың) Қолы біздің қолымыздай немесе осыған ұқсас болады», — дейді. Осылайша, олар Аллаһ Тағаланы Оның жаратылыстарымен салыстырады. Сондықтан, Аллаһ Тағаланың есімдері мен сипаттарында таухидті сақтаған адамға ұлы сый — Аллаһ Тағаланың Жүзін көру нығметі беріледі. Ал егер сіз Аллаһ Тағаланы біреумен салыстырсаңыз, онда: **«Ол күні олар Раббыларынан Тозақта жасырылады»**, яғни олар Оны көрмейді. Сондықтан да біз:

﴿لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ﴾

«Оған ұқсайтын ештеңе жоқ» («аш-Шура» сүресі, 11-аят), — деген аятты оқығанда, біз Ол ештеңеге ұқсамайтынын білуіміз қажет. Бізге әсер ететін заңдар Оған әсер етпейді. Мысалы, Аллаһ Тағала былай деген:

﴿الرَّحْمَنُ عَلَى الْعَرْشِ اسْتَوَى﴾

«Мейірімді (әр-Рахман) Аршыға көтерілді». «Истәуә» — яғни, көтерілді. Мен «истәуә» сөзін айтқанда, сіздің ойыңызда бір бейне пайда болды ма? Ал мен тақта отырған адам туралы айтсам, сіз мұны дереу елестетесіз, өйткені сіз адамның тақта отырғанын немесе осыған ұқсас нәрсені көргенсіз. Мен Аллаһ Тағала туралы айтқанда, сіздің ойыңызда ештеңе пайда болмауы керек. Бірақ кейбір адамдар Аллаһты жаратылыстарымен салыстырып, Аллаһ Аршынын үстінде емес, барлық жерде деп айтады. Олардан мұны не себепті айтып жатқандарын сұра-

саңыз: «Аллаһ адам сияқты тақта отыра алмайды», — деп жауап береді. Сіз Аллаһтың адам секілді отырғанын қайдан шығардыңыз? Біріншіден, Аллаһ бізге жеті аспан, одан кейін үлкен су бар екендігін айтқан. Біз жердегі су — H_2O екендігін білеміз. Бірақ біреу жеті аспаннан кейінгі судың химиялық формуласын зерттеген бе? Бұл судан соң Аршы бар, ал Аллаһ Аршының үстінде. Ол Оған Өзінің ұлылығына сай көтерілді, Ол жоғарыдан барлық нәрсені біледі, көреді, естиді. Аллаһ Тағаланың **«Сендер қай жерде болсаңдар да, Ол сендермен»** деген сөздердің мағынасы осы. Кейбір адамдардың ақылы Аллаһ Тағала Аршының үстінде дегенді қабылдамайды да: «Кешіріңіз, бірақ менің ақылым мұны қабылдамайды», — дейді. Қазіргі заманда кейбір адамдар: «Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) Аллаһты көктердің үстінде екенін айтқан қыздың күң екенін білді, сондықтан оны ақылы жетілмеген ғой деп ойлап, оны қоя салды», — дейді. Сонда, Пайғамбар (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) өтірік нәрсені растады деп айтуға болады ма? Өтірік кімнен шықса да, қандай бос сөз айтылса да Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) оны міндетті түрде түзететін.

Біреу келіп: «Сен Аллаһтың Аршыға көтерілгенін растап тұрсың. Жақсы, Ол мұны қалай істеді? Ол отыр ма, жатыр ма, тұр ма?», — деп сұрауы мүмкін. Біз (оған): «Сенің таухидті түсінуіңде кемшілік бар», — дейміз. Аллаһ Тағала былай деген:

﴿لَيْسَ كَمِثْلِهِ شَيْءٌ﴾

«Оған ұқсайтын ештеңе жоқ» («әш-Шура» сүресі, 11-аят). Сол себепті мен Оның Аршыға қалай көтерілгенін білмеймін. Неліктен? Өйткені мен Оны көрген жоқпын және Оны ешнәрсемен салыстыра алмаймын. Сондықтан, бір кісі имам Мәликке келіп: «Аллаһ Тағала Аршыға қалай көтерілді?», — деп сұрағанда, имам Мәлик оған қатты ашуланып, мына сөздерді айтты: «Аллаһтың (Аршыға) көтерілгені — белгілі, ал оның «қалай»

екені — белгісіз. Бұған иман келтіру — уәжіп, ал бұл туралы сұрау — бидғат».

Әшғарилер: «әл-Истәуә — «жаулап алды» деген мағынаны білдіреді», — дейді. Аллаһ біреумен соғысты ма? Құранды аударған бір аудармашы жайлы айтылған. Ол әшғарилік тәпсірді аударып жатқанда, «басып алды» деген сөзге келіп: «Мен Еуропа мен Америкалық адамдарға Аллаһ Тағала өз Аршысын «жаулап алды» деп аударамын ба? Мені ешкім түсінбейді, мұнда қате бар», — деген. Сөйтіп, ол басқа тәпсірлерді зерттей бастады. Нәтижесінде «истәуә» — «жаулап алды», «отыр», «жатыр» емес, «көтерілді» деген әһлу сунна уә әл-жамағаның сөздері мен пікірлерін тапты. Біз әшғарилерге: «Аллаһты Оның жаратылыстарына ұқсатып отырған сендерсіңдер», — деп жауап береміз. Олардың ақылдары тәшбихпен бұзылған кезде, олар тәуил жасай бастады. Міне, сол себепті бізге Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын) және сахабалар ұстанған ақиданы зерттеп, үйрену керек.

Немесе біреу: «Аллаһ қайда?», — деп айтуға болмайды, өйткені әр жердің шекарасы бар», — дейді. Бұл — философия. Иә, «Қайда?» деген сөз орынға қатысты. Алайда, жаратылыстар үшін орын бір, ал Аллаһқа қатысты бұл сөздің мағынасы басқа. Өлім періштесіне қатысты мысалды тағы да келтірейік. Егер біз бір адамды бір залға немесе жабық орынға қамап, үстінен бетон құйсақ және ішке ешкім тесік жасамай кіре алмаса, ол адам өледі ме, әлде өлмейді ме? Әрине, өледі. Олай болса, өлім періштесі ол жерге тесіксіз қалай кірді? Періштелердегі орын ұғымы адамдардағыдай емес. Ал періште — Аллаһтың жаратылысы ғана. Демек, біз өмір сүріп жатқан заңдар басқа жаратылыстарға қатыссыз. Адам Аллаһ Тағаланы ешкімге ұқсатпауы керек.

Егер біз осының бәрін түсінсек, біз «әл-Ихлас» сүресінің мағынасын түсінеміз.

Әрі басында да, соңында да әлемдердің Раббысы Аллаһқа бүкіл мақтаулар және пайғамбарымыз Мухаммадқа, оның отбасы мен сахабаларына Аллаһтың салауаты мен сәлемі болсын!

АЛҒАН БІЛІМІҢІЗДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Таухидке (бірқұдайшылыққа) қайшы келетін ұқсату-дың қандай түрлері бар?

☐ Адамның өзін Аллаһқа ұқсатуы және жаратылысты Аллаһқа ұқсату;

☐ Адамның өзін Аллаһқа ұқсатуы және Аллаһты біреуге ұқсату;

☐ Адамның өзін Аллаһқа ұқсатуы, жаратылысты Аллаһқа ұқсату, Аллаһты біреуге ұқсату.

2. Ширкті (көпқұдайшылықты) не үшін зерттеу керек?

☐ Оған түспеу үшін;

☐ Тек ол жайлы білу үшін ғана;

☐ Білу, дауласу және айыптау үшін.

3. Таухид әл-Әсмаи уә-с-Сыфатта ширктің қандай түрлері бар?

☐ Адамның өзін тәкаппарлықпен Аллаһтың алдында әрі Оның құлдарының (адамдардың) алдында жоғары қоюы арқылы өзін Аллаһ Тағалаға ұқсатуы;

☐ Жаратылыстарға Аллаһ Тағаланың сипаттарын телу арқылы оларды Аллаһқа ұқсату;

☐ Аллаһқа жаратылыстардың сипаттарын телу арқылы Аллаһты жаратылыстарға ұқсату;

☐ Барлық жауаптар дұрыс.

4. Қандай күнә Перғауынды «Мен сендердің ең жоғары Раббыларыңмын» деп айтып, осылайша күпірлік танытуға әкелді?

☐ Тәкаппарлық;

- ☐ Қарамағындағыларға деген нашар қарым-қатынас;
- ☐ Намаз оқымау.

5. Хадисті аяқтаңыз: «Кімнің жүрегінде тозаңдай тәкаппарлық болса,».

- ☐ «...ол Жәннатқа кірмейді»;
- ☐ «...ол бақытсыз болады»;
- ☐ «...ол күнәһар болады».

6. Аллаһтың сипаттары туралы, мысалы, «Қол» сипаты туралы айтқан кезде, біз ойымызда нені елестетуіміз керек?

☐ Біз ақ экранды, яғни ешнәрсені елестетпеуіміз керек, өйткені біз Аллаһты көрген жоқпыз, Оны ешнәрсемен салыстыра алмаймыз және Аллаһ Өзінің қолдары мен сипаттарының қандай екенін айтқан жоқ, біз оларға иман келтіріп, мағынасын растауымыз керек, ал олардың бейнесін Жалғыз Аллаһ қана біледі;

☐ Ешнәрсе елестетпеуіміз керек, өйткені Аллаһтың оған телінген нәрселерден Пәктеу үшін бұл сипаттарды бұрмалау қажет, осылайша қол дегеніміз — Құдірет;

☐ Ешнәрсе елестетпеуіміз керек, өйткені бұл сипаттарды жоққа шығару керек, себебі, егер біз Аллаһта Қол бар десек, онда ол менің қолыма ұқсайды, ал ешнәрсе Аллаһқа ұқсас бола алмайды.

7. Аллаһ Аршыға қалай көтерілді?

- ☐ Адамдар тақта отырғандай;
- ☐ Аллаһ Аршыға көтерілмейді, Аллаһ барлық жерде;
- ☐ Аллаһ Аршыға көтерілмеді, Аллаһ он жақта да емес, сол жақта да емес, үстіде де емес, астыда да емес;
- ☐ Аллаһ Өзінің Ұлылығына лайықты түрде көтерілді, ал Аллаһтың сипаттарының бейнесі туралы сұрау — бидғат.

МАЗМҰНЫ

I. Қабірде қойылатын сұрақтар	3
II. Таухид және оның артықшылығы	14
III. «Әл-Ихлас» сүресінің қадір-қасиеті	30
IV. Аллаһ Тағаланың бар болуына бұлтартпас дәлелдер	40
V. Аллаһ Тағаланың раббылықтағы жалғыздығы	51
VI. Аллаһ Тағала — құлшылыққа лайық жалғыз Құдай.....	62
VII. Таухид әл-әсма уә-с-сыфат	70
VIII. Құрандағы мухкам және муташабих аяттар.....	81
IX. Таухид әл-әсмаи уә-с-сыфаттағы негізгі қағидалар	88
X. Аллаһтың есімдері мен сипаттарына қатысты кейбір ада- сушылықтар	98
XI. «Аллаһ — Мұңсыз (Барлық нәрсе оған мұқтаж)».....	101
XII. Аллаһтың істеген әр ісінде даналық-хикмет бар	116
XIII. «Ол тумаған және туылмаған»	132
XIV. «Әрі Оған ешкім тең емес»	153

مَنْ رَبُّكَ؟

بلغة الكازاخية

تمت التأليف والترجمة بلغة الكازاخية بإشراف
د. هيثم سرحان
(غفر الله له)

<https://www.alsarhaan.com>

هيثم سرحان